

ИМАМ АБДУЛ-АЗИЗ ИБН БАЗ

شرح

سماحة الشيخ العلامة

عبد العزيز بن عبد الله بن باز


لكتاب

الأصول الثلاثة

للإمام محمد بن عبد الوهاب

ҚАБІРДЕГІ
ҮШ СҰРАҚ
ТҮСІНДІРМЕСІ

هسنگان



Шейх Абдул-Азиз ибн Абдуллаһ ибн Баз

имам Мухаммад ибн Сулейман әт-Тамимидің

«Қабірдегі үш сұрақ»

жолдауының түсіндірмесі

Қазақ тіліне аударған шейх Хайсам Сархан басшылығындағы
«Сунна» колледжі

1447/2025 ж.

بسم الله الرحمن الرحيم

Абдул-Азиз Ибн Баз қайырымдылық қоры ғылыми комитетінің алғысөзі

Бүкіл мақтау-мадақ Аллаһқа тән. Аллаһтың Елшісі Мухаммадқа, оның отбасына және сахабаларына және тура жолмен жүргендерге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын.

Ал содан соң:

«Абдул-Ғазиз Ибн Баз әл-Хойрия» қоры «Қабірдегі үш сұрақ» кітабына шейх Абдул-Ғазиз ибн Абдуллаһ ибн Баздың – Аллаһ оны рахымына бөлесін – жасаған түсіндірмесін қолдарыңызға ұсынуды қош көреді. Бұл кітап – имам, дінді жандандырушы, шейх Мухаммад ибн Абдул-Ваһһабтың (Аллаһ оны рахымына бөлесін) жазған «Үш негіз» атты еңбегі. Аталмыш басылым шейхтың ғылыми түсіндірмелері мен ескертпелерінен құралған кітаптар сериясы аясында жарық көріп отыр. Бұл – білім иелеріне арналған кітаптар қатарына кіреді.

«Қабірдегі үш сұрақ» кітабы – мағынасы аса пайдалы, қысқа әрі нұсқа еңбектердің бірі. Бұл кітапта Аллаһ Тағалаға, Оның дініне және Пайғамбарына (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) ықыласпен бойсұнатын құлдың ұстанымдары баяндалған. Кітаптың мазмұны Құран және Сүннет мәтіндерімен бекітілген. Ғылым иелері бұл кітапқа аса үлкен мән беріп, оны түсіндіріп, мағыналарын ашып жазды. Осы кітапқа ерекше мән бергендердің қатарында шейх Абдул-Азиз ибн Баз да бар. Ол (Аллаһ оны рахымын бөлесін) бұл кітапты мешіттерде бірнеше рет түсіндіріп, оның мағыналарын терең ашып, оның мақсатын айқын сөздермен әрі жеңіл үлгіде жеткізген. Түсіндіру тәсілі жеңіл әрі түсінікті болғандықтан, қор ұжымы бұл түсіндірмені қайта бастырып шығарудың мұсылмандарға пайдалы болатынын қажет деп тапты.

Бұл түсіндірме шейхтың (Аллаһ оны рахымына бөлесін) аудио дәрістерінің таспаға жазылған нұсқасынан көшірілгенін айта кету қажет. Ол бұл жұмысты көзі тірісінде аяқтап, өзі тексеріп шығып, рұқсат берген. Кітапты оның ұлы шейх Ахмад ибн Абдул-Азиз ибн Баз және құрметті шейх Али ибн Солих ибн Абдул-Һәди әл-Мәри баспаға дайындап, шығаруға рұқсат етті. Аллаһ олардың баршасын игілікте сақтасын.

Бұл — аталмыш кітаптың екінші басылымы. Ол мұқият тексеріліп, өңделіп шыққан. Онда осыдан алдынгы жарық көрген нұсқада орын алған баспалық және жазба қателер түзетілді. Сонымен қатар Құран аяттарын жазуда тәртіп сақталды және хадистердің мәтіндерін келтіру мен дереккөздерін көрсетуге ерекше көңіл бөлінді.

Біз Аллаһ Тағаладан осы істі Өзінің Дидары үшін ғана жасалған және Өзінің алдында қабыл болған амал етуін сұраймыз, сондай-ақ оны жарыққа шығаруға күш салған әрбір адамға ең қайырлы сауап нәсіп етуін, олардың басшысы — Сауд Арабия Патшалығының Бас мүфтиі, шейх Абдул-Азиз ибн Абдуллаһ Әли Шейхты және осы істі басқарған бүкіл топты игілікпен марапаттауын сұраймыз. Олар бұл материалды тексеріп, оның түпнегізге сай келуін қамтамасыз етті.

Біз Аллаһтан бұл істі пайдалы ілімдер қатарынан етуді, ол ілімнің қабірде де иесіне пайда әкелуін, әрі оның сауабын еселеп беруін, оны ақыретте жоғары мәртебеге көтеруін және бізді Жәннаттың жоғары Фирдаус бақтарында бірге етуін сұраймыз. Расында, Ол бұған толық құдіреті жетуші.

Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасы мен сахабаларына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын.

«Қабірдегі үш сұрақ» кітабының авторы туралы (Аллаһ оны рахымына бөлесін) қысқаша мәлімет

Бұл кітап – ақида (наным-сенім) іліміндегі өте маңызды жолдау болып табылады. Оны шейх Мухаммад ибн Абдул-Уаһһаб ибн Сулейман әт-Тамими әл-Ханбали жазған, ол кеңінен танылған және атақты имам болған. Ол бұл жолдауды Исламның ұлы ұстанымдары ескерілмей, көмескілене бастаған хижра жыл санауы бойыншы екінші мыңжылдықтың ортасында жазған еді.

Шейх (Аллаһ оны рахымына бөлесін) осы негіздерді шариғи білім талап етушілер мен қарапайым халыққа, олар осыны үйреніп, жаттап, жүректеріне орнықтыруы үшін үйреткен болатын. Өйткені бұл негіздер ислами наным-сенімнің іргетасы болып табылады.

Ол хижра жыл санауы бойынша 1206-жылы дүниеден өтті. Туылған жылы – 1115 жыл. Демек, ол 91 жыл өмір сүрді. Шейх ғұмырын түгелдей жақсылыққа, адамдарды Аллаһқа шақыруға, оларға білім беріп, тура жолға салуға және осы жолда сабыр етуге арнады.

Аллаһ Тағала ол арқылы сол кездегі Араб түбегінде өмір сүретін пенделерін Аллаһқа серік қосудан құтқарды. Оның дағуаты бұл өлкеден кейін Шамға, Мысырға, Иракқа, Үндістанға және басқа да аймақтарға тарады. Бұл — ол кісіден ілім алып, сол ілімді басқа елдер мен мемлекеттерге жеткізген дағуатшылардың себебінен болды.

Сол сияқты бұл дағуат хаттар мен кітаптар арқылы да шейхтың (Аллаһ оны рахымына бөлесін) өзінен, сондай-ақ оның жолын ұстанушылар мен көмекшілерінен және Аллаһ жолына шақырған кейінгі дағуатшылардан таралды.

Имам Мухаммад ибн Сулейман әт-Тамимидің (Аллаһ оны рахымына бөлесін) кіріспесі

«Біл — Аллаһ сені Өз рахымына бөлесін — бізге төрт мәселені үйрену міндетті. Біріншісі — білім: бұл — Аллаһты тану, Оның дінін дәлелдерімен тану, әрі Оның пайғамбарын тану. Екіншісі — сол білімге сәйкес амал ету. Үшіншісі — сол (білімді) өзгелерге жеткізу, яғни Аллаһтың дініне дағуат жасау. Төртіншісі — осы жолда басқа келер қиыншылықтарға сабыр ету.

Бұған дәлел — Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿وَالْعَصْرِ ۝١ إِنَّ الْإِنْسَانَ لَفِي خُسْرٍ ۝٢ إِلَّا الَّذِينَ ءَامَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ وَتَوَّصَوْا بِالْحَقِّ وَتَوَّصَوْا بِالصَّبْرِ ۝٣﴾

«Заманмен ант! Ақиқатында, адам баласы сөзсіз зиянда. Бірақ иман келтіріп, ізгі амалдар жасаған, бір-біріне ақиқатты үгіттесіп әрі бір-біріне сабырды үгіттескендер – олар зиянға ұшырамайды» («әл-Аср» сүресі, 1–3 – аяттар).

Имам Шәфиғи (Аллаһ оны рақым етсін) былай деген: «Егер Аллаһ Өз жарататылыстарына құжат ретінде осы сүрені ғана түсіргенде, осының өзі олар үшін жеткілікті болар еді».

Имам әл-Бухари (Аллаһ оны рахыметсін) былай деген: «*«Білім – сөздер мен амалдан бұрын» тарауы*». Бұған дәлел — Аллаһ Тағаланың мына сөзі:

﴿فَلَعَلَّمَ آدَمَ أَنْ يَدُلَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَسْتَغْفِرُ لِدُنْيَاكَ﴾

«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ екенін біл және күнәларың үшін жарылқау тіле!» («Мухаммад» сүресі, 19-аят). Аллаһ Тағала білімді сөз және амалдан бұрын қойды».

Шейх ибн Баздың (Аллаһ оны рахымына бөлесін) түсіндірмесі (шарх)

Бұл мәселелерді әрбір мүмин ер мен мүмин әйел — олардың кішісі де, үлкені де үйренуі міндетті.

Бірінші: білім. Адамның (Исламды) білуі және (дұрыс) түсінікке қол жеткізуі қажет, өйткені осылайша ол өзін жаратқан Аллаһ Тағаланың дінін дәлелдермен танитын болады. Бұл білім — Аллаһты тану, Оның Пайғамбарын тану және Ислам дінін дәлелдермен тану. Бұл ең бірінші кезекті нәрсе болып табылады, яғни құлдың ойланып, «Раббың кім?» деген сұраққа жауап беруі. Ал бұл адамның өзінің Раббысын, яғни оны жаратқан, ризықтандырған, оған (сансыз) нығметтерді сыйлап дарытқан, одан бұрынғыларды да, одан кейінгілерді де жарататын Жаратушысын білуі. Ол — әлемдердің Раббысы Аллаһ. Шын мәнінде, Ол ғана шынайы әрі құлшылыққа лайықты жалғыз Құдай. Ешкім және ешнәрсе: Аллаһқа жақын періште де, пайғамбар да, елші де, жын да, адам да, мүсін де, өзге ешкім де — Онымен қатар құлшылық-ғибадатқа лайықты емес.

Құлшылық-ғибадат — тек қана Аллаһқа тиесілі. Өйткені Ол ғана — Жалғыз, қақылы түрде құлшылық етілетін Пәк әрі Ұлы Құдай.

Ол ғана — құлшылық етілуге шынайы лайықты құдай. Ол — сенің Раббың, әлемдердің Раббысы. Ол — сені жаратқан шынайы Құдай — Аллаһ Тағала. Сен осы бірінші мәселені білуің міндетті: яғни Раббыңды, Пайғамбарыңды және дініңді дәл дәлелдермен тану. Яғни сен осыларды пәленнің пікірі немесе ойымен емес, аяттар мен хадистердегі дәлелдермен (білуің керек). Міне осы — сен соған кіріп, оны ұстануға міндетті болған Ислам діні. Бұл — Аллаһқа құлшылық ету. Өйткені Аллаһ Тағала бұл туралы былай деген:

﴿وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ ٥٦﴾

«Мен жындар мен адамдарды тек Өзіме құлшылық етулері үшін ғана жараттым» («әз-Зәрият» сүресі, 56-аят). Осы құлшылық — Ислам. Ол Аллаһ пен Оның Елшісіне (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бағыну, Аллаһтың бұйрықтарын орындау, тыйымдарынан аулақ болу. Бұл — адамдардың олар сол үшін жаратылған құлшылығы. Аллаһ Тағала адамдарға дүние тіршілігінде соны істеуді бұйырды. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деген:

﴿يَا أَيُّهَا النَّاسُ اعْبُدُوا رَبَّكُمُ﴾

«Уа адамдар! Раббыларыңа құлшылық етіңдер» («әл-Бақара» сүресі, 21-аят). Яғни Оның әмірлеріне мойынсұнып, тыйымдарынан сақтаныңдар әрі құлшылықты тек Аллаһ Тағалаға арнаңдар.

Сондай-ақ сен (яғни әрбір мұмин адам) үйреніп білуің міндетті болған білім - бұл Пайғамбарды тану. Ал ол — Мухаммад ибн Абдуллаһ ибн Абдулмуттолиб әл-Һәшими әл-Қураши әл-Мәкки, кейін әл-Мәдини — оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын. Сен оны өзіңнің пайғамбарың екенін, Аллаһтың оны саған хақ дінді үйрету әрі тура жолға салу үшін жібергенін білуің қажет. Аллаһ Тағала оны жын мен адамдардың барлығына хақ түрде Елші етіп жіберген. Сен оның Аллаһтың Елшісі екеніне иман келтіруің және оның ізімен жүруің әрі оның жолына ілесуің — парыз. Бұл туралы түсіндірме кейінірек осы «Үш негіз» жолдауының үшінші тармағында келеді.

(Шейх Мухаммад әт-Тамими білімнен кейін атаған) екінші нәрсе – сол білімге сәйкес амал ету, яғни осы дінге сәйкес амал ету — намаз оқу, ораза ұстау, Аллаһтың діні барлық нәседен жоғары болу үшін ынта-ыждағат жасап күресу, қажылыққа бару, иман және тақуалық таныту. Ислам дініне амал ету — парыз, өйткені сен Аллаһтың жаратылысысың, сен Аллаһқа құлшылық ету үшін жаратылғанысың. Сондықтан саған Аллаһтың дінін білу, соған сәкес амал ету, Жалғыз Аллаһқа құлшылық ету, намазды толық орындау, зекет төлеу, Рамазан айында ораза ұстау, Қағбаға қажылыққа бару, Аллаһқа, періштелеріне, Кітаптарына, елшілеріне, Ақырет күніне және тағдырға — оның жақсылығы мен жамандығына — иман иман келтіру, адамдарды жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыю, ата-анаға жақсылық жасау, туыстық байланыстарды жалғастыру, Аллаһ саған не бұйырса, соны орындау, неден қайтарса, содан тыйылу, күнәлардан аулақ болып, саған міндет етілген уәжіптерді орындау міндетті.

Үшіншісі – соған шақыру: яғни, адамдарды осы дінге шақыру. Оларды туралыққа үндеу, дұрыс жолға салу, жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыю. Міне, осы – Ислам дініне шақыру болып табылады. Әрбір мұсылманға – ер болсын, әйел болсын – шамасына және білгеніне сай дағуат жасау, адамдарды тура жолға бағыттау және (Исламды) насихаттау міндетті.

Яғни ол адамдарды Аллаһты жалғыз хақ Құдай деп тануға, намазға және оны тұрақты орындауға, зекет беруге және оны толық атқаруға, Рамазан айында ораза ұстауға, шамалары жетсе, Қағбаға қажылық жасауға, ата-анаға құрмет көрсетуге, туыстық байланыстарды берік ұстауға және барлық күнәлардан аулақ болуға шақыруы тиіс.

Төртіншісі — осы жолдағы қиындықтарға сабыр ету: яғни осы істерді атқару барысында кездесетін ауыртпалықтарға төзу. Адам өзі соны дінге шақырған кісіден немесе өзінің жақындарынан жәбір көруі мүмкін. Мұндай жағдайда сабыр ету және Аллаһтың сый-сауабынан үміт ету — парыз.

Мүмин адам — Аллаһқа деген иманында, парыз амалдарды орындауда, харамнан тыйылуда, Аллаһқа шақыруда, білім беруде, жақсылыққа үндеуде және жамандықтан тыюда сабыр етеді.

Сондықтан бұл істердің бәрінде сабыр ету қажет. Бұл дін толығымен сабырды талап етеді: яғни Аллаһқа шақыруда, жалғыз Аллаһқа құлшылық етуде, намаз оқуда, зекет беруде, ораза ұстауда, қажылық жасауда, жақсылыққа үндеп, жамандықтан тыюда, харамдар мен күнәлардан тыйылуда сабыр ету қажет.

Адам харамға тап болса, сабыр етпесе, міндетті нәрселерді орындамаса немесе харамнан тыйылмаса, онда міндетін орындамаған болады. Сондықтан Аллаһ Тағала Өзінің Елшісіне (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

﴿فَلْصَبِرْ كَمَا صَبَرَ أُولُوا الْعِزْمِ مِنَ الرُّسُلِ وَلَا تَسْتَعْجِلْ لَهُمْ﴾

«Елшілерден табандылық иелері сабыр еткендей сабыр ет» («әл-Әхқаф» сүресі, 35-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

﴿وَأَصْبِرْ لِحُكْمِ رَبِّكَ فَإِنَّكَ بِأَعْيُنِنَا﴾

«Раббыңның үкіміне сабыр ет. Өйткені сен көз алдымыздасың» («әт-Тур» сүресі, 48-аят);

﴿وَأَصْبِرْ وَمَا صَبْرُكَ إِلَّا بِلِلَّهِ﴾

«Сабыр ет! Сабыр етуің Аллаһтан ғана» («ән-Нәхл» сүресі, 127-аят).

Ол тағы да былай деді:

﴿إِنَّمَا يُوفَّى الصَّابِرُونَ أَجْرَهُمْ بِغَيْرِ حِسَابٍ ۝ ١٠﴾

«Расында, сабыр еткендерге сауаптары есепсіз беріледі» («әз-Зүмәр» сүресі, 10-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

﴿إِنَّ اللَّهَ مَعَ الصَّابِرِينَ ٤٦﴾

«Расында, Аллаһ сабыр етушілермен бірге» («әл-Әнфәл» сүресі, 46-аят).

Яғни: Аллаһқа мойынсұнуда, күнәдан тыйылуда сабырлы болыңдар және Оның әмірлерін орындамаудан әрі Оның тыйым салған нәрселерін істеуден сақтаныңдар.

Әрі бұл төрт мәселеге дәлел – Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿وَالْعَصْرِ ١ إِنَّ الْإِنْسَانَ لَفِي خُسْرٍ ٢ إِلَّا الَّذِينَ ءَامَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ وَتَوَّصُوا بِٱلْحَقِّ وَتَوَّصُوا بِٱلصَّبْرِ ٣﴾

«Заманмен серт. Негізінен адам баласы зиянда. Бірақ сондай иман келтіріп, ізгі іс істегендер, бір-біріне шындықты үгіттесіп, бір-біріне сабырды үгіттескендер - олар зиянға ұшырамайды» («әл-Аср» сүресі, 1-3 – аяттар). Бұл ұлы сүреде осы жоғарыда аталған (төрт) нәрселерге қатысты дәлел (кұжат) бар. Бұл - толық дін. Толық дін деген – иман келтіру, амал жасау, осыған шақыру және сабыр ету. Яғни ақиқатқа иман келтіру, оған амал ету, соған шақыру және бұл жолда көретін қиындықтарға сабыр ету. Себебі Аллаһ Тағала былай деді:

﴿إِنَّ الْإِنْسَانَ لَفِي خُسْرٍ ٢ إِلَّا الَّذِينَ ءَامَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ وَتَوَّصُوا بِٱلْحَقِّ وَتَوَّصُوا بِٱلصَّبْرِ ٣﴾

«Негізінен адам баласы зиянда. Бірақ сондай иман келтіріп, ізгі іс істегендер, бір-біріне ақиқатты үгіттесіп, бір-біріне сабырды үгіттескендер - олар зиянға ұшырамайды» («әл-Аср» сүресі, 2-3 – аяттар).

Яғни Аллаһ Тағала бұл аятта бүкіл адам баласының зиянға ұшырайтынын айтып, одан тек мына төрт сипатқа ие болғандарды ғана тыс қалдырды: иман келтіргендер, салиқалы амал жасағандар, ақиқатқа және сабырға үндегендер.

Міне, осылар — нағыз табыскерлер, шынайы бақыт иелері. Ал Аллаһ осы ақиқатты растау үшін: «Заманмен ант!» — деді, бұл серт шыншыл әрі Ұлы Аллаһтың Өз тарапынан айтылған. Тіпті Ол серт етпесе де, бұл шындықта ешбір күмән жоқ. Алайда мұндағы серт — осы ақиқаттың маңыздылығын айрықша айқындау үшін.

Аллаһ Тағала Өз жаратылыстарының қалағанымен ант етеді. Ешкім Оған бұда шектеу қоя алмайды. Ол көкпен, жұлдыздармен өрнектелген аспанмен, Ториқ жұлдызымен, духа уақытымен, күнмен және оның шарықтаумен, түнмен және оның түнергенімен, түн қаптағандағы түнгі тыныштықпен және басқа да жаратылыстарымен ант етті. Өйткені бұл жаратылыстар Аллаһтың Ұлылығы мен Құдіретіне нұсқайтын дәлелдер болып табылады. Сондай-ақ бұл — Оның ғана ғибадатқа лайық екенін білдіреді.

Осы жаратылыстармен ант ету — олардың ұлылығын көрсету арқылы олардың Жаратушысының Ұлылығы мен жалғыздығына, сондықтан, тек Ол ғана құлшылыққа лайық екендігіне нұсқайды.

Ал жаратылған пендеге келсек, ол тек Раббысымен ғана ант ете алады. Ол Аллаһпен ғана ант етуі керек. Оған пайғамбарлармен, пұттармен, әулие-ізгілермен, қауіпсіздігімен, Қағбамен немесе басқа да нәрселермен ант етуге болмайды. Бұл мұсылман үшін уәжіп. Өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын)) былай деген: *«Кімде-кім Аллаһтан өзге нәрсемен ант етсе, сол ширк жасаған болады»* (хадисті имам Ахмад сахих (сенімді) иснадпен риуаят еткен)¹.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: *«Кімде-кім ант етпек болса, тек Аллаһпен ант етсін немесе үндемесін»*.² Сондықтан әрбір мұсылман ер мен әйелге Аллаһтан басқамен ант етуден сақ болу міндетті болып табылады және олардың барлық анттары тек Аллаһпен болуға тиіс.

Имам әш-Шәфиғи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) - атақты имам, ол ұлы ғалымдардың және төрт мазхаб имамдарының бірі. Оның толық аты — Мухаммад ибн Идрис әш-Шәфиғи әл-Муттолиби. Ол хижра жыл санауы бойынша 150-жылы дүниеге келген және 204-жылы қайтыс болған. Ол осы («әл-Аср» сүресі) туралы былай деген: *«Егер Аллаһ Өз жаратылыстарына дәлел ретінде осы сүрені ғана түсіргенде, бұл оларға жеткілікті болар еді»*.

Басқа бір риуаятта: *«Егер адамдар осы сүре жайында ой жүгіртсе, бұл оларға жеткілікті болар еді»*, — делінген³. Яғни, егер олар осы сүреге назар салып, оны ой елегінен өткізсе, онда ондағы ақиқатты ұғып, Аллаһтың бұйырғандарын орындап, тыйым салғандарынан бас тартар еді.

Себебі, Аллаһ бұл сүреде иман келтіріп, ізгі амалдар жасап, бір-біріне ақиқатты өсиет етіп, бір-біріне сабырды өсиет еткендер — құтылушылар, ал бұдан өзгелердің бәрі зиянға ұшыраушылар деп түсіндірді.

¹ Умар ибн Хаттабтан (Аллаһ оған разы болсын) келген хадис: Оны имам Ахмад «әл-Муснад» еңбегінде (6/47, 2/34), сондай-ақ Абдур-Раззақ өзінің «Муснадының» «әл-Иман және нәзірлер кітабында» келтірген.

Сондай-ақ оны Абу Дауд «Сунан» жинағында, «Иман және нәзірлер кітабы» тарауында, «Әкелердің атымен ант етуге тыйым салу» бөлімінде (3251); әт-Тирмизи де «Иман және нәзірлер кітабы» тарауында, «Аллаһтан басқамен ант етудің тыйым салынғандығы» бөлімінде (1535) келтіреді. Онда мына қосымша: «күпірлік етті» (فقد كفر) деген сөз бар.

Тирмизи бұл хадиске: «Бұл — хасан хадис» деп баға берген. Әл-Хаким де бұл қосымшаны сахих (дұрыс) деп бағалап, «әл-Мустадрак» жинағында, «Иман және нәзірлер кітабы» тарауында (7814) келтірген. Әз-Зәһәби де бұл хадистің сахих екенін растаған, «Тахлис маға мустадрак» (4/297).

² Бұл хадисті Ибн Умардан (Аллаһ оған разы болсын) имам әл-Бухари өзінің «Сахих» жинағында бірнеше жерде келтірген. Атап айтқанда, «Ант және нәзірлер кітабының» «Әкелеріңнің атымен ант етпеңдер» тарауында (№6646), сондай-ақ «Қуәліктер кітабының» «Қалай ант ету керек» тарауында (2679); Муслим де оны өзінің «Иман кітабының» «Аллаһтан өзгенің атымен ант етуге тыйым салу» тарауында (1646) келтірген.

³ Қараңыз: «Сияр әғләм ән-нубәлә» 8-томының 379-беті, 1539-баб («әл-Мәктәбату әт-тауфиқия» баспасы, Каир).

Бұл сүре — өзара өсиет айту, насихаттасу, иман келтіру, сабыр ету және шыншыл болудың парыз екенін дәлелдейтін бірден-бір дәлел. Сондай-ақ бұл сүре — бақыт пен пайдаға жеткізетін жол осы сипаттар арқылы ғана болатынын көрсетеді. Бұл төрт сипат - Аллаһқа және Оның Елшісіне шынайы иман келтіру, ізгі амал жасау, ақиқат пен сабырды өсиет ету.

Имам әл-Бухари (Аллаһ оған разы болсын) – Абу Абдуллаһ Мухаммад ибн Исмағил ибн Ибраһим әл-Бухари, Бухарадан, Шығыс өлкелерінен шыққан. Хижра бойынша екінші ғасырдың соңында, 194-жылы дүниеге келген және хижраның үшінші ғасыр ортасында, 256-жылы қайтыс болған. Қайтыс болған кезіндегі жасы 62-де еді. Ол – «әс-Сахих» хадистер жинағының авторы. Сонымен бірге оның басқа да ұлы және пайдалы еңбектері бар.⁴

Ол өзінің "Сахих" жинағында былай деген: «Білім – сөз бен амалдан бұрын тарауы».⁵

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَلَعَلَّمَ آدَمَ أَنْ يَدُلَّهُ عَلَى الْإِلَهِ إِلَّا اللَّهَ وَاسْتَغْفَرَ لِذَنْبِكَ﴾

«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ екендігін біл! Және күнәларың үшін кешірім сұра!» («Мухаммад» сүресі, 19-аят). Аллаһ Тағала білімді сөз бен амалдан бұрын келтірді». Ендеше адамға ең алдымен білім алу керек, содан кейін ол сол білімге сәйкес амал етуге тиіс. Ол дінін үйреніп, содан соң үйренгеніне сәйкес амал етеді. Ал Аллаһ бұл жайлы жақсырақ біледі.

Бірінші негізге кіріспе

Автор, яғни шейх Мухаммад ибн Суләйман әт-Тамими (Аллаһ оны рахымына бөлесін) өзінің «Үш негіз» жолдауындағы бірінші негізге кіріспе сөзінде былай дейді:

«Біліңіз, Аллаһ сізді рахымына бөлесін, әрбір мұсылман ер мен әйел үшін мына үш мәселені түсіну және соларға сәйкес амал ету парыз болып табылады:

Біріншісі: Аллаһ бізді жаратты, ризықтандырды, және бізді өздерімізге тапсырып, тастап қойған жоқ. Ол бізге елші жіберді. Елшіге бағынғанның әрбірі Жәннатқа кіреді, ал кім оған мойынсұнбаса – Тозаққа түседі.

Бұған Аллаһтың келесі сөздері дәлел болады:

﴿إِنَّا أَرْسَلْنَا إِلَيْكُمْ رَسُولًا شَهِدًا عَلَيْكُمْ كَمَا أَرْسَلْنَا إِلَىٰ فِرْعَوْنَ رَسُولًا ۖ فَعَصَىٰ فِرْعَوْنُ الرَّسُولَ فَأَخَذْنَاهُ أَخَذًا وَبِيلًا ۖ﴾

⁴ «Сияр әғләм ән-нубәлә» (10/733), №2136.

⁵ Қараңыз: «Сахих әл-Бухари», Білім кітабы, «Сахихтағы» үшінші кітап, одан оныншы бөлім, 67–68.

«Расында, Перғауынға елші жібергеніміздей, сендерге де куә ретінде елші жібердік. Сонда Перғауын елшіге қарсы келді, сондықтан оны қатты қинаумен қолға алдық» («әл-Музәммил» сүресі, 15-16 - аяттар).

Екіншісі: Аллаһ құлшылықта Өзіне серік қосқанға разы болмайды. Тіпті ол (Аллаһқа) жақын періште, не елшілікпен жіберілген пайғамбар болса да. Бұған дәлел - Аллаһтың келесі сөздері:

﴿وَأَنَّ الْمَسْجِدَ لِلَّهِ فَلَا تَدْعُوا مَعَ اللَّهِ أَحَدًا ۝۱﴾

«Расында, сәжде жасайтын орындар (мешіттер) Аллаһқа тән. Сондықтан Аллаһпен бірге ешкімге дұға етпеңдер» («Жинн» сүресі, 18-аят).

Үшіншісі: Елшіге бағынатын және құлшылығын жалғыз Аллаһқа ықыласты түрде арнаған адамның Аллаһ пен Оның Елшісіне дұшпандық көрсететіндерге достық пен сүйіспеншілік танытуына тыйым салынған, тіпті олар ең жақын туыстары болса да.

Бұған дәлел - Аллаһтың келесі сөздері:

﴿لَا تَجِدُ قَوْمًا يُؤْمِنُونَ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ يُوَادُّونَ مَنْ حَادَّ اللَّهَ وَرَسُولَهُ وَلَوْ كَانُوا آبَاءَهُمْ
أَوْ أَبْنَاءَهُمْ أَوْ إِخْوَانَهُمْ أَوْ عَشِيرَتَهُمْ أُولَئِكَ كَتَبَ فِي قُلُوبِهِمُ الْإِيمَانَ وَأَيَّدَهُم بِرُوحٍ مِّنْهُ وَيُدْخِلُهُمْ جَنَّاتٍ
تَجْرِي مِنْ تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا عَنْهُ أُولَئِكَ حِزْبُ اللَّهِ أَلَا إِنَّ حِزْبَ
اللَّهِ هُمُ الْمُفْلِحُونَ ۝۲۲﴾

«Аллаһқа және Ақырет Күніне иман келтірген қауымның Аллаһ пен Оның Елшісіне қарсы шыққандармен достасқанын көрмейсің, тіпті олар – әкелері, не балалары, яки ағайын-туыстары болса да. Олардың жүректеріне Аллаһ иман жазып, Өз тарапынан болған рухпен қуаттады. Және оларды астарынан өзендер ағатын Жәннат бақтарына кіргізеді, және олар онда мәңгі қалады. Аллаһ оларға разы, ал олар Аллаһқа разы. Міне, солар - Аллаһтың тобы. Расында, Аллаһтың тобы - құтылушылар» («әл-Мужәдәлә» сүресі, 22-аят).

Шейх ибн Баздың (Аллаһ оны рахымына бөлесін) түсіндірмесі (шарх)

Бұл үш мәселе – таухид және аса Жоғары әрі Ұлы Аллаһтың құқықтарына қатысты ең маңызды мәселелердің қатарынан болып табылады.

Аллаһ жаратылыстарын Өзіне құлшылық етулері үшін жаратты. Ол оларды босқа, мақсатсыз немесе ермек үшін жаратқан жоқ. Керісінше, оларды ұлы мақсат үшін, терең даналықпен жаратты. Жаратылыстардың бақыты мен құтылуы дәл осы дана мақсатқа байланысты. Бұл мақсат — Жалғыз Аллаһқа ешкімді және ешнәрсені серік қоспай құлшылық ету. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ ۝۶﴾

«Мен жындар мен адамдарды тек Маған құлшылық етулері үшін жараттым» («әз-Зәрият» сүресі, 56-аят).

Аллаһ Тағала бұл құлшылықты адамдарға келесі аяттарда бұйырған:

﴿يَا أَيُّهَا النَّاسُ اعْبُدُوا رَبَّكُمُ الَّذِي خَلَقَكُمْ﴾

«Әй адамдар! Сендерді жаратқан Раббыларыңа құлшылық етіңдер» («әл-Бақара» сүресі, 21-аят).

Сондай-ақ:

﴿وَقَضَىٰ رَبُّكَ أَلَّا تَعْبُدُوا إِلَّا إِيَّاهُ﴾

«Раббың Өзіне ғана ғибадат етулеріңді әмір етті» («әл-Исра» сүресі, 23-аят).

Және:

﴿وَاعْبُدُوا اللَّهَ وَلَا تُشْرِكُوا بِهِ شَيْئًا﴾

«Аллаһқа құлшылық етіңдер және Оған ешнәрсені серік қоспаңдар» («ән-Ниса» сүресі, 36-аят).

Тағы да:

﴿فَلْعَبُدِ اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ﴾

«Дінді Аллаһқа шынайы түрде арнап, құлшылық қыл» («әз-Зүмәр» сүресі, 2-аят).

Сондай-ақ мына аят та:

﴿وَمَا أُمِرُوا إِلَّا لِيَعْبُدُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ﴾

«Олар дінді Аллаһқа шынайы ықыласпен арнап ғибадат етуге ғана әмір етілген» («әл-Бәйина» сүресі, 5-аят).

Құлшылыққа байланысты көптеген аяттар бар. Ал құлшылық-ғибадат дегеніміз – бұл Аллаһ Тағаланы жалғыздау (таухид) және Оны ғана құлшылық-ғибадатпен ерекшелеу, яғни дұға етуде де, үміт артуда да, тағзым-ұлықтаумен қорқуда да, тәуекел ету де, ұмтылыс та да (әр-роғба), сақсынып қорқуда да (әр-роһба), намаз оқуда да, ораза ұстауда да және басқа да ғибадаттарда.

Өйткені құлшылық-ғибадат етуге жалғыз Ол ғана лайық. Ешкім Онымен қатар құлшылыққа лайықты емес. Әрі ғибадатқа Аллаһ пен Оның Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бұйырған істерді орындау және Аллаһ пен Оның Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) тыйым салған нәрселерден тыйылу да жатады. Міне, осы — Ислам, әрі міне осы — дін, осы — иман, әрі осы — тура жол.

Сондықтан намазыңды тек Аллаһқа ғана арнап оқы, руқұтты Оған ғана жаса, құрбандықты Аллаһ үшін ғана шал, Одан басқа ешкімге дұға етіп жалбарынба, Одан

басқа ешкімге тәуекел етпе әрі басқа да ғибадаттарды дәл осылайша Аллаһтан өзге ешкімге арнама.

Ал бар әрі тірі адамнан оның қолынан келетін (яғни шамасы жететін) әлдебір нақты нәрседе көмек сұрауға келер болсақ, бұл — ғибадат емес. Бұған мысал Аллаһ Тағаланың Құран Кәрімде келтірген Муса пайғамбардың оқиғасы. Онда Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَلَسْتَغْنَاهُ الَّذِي مِنْ شِيعَتِهِ عَلَى الَّذِي مِنْ عُدُوِّهِ﴾

«Сонда (Мусаның) тобынан болған (адам) дұшпанынан болған (адамға) қарсы Мусадан көмек сұрады» («әл-Қасас» сүресі, 15-аят). Өйткені Муса өз тайпаласын дұшпанынан құтқаруға шамасы жететін еді.

Ал енді өліге (яғни әруаққа) дұға ету, немесе алыстағы, сенің сөзіңді естімейтін біреуге дұға ету, немесе пұтқа, жынға, ағашқа, тастар және басқа да жаратылыстарға дұға ету туралы айтар болсақ — мұның барлығы көпқұдайшыл-мүшриктердің жасайтын Аллаһқа серік қосуы (ширк) болып табылады. Бұл – (діннен шығаратын) үлкен ширк. Аллаһ Тағала ол жайында былай деген:

﴿إِنَّ الشِّرْكَ لَظُلْمٌ عَظِيمٌ ۝۱۳﴾

«Ақиқатында, Аллаһқа серік қосу — зор зұлымдық» («Лукман» сүресі, 13-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

﴿وَلَوْ أَشْرَكُوا لَحَبِطَ عَنْهُمْ مَا كَانُوا يَعْمَلُونَ ۝۸۸﴾

«Егер олар Аллаһқа серік қосқанда, істеген амалдары жойылып кетер еді» («әл-Әнғам» сүресі, 88-аят).

Аллаһ Тағала тағы да былай деген:

﴿إِنَّ اللَّهَ لَا يَغْفِرُ أَنْ يُشْرَكَ بِهِ وَيَغْفِرُ مَا دُونَ ذَلِكَ لِمَنْ يَشَاءُ ۝۴۸﴾

«Ақиқатында, Аллаһ Өзіне серік қосуды кешірмейді. Ал бұдан басқасын қалағанына кешіреді» («ән-Ниса» сүресі, 48-аят).

Және де Аса Жоғары Аллаһ былай деген:

﴿وَلَقَدْ أُوحِيَ إِلَيْكَ وَإِلَى الَّذِينَ مِنْ قَبْلِكَ لَئِنْ أَشْرَكْتَ لَيَحْبَطَنَّ عَمَلُكَ وَلَتَكُونَنَّ مِنَ الْخَاسِرِينَ ۝۶۵﴾

«Расында, саған да, сенен бұрынғыларға да: "Егер Аллаһқа серік қоссаң, әлбетте амалдарың жойылып кетеді де, анық зиянға ұшыраушылардан боласың", - деп уахи етілді» («әз-Зүмәр» сүресі, 65-аят).

Демек, Аллаһ Тағала бізді жаратып, ризықтандырды және қараусыз қалдырған жоқ. Керісінше, Ол бізді таухидке (яғни, Аллаһты жалғыз құдай деп тануға) бұйырды,

Оған мойынсұнуға, және Ол тыйым салған нәрселерден бас тартуға әмір етті. Ол бізге елші жіберді, ал ол – Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын). Ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі) бізге жоғарыда аталған нәрселерді алып келді. Аллаһ Тағала оған біз ондағы баяндалған тура жолға сай өмір сүріп, ондағы бұйырылған әмірлерді орындап, және тыйым салынған нәрселерден аулақ болуымыз үшін, Құран Кәрімді түсірді. Ол оны бізге пайғамбарлардың әрі елшілердің мөрі (яғни ең соңғысы) болған Аллаһтың Елшісі Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі) арқылы жеткізді. Ол адамдарға хақ дінді үйрету үшін келді. Ол (Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) — барлық пайғамбарлардың соңғысы, олардың имамы және ең абзалы.

Кім осы елшіге бойсұнып, дінінде туралық танытса – соған Жәннат нәсіп етіледі. Ал кім бұл елшіге қарсы шығып, дінінен айнып кетсе – оның орны Тозақ болады. Бұл жөнінде Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّا أَرْسَلْنَا إِلَيْكُمْ رَسُولًا شَهِدًا عَلَيْكُمْ كَمَا أَرْسَلْنَا إِلَىٰ فِرْعَوْنَ رَسُولًا ۚ﴾

«Расында, Біз Перғауынға елші жібергендей, сендерге де куә ретінде Елші жібердік» («әл-Муззәммил» сүресі, 15-аят),

﴿فَعَصَىٰ فِرْعَوْنُ الرَّسُولَ فَأَخَذْنَاهُ أَخْذًا وَبِيلًا ۚ﴾

«Сонда Перғауын елшіге қарсы келді. Сондықтан оны қатты қинаумен қолға алдық» («әл-Муззәммил» сүресі, 16-аят), яғни: бұл дүниеде – оны суға батыру арқылы, ал Ақыретте – От азабымен қатты қолға алдық.

Екінші мәселе: Бұл – бірінші мәселені нақтылап түсіну. Ол – Аллаһ Тағала ешкімнің Онымен құлшылықта серіктес болуына разы болмайтынын білу.

Өйткені Ол – Жаратушы, ризық Беруші, Тірілтуші және Өлтіруші, Ол сені жаратқан және саған нығметтерді берген. Ол – Пәк Аллаһ Тағала – Өзінен басқаның Оған жасалатын құлшылықта Оған ортақтас болуына разы болмайды. Мейлі ол пайғамбар, немесе Оған жақын етілген періште болса да. Себебі құлшылық – тек Аллаһқа ғана тиесілі құқық. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَقَضَىٰ رَبُّكَ أَلَّا تَعْبُدُوا إِلَّا إِيَّاهُ ۚ﴾

«Раббың тек Оған ғана құлшылық етулеріңді бұйырды» («әл-Исра» сүресі, 23-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ ۚ﴾

«Саған ғана құлшылық етеміз және Сенен ғана жәрдем тілейміз» («әл-Фатиха» сүресі, 5-аят).

Себебі ширк (Аллаһқа серік қосу) – ең ауыр күнә. Бұл туралы көптеген аяттарда айтылған. Көптеген аяттарда құлшылықты тек Аллаһқа ғана арнауға деген бұйрық және Одан өзге әлде біреуге құлшылық етуге деген тыйым келген. Сөйтіп бұл аяттар өзінің құрамына екі нәрсені бірдей біріктіреді. Ендеше сен Аллаһ Тағаланың – Жаратушы, ризық Беруші, Тірілтуші әрі Өлтіруші екендігіне иман келтіруің керек және жалғыз Ол ғана құрбан шалу, намаз, ораза және басқа да сол секілді құлшылық-ғибадаттарға лайық екендігіне иман келтіруің қажет.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَالْهُكْمُ إِلَهُ وَحْدٌ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الرَّحْمَنُ الرَّحِيمُ ١٦٣﴾

«Құдайларың бір-ақ Құдай! Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Одан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ» («әл-Бақара сүресі», 163-аят),

және:

﴿فَلَا تَدْعُوا مَعَ اللَّهِ أَحَدًا ١٨١﴾

«Аллаһпен бірге ешкімге дұға етпеңдер!» («әл-Жинн» сүресі, 18-аят).

Үшінші мәселе: Бұл – ең маңызды парыздардың бірі. Яғни әрбір мұсылман ер мен әйел білуге тиіс нәрсе – оның мүшриктерге (көпқұдайшылдарға) уәли (дос, қамқоршы, жәрдемші) болуына, оларды жақсы көруіне рұқсат етілмейтіні. Кім Аллаһ пен Оның Елшісіне бағынса, сол міндетті түрде кәпірлерге қарсы болуы және оларды Аллаһ үшін жек көруі қажет. Оған оларды дос тұтуға және жақсы көруіне болмайды. Өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

﴿لَا تَجِدُ قَوْمًا يُؤْمِنُونَ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ يُوَادُّونَ مَنْ حَادَّ اللَّهَ وَرَسُولَهُ﴾

«Сен Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірген адамдардың Аллаһ пен Оның Елшісіне қарсы келгендерді жақсы көретінін таппайсың...» («әл-Мужәдәлә» сүресі, 22-аят). Яғни: «Уа Мухаммад, шынайы иман иелерінің Аллаһ пен Оның Елшісіне қарсы шыққан адамдарды жақсы көретінін көрмейсің».

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا لَا تَتَّخِذُوا الْيَهُودَ وَالنَّصَارَى أَوْلِيَاءَ بَعْضُهُمْ أَوْلِيَاءُ بَعْضٍ وَمَنْ يَتَوَلَّهُمْ
مِّنْكُمْ فَإِنَّهُ مِنْهُمْ إِنَّ اللَّهَ لَا يَهْدِي الْقَوْمَ الظَّالِمِينَ ٥١﴾

«Әй иман келтіргендер! Яһудилер мен христиандарды өздеріңе дос етпеңдер. Олар – бір-біріне дос. Сендерден кім оларды дос етсе, сол, шын мәнісінде, солардан. Расында, Аллаһ залым елді тура жолға салмайды» («әл-Мәйда» сүресі, 51-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿قَدْ كَانَتْ لَكُمْ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ فِي إِبْرَاهِيمَ وَالَّذِينَ مَعَهُ إِذْ قَالُوا لِقَوْمِهِمْ إِنَّا بُرَءُؤُا مِنْكُمْ وَمِمَّا تَعْبُدُونَ مِنْ دُونِ اللَّهِ كَفَرْنَا بِكُمْ وَبَدَا بَيْنَنَا وَبَيْنَكُمُ الْعَدَاوَةُ وَالْبَغْضَاءُ أَبَدًا حَتَّى تُؤْمِنُوا بِاللَّهِ وَحَدَّهُ﴾

«Расында, сендерге Ибраһимде және онымен бірге болғандарда бір көркем өнеге болды. Сол кезде олар өз қауымына: «Біз сендерден және сендердің Аллаһтан өзге құлшылық етіп жатқандарыңнан аулақпыз. Сендерге қарсымыз әрі сендер жалғыз Аллаһқа иман келтіргендеріңе дейін біз бен сендердің арамызда дұшпандық пен жек көру жалғаса бермек», - деді» («әл-Мумтахана» сүресі, 4-аят).

Сондықтан Аллаһтың дұшпандарына қатысты жек көрушілік пен қатыссыздық, ал мүминдерге қатысты достық-бауырластық пен сүйіспеншілік таныту міндетті. Осылайша мүмин адам Аллаһтың сүйікті құлдарын жақсы көріп, олармен бірге жақсылық жасауда бірлесіп әрекет етеді. Ал Аллаһтың дұшпандарын Аллаһ үшін жек көреді, олардан алыстайды, оларға қарсы дұшпандық білдіреді, оларды Аллаһтың дініне шақырады. Егер олар (яғни кәпірлер) мұсылмандардың жерінде өмір сүрсе, онда мұсылман әміршісі олардан жизия салығын алады, өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) яһудилерден, христиандардан және отқа табынушылардан жизия алған⁶. Әрі олардан жизия алуда мұсылмандарға деген қолдау бар әрі кәпірлерге деген деген сүйіспеншілік жоқ. Олар Исламға кіруден және мұсылмандармен соғыс удан бас тартып, мұсылмандардың қоластына кірген жағадайда, жизия төлейді. Әрі олар осыда қалдырылады, бірақ оларға қатысты Аллаһ үшін жек көрушілік танытылады әрі олармен достық-сүйіспеншілік қарым-қатынас жасалмайды.⁷

Егер олар Исламды қабылдаудан және жизья төлеуден бас тартса әрі олармен соғысуға күш-қуат бар болса, онда мұсылман елбасшысы олармен соғыс жүргізеді.⁸ Бұл үкім тек Кітап иелеріне және отқа табынушыларға қатысты. Ал буддистер, коммунистер және соларға ұқсас өзге кәпірлерге келер болсақ, олардан жизия қабылданбайды әрі мұсылман елбасшысы оларға қарсы олар Исламға кіргенге дейін соғыс жүргізеді. Бұған дәлел Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

7. Шейх Хайсам Сархан осы мәселеге түсіндірме жасап, былай деп атады: «Адамдар кәпірлерге қатысты қарым-қатынастарында үш түрге бөлінеді, олардың екеуі мұсылман еместерге шектен шығу мен салғырттық жасайды, әрі біреу дұрыс әрі орташыл жолда:

Салғырттық жасайтындар - мұсылман еместермен бірге олардың мейрамдарына, мерекелелері мен діни рәсімдеріне қатысатындар. Шектен шығатындар - мұсылман еместермен қарым-қатынаста қантөгіс, ұрлық, алаяқтық, қиянат, лаңкестік және басқа да нәрселер арқылы шектен шығатындар. Орта әрі тура жолды ұстанатындар - Сүннетке ілескендер, міне, осыда. Бұның мағынасы - адамның олардың діни рәсімдері мен әдет-ғұрыптарына қатыспауын, бірақ олармен болған келісімдерді сақтай әрі орындай отырып, оларға қатысты шектен шықпауын оларға қатысты қиянат пен зұлымдық жасамауын меңзейді. Сондай-ақ бізге олармен сауда-саттықта ынтымақтасуға рұқсат етілген, және біз оларды таухидке (бірқұдайшылыққа) шақыруымыз керек.

⁸ Шейхул-ислам Мухаммад ибн Абдул-Уаһһаб былай деді: “Жиһад ісі тек елбасшыға жүктелген, әрі сондықтан оның қол астындағылары ол шешкен нәрседе оған мойынсұнуы кажет”. Қз.: «Мәжмуғ әл-муаллифат» 2/360.

﴿وَقَاتِلُوهُمْ حَتَّى لَا تَكُونَ فِتْنَةٌ وَيَكُونَ الدِّينُ كُلُّهُ لِلَّهِ﴾

«Олармен бүлік қалмай, дін түгелімен Аллаһқа тән болғанға дейін соғысыңдар!» («әл-Әнфәл» сүресі, 39-аят).

Аллаһ Тағала да тағы былай деген:

﴿انْفِرُوا خِفَافًا وَثِقَالًا وَجَاهِدُوا بِأَمْوَالِكُمْ وَأَنْفُسِكُمْ فِي سَبِيلِ اللَّهِ ذَلِكَ خَيْرٌ لَّكُمْ إِنْ كُنْتُمْ تَعْلَمُونَ﴾

﴿٤١﴾

«(Әй мұминдер!) Жеңіл әрі ауыр түрде соғысқа шығыңдар. Сондай-ақ Аллаһ жолында малдарыңмен, жандарыңмен соғысыңдар. Осыларың сендер үшін қайырлы, егер білген болсаңдар» («әт-Тәуба» сүресі, 41-аят).

Және Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَإِذَا أُنْسِلَخَ الْأَشْهُرُ الْحُرُمُ فَاقْتُلُوا الْمُشْرِكِينَ حَيْثُ وَجَدْتُمُوهُمْ وَخُذُوهُمْ وَأَحْصُرُوهُمْ وَأَقْعُدُوا لَهُمْ كُلَّ مَرْصَدٍ فَإِنْ تَابُوا وَأَقَامُوا الصَّلَاةَ وَآتَوْا الزَّكَاةَ فَخَلُّوا سَبِيلَهُمْ إِنَّ اللَّهَ غَفُورٌ رَحِيمٌ﴾

«Ал қашан құрметті айлар бітсе, онда мүшриктерді қайдан тапсаңдар да өлтіріңдер. Оларды ұстаңдар, қамандар және олардың бүкіл жолдарын аңдып отырыңдар. Сонда егер олар, тәубе қылса, намазды толық орындап, зекет берсе, онда олардың жолын бос қойыңдар. Расында, Аллаһ Өте Кешірімді, ерекше Мейірімді» («әт-Тәуба» сүресі, 5-аят). Әрі осы мағынадағы аяттар көп.

Бірақ, мұсылман елбасшысы оларға қарсы соғысуды тек бұған күш-қуат пен шама-қүдірет болған кезде ғана жүргізуге тиісті, өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

﴿لَا يُكَلِّفُ اللَّهُ نَفْسًا إِلَّا وُسْعَهَا﴾

«Аллаһ Тағала жанға шамасы келетін міндетті ғана жүктейді» («әл-Бақара» сүресі, 286-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَلْتَقُوا اللَّهَ مَا اسْتَطَعْتُمْ﴾

«Аллаһтан шамаларың жеткенше қорқыңдар» («әт-Тағабун» сүресі, 16-аят).

Сондықтан да Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мүшриктерге қарсы соғысты бұған күші жететін кезге дейін жүргізбеді.

Содан соң Аллаһ Тағала автор жоғарыда келтірген аяттарда былай деген:

﴿أُولَٰئِكَ كَتَبَ فِي قُلُوبِهِمُ الْإِيمَانَ وَأَيَّدَهُم بِرُوحٍ مِّنْهُ﴾

«Олардың жүректеріне Аллаһ иман жазып, Өз тарапынан болған рухпен қуаттады» («әл-Мужәдәлә» сүресі, 22-аят), яғни: Аллаһ Тағала оларды өз тарапынан болған күш-қуатпен қуаттады.

Әл-Ханифияның анықтамасы

Автор (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деді:

«Біліңіз, Аллаһ сізді Өзіне мойынсұнуға бағыттасын, Ибраһим ұстанған «әл-ханифия»⁹ (бірқұдайшылық) діні – бұл дінді ықыласты түрде жалғыз Аллаһқа арған күйде Оған ғана құлшылық ету. Аллаһ барлық адамдарға осыны бұйырды, өйткені Ол оларды осы үшін жаратты. Аллаһ Тағала бұл туралы:

﴿وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ ٥٦﴾

«Мен жындар мен адамдарды тек Маған құлшылық етулері үшін ғана жараттым», - деп айтқанындай («әз-Зәрият» сүресі, 56-аят).

«Яғбудуни» («Маған ғибадат-құлшылық етулері») сөзінің мағынасы - «юаххидуни» (яғни «Мені құлшылықта жалғыз ету»). Әрі Аллаһ әмір еткен нәрселердің ең ұлығы – бұл бірқұдайшылық(таухид). Ал бұл құлшылық-ғибадатты тек жалғыз Аллаһқа ғана арнау дегенді білдіреді.

Ал Аллаһтың тыйым салған амалдардың ең ұлысы – ширк, яғни Аллаһпен бірге өзгеге дұға-құлшылық ету. Бұған дәлел – Аллаһ Тағаланың келесі сөздері:

﴿وَأَعْبُدُوا اللَّهَ وَلَا تُشْرِكُوا بِهِ شَيْئًا ۚ﴾

«Аллаһқа ғана құлшылық етіңдер, әрі Оған ешкімді серік қоспаңдар» («ән-Ниса» сүресі, 36-аят).

Шейх ибн Баздың (Аллаһ оны рахымына бөлесін) түсіндірмесі (шарх)

Шейх Мухаммад әт-Тәмийми (Аллаһ оны рахымына бөлесін): “Біліңіз, Аллаһ сізге Өзіне мойынсұнуды нәсіп етсін!” – деп айтуы арқылы, өзінің бұл сөздерінің құрамына тәлім беру мен дұға етуді біріктірді. «Ибраһим ұстанған «әл-ханифия» (бірқұдайшылық) діні – бұл дінді ықыласты түрде жалғыз Аллаһқа арған күйде Оған ғана құлшылық ету». Әрі бұл туралы Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына:

﴿ثُمَّ أَوْحَيْنَا إِلَيْكَ أَنْ اتَّبِعْ مِلَّةَ إِبْرَاهِيمَ حَنِيفًا وَمَا كَانَ مِنَ الْمُشْرِكِينَ ١٢٣﴾

⁹ Ханиф — бұл Исламға бет бұру, әрі оны тура әрі орнықты ұстану. Арабтар арасында «ханиф» деп Ибраһим пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) дінін ұстанған адамды айтатын. Ибраһим пайғамбар (оған Аллаһтың сәлемі болсын) жалғаннан ақиқатқа бет бұрғандығы үшін Ханиф деп аталған. Яғни ол әкесі мен қауымы табынған пұттардан бас тартып, тек жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық еткен.

«Сосын саған: “Ханиф (яғни бір Аллаһқа бет бұрған саф-таза дін иесі) болған Ибраһимнің дініне ілес, ол Аллаһқа серік қосушы мушриктерден емес еді”, - деп уахи еттік”, - деді («ән-Нәхл» сүресі, 123-аят).

Сондықтан «әл-ханифия» дегеніміз — бұл Аллаһқа ықылас және махаббатпен берілу және Оған серік қосудан бас тарту діні. Ал «ханиф» дегеніміз — бұл Аллаһқа бет бұрып, Одан басқаның бәрінен бас тартып, құлшылығын Аллаһқа ғана шынайы ықыласты түрде арнаған адам. Бұл — Ибраһим мен оған ергендердің жолы. Әрі пайғамбарлар мен олардың соңынан ергендердің жолы да дәл осы.

Шейх Мухаммад әт-Тәмийми (Аллаһ оны рахымына бөлесін): «Аллаһ барлық адамдарға осыны бұйырды, өйткені Ол оларды осы үшін жаратты», - деді. Яғни Аллаһ адамдарды таухид-бірқұдайшылыққа және ықыластылыққа бұйырып, оларды Өзіне ғана құлшылық етулері үшін жаратты. Оларға намаздарын, оразаларын, дұғаларын, үміттерін, қорқуларын, құрбандықтарын, нәзірлерін және сол секілді барлық ғибадаттарын тек жалғыз Оған ғана арнауды бұйырды. Аллаһ Тағала Қасиетті Құранда былай деген:

﴿وَقَضَىٰ رَبُّكَ أَلَّا تَعْبُدُوا إِلَّا إِيَّاهُ﴾

«Раббың Өзіне ғана құлшылық қылуларыңды әмір етті» («әл-Исра сүресі», 23-аят)

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ ۝﴾

«Тек Саған ғана құлшылық қыламыз және тек Сенен ғана жәрдем сұраймыз» («әл-Фатиха» сүресі, 5-аят)

﴿فَلْعَبُدِ اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ ۝﴾

«Аллаһқа дінді Оған ғана ықыласты түрде арнап құлшылық етіңдер» («әз-Зүмәр» сүресі, 2-аят)

Сондай-ақ:

﴿يَا أَيُّهَا النَّاسُ اعْبُدُوا رَبَّكُمُ الَّذِي خَلَقَكُمْ وَالَّذِينَ مِنْ قَبْلِكُمْ﴾

«Әй адамдар! Сендерді де, сендерден бұрыңғыларды да жаратқан Раббыларыңа құлшылық етіңдер!» («әл-Бақара» сүресі, 21-аят)

Әрі адамдар сол үшін жаратылған ғибадат – міне осы. Бұл – Аллаһты жалғыздау (таухид), Оның әмірлеріне бойұсыну, тыйымдарынан бас тарту (аулақ болу). Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ ۝﴾

«Мен жындар мен адамдарды тек Өзіме ғана құлшылық етулері үшін жараттым» («әз-Зәрият» сүресі, 56-аят) Яғни олар Мені құлшылықта жалғыздап

ерекшелеуі, әмірлерімді орындап, тыйымдарымнан бас тартуы үшін. Әрі бұл туралы басқа да аяттар көп.

Шейх Мухаммад әт-Тәмийми (Аллаһ оны рахымына бөлесін) содан соң: «Әрі Аллаһ әмір еткен нәрселердің ең ұлығы – бұл бірқұдайшылық(таухид). Ал ол құлшылық-ғибадатты тек жалғыз Аллаһқа ғана арнау дегенді білдіреді», - деді. Бұл – құлшылық-ғибадаттың барлық әрі кез-келген түрлерін тек Аллаһ Тағалаға арнап, Онымен бірге қандай да бір пұтқа, пайғамбарға, періштеге, тасқа, жынға немесе басқа әлдебір нәрсеге немесе әлдебіреуге құлшылық жасамау.

Кейін шейх Мухаммад әт-Тәмийми (Аллаһ оны рахымына бөлесін): «Ал Аллаһтың тыйым салған амалдардың ең ұлысы – ширк, яғни Аллаһпен бірге өзгеге дұға-құлшылық ету», - деді.

Аллаһ Тағала бұл жайлы былай деген:

﴿وَلَوْ أَشْرَكُوا لَحَبِطَ عَنْهُمْ مَا كَانُوا يَعْمَلُونَ ٨٨﴾

«Егер олар (Аллаһқа) серік қосқан болғанда, істеген істері жойылар еді» («әл-Әнғам» сүресі, 88-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

﴿وَلَقَدْ أُوحِيَ إِلَيْكَ وَإِلَى الَّذِينَ مِنْ قَبْلِكَ لَئِنْ أَشْرَكْتَ لَيَحْبَطَنَّ عَمَلُكَ وَلَتَكُونَنَّ مِنَ الْخَاسِرِينَ ٦٥﴾

«Расында, саған да әрі сенен бұрынғыларға да: «Егер Аллаһқа серік қоссаң, амалың жойылады және сөзсіз зиянға ұшыраушылардан боласың», - деп уахи етілді» («әз-Зүмәр» сүресі, 65-аят).

Бухари мен Муслимнің қос сенімді хадистер жинақтарында бірде Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Қай күнә — ең үлкен?» – деп сұрақ қойылғаны, әрі ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бұған: «Аллаһ сені жаратқан бола тұра оған серік қосуың» – деп жауап бергені жеткізіледі. Кейін Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Содан кейін қайсы күнә?» – деп сұрақ қойылды. Ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Өз балаңды өзің, ол сенің тамағыңа ортақ болуынан (яғни кедейліктен) қорқып, өлтіруің», – деді. Кейін оған (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Содан кейін қайсы күнә?» – деп сұрақ қойылды. Әрі ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Көршінің әйелімен зина жасауың», – деп жауап берді¹⁰. Бұл хадисте ширктің ең үлкен және ең қауіпті күнә екендігі туралы анық айтылған.

¹⁰ Бұл хадисті Абдуллаһ ибн Масғудтан Бухари (447) мен Муслим (86) риуаят еткен. Имам Бухари оны өзінің «Сахих» жиғағының «Тәпсір» кітабында, «әл-Бақара» сүресіндегі:

﴿فَلَا تَجْعَلُوا لِلَّهِ أَنْدَادًا وَأَنْتُمْ تَعْلَمُونَ (٢٢)﴾

«Сондықтан да Аллаһқа біле тұра серік қоспаңдар» («әл-Бақара» сүресі, 22-аят) сөздерінің тәпсірінде келтірген. Ал имам Муслимнің «Сахихында» бұл хадис «Иман кітабындағы» «Ширк –

Басқа хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) өз сахабаларынан: *«Сендерге үлкен күнәлардың ең үлкендері туралы айтып берейін бе?»* - деп сұрағаны әрі олар: *«Әрине, уа Аллаһтың Елшісі!»* – дегенде, Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): *«Аллаһқа серік қосу»*, – деп айтқаны жеткізілген. Бұл хадис «муттафақун ғалейһ», яғни Бухари мен Муслимнің екі «Сахих жинақтарында» келтірілген.¹¹

Таухид – бұл Аллаһты құлшылықта жалғыздау. Ал ширк – Аллаһпен бірге басқаға да құлшылық жасау. Мысалы: Аллаһпен қатар өзгеге дұға ету, немесе Аллаһпен қатар өзгеден де Аллаһтан қорыққандай етіп тағзым-ұлықтаумен қорқу, немесе Аллаһпен бірге басқаға да үміт арту, немесе құрбандық шалу, немесе нәзір беру, немесе құлшылықтың басқа да түрлерін Аллаһтан басқа әлдебіреуге арнау. Бұл – үлкен (яғни адамды мұсылмандықтан шығарып жіберетін) ширк. Әрі осы орайда құлшылық етіліп жатқан нәрсе пайғамбар болады ма, періште бола ма, жын бола ма, ағаш не тас немесе басқа нәрсе бола ма – бұның барлығы ширк болып саналады.

Сондықтан да Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَاعْبُدُوا اللَّهَ وَلَا تُشْرِكُوا بِهِ شَيْئًا﴾

«Аллаһқа құлшылық етіңдер және Оған ешнәрсені серік қоспаңдар» («ән-Ниса» сүресі, 36-аят).

Мұндағы **«ешнәрсені»** («шәй'ән») сөзі — тыйымды білдіретін сөйлем құрамында белгісіздік («нәкира») райында келген. Ал бұл араб тілінің мен фиқһ негіздерінің ереже-қағидаларына сәйкес бұл тыйымның серік қосылатын барлық нәрсені қамтитынын білдіреді.

Аллаһ Тағала тағы былай деген:

﴿وَمَا أُمِرُوا إِلَّا لِيَعْبُدُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ حُنَفَاءَ وَيُقِيمُوا الصَّلَاةَ وَيُؤْتُوا الزَّكَاةَ وَذَلِكَ دِينُ الْقَيِّمَةِ ۝﴾

«Олар дінді Аллаһқа ғана ықыласты түрде арнап, ханифтер (бірқұдайшылар) болған күйде ғана Оған ғибадат етуге, намаз оқуға және зекет беруге бұйырылды. Әрі осы – түп-тура дін» («әл-Бәйина» сүресі, 5-аят).

күнәлардың ең ауыры және оның артынан келетін ең үлкен күнәларды түсіндіру» бабында келтіреді.

¹¹ Хадистің толық нұсқасында мына сөздер бар: *«Ата-аналарға қарсы келу, өтірік айту және жалған куәлік ету»*. Бұл — Абу Бакра арқылы келген риуаят, хадисті имам Бухари бірнеше жерде келтіреді. Соның бірі – «Әдеп кітабындағы» «Ата-анаға қарсы келудің тыйым салынғандығы туралы» бабында (№5976). Ал имам Муслим бұл хадисті өзінің «Сахих» жинағындағы «Иман кітабындағы» үлкен күнәлар мен олардың ең үлкендерінің түсіндірмесі келтірілген бөлімде келтіреді (№87).

Аллаһ Тағала әмір еткен ең ұлы нәрсе – бұл таухид, яғни Аллаһты ғибадатта жалғыздау. Ал Ол тыйым салған істердің ең үлкені – бұл туралы жоғарыда айтып кеткеніміздей, бұл - Аллаһқа серік қосу (ширк).

Сондықтан да Аллаһ Тағала Құран Кәрімде таухидке әмір етуді және ширктен тыйым салуды өте көп қайталап айтады.

Қабірдегі қойылатын сұрақтарға шағын баяндама

Автор (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген:

«Егер сізге: «Адам білуі парыз болған үш негіз қандай?» - деп сұрақ қойылса, онда: «Пенденің өз Раббысын, дінін және пайғамбары Мухаммадты (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) тануы», - деп жауап беріңіз.

Әрі егер сізден: «Раббың кім?» - деп сұраса, сіз: «Менің Раббым – Аллаһ. Ол мені тәрбиелеп-өсірді (Раббылық етті) және бүкіл әлемдерді де Өз нығметімен тәрбиелеп-өсірді. Мен Оған ғана құлшылық етемін және мен үшін Одан басқа құлшылық етер ешбір құдай жоқ!»

Аллаһ Тағаланың келесі сөздері бұған дәлел болады:

﴿الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ ۝۲﴾

«Бүкіл мақтау әлемдердің Раббысы – Аллаһқа тән» («әл-Фатиха» сүресі, 2-аят).

Аллаһтан өзгенің барлығы - әлем, мен де сол әлемнің бірімін».

Шейх ибн Баздың (Аллаһ оны рахымына бөлесін) түсіндірмесі (шархы)

Бұл — дінді толық қамтитын үш негіз, яғни: Раббың кім? Дінің не? Пайғамбарың кім? Бұл — пенденің қабірде сұралатын сұрақтары.

Егер сізден біреу: «Раббың кім?», - деп сұраса, оған: «Менің Раббым — мені тәрбиелеген, әрі бүкіл әлемдерге өз мейірімімен Раббылық ететін Аллаһ. Ол - менің құлшылық ететін Құдайым әрі менің Одан өзге құлшылық ететін құдайым жоқ. Міне, осы — баршаға ортақ Раббы», - деп жауап бер. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деді:

﴿بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ ۝۱﴾

«Бүкіл мақтау әлемдердің Раббысы – Аллаһқа тән» («әл-Фатиха» сүресі, 2-аят).

Әлемдер дегеніміз – бұл барлық жаратылыстар, олардың барлығының жиынтығы - әлемдер. Жындар мен адамдар, жануарлар, таулар мен ағаштар – бұлардың әрбірі өздігінше бір әлем. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّ رَبَّكُمُ اللَّهُ الَّذِي خَلَقَ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضَ فِي سِتَّةِ أَيَّامٍ ثُمَّ اسْتَوَىٰ عَلَى الْعَرْشِ يُغْشِي اللَّيْلَ النَّهَارَ يَطْلُبُهُ حَثِيثًا وَالشَّمْسُ وَالْقَمَرُ وَالنُّجُومُ مُسَخَّرَاتٌ بِأَمْرِهِ ۗ أَلَا لَهُ الْخَلْقُ وَالْأَمْرُ ۗ تَبَارَكَ اللَّهُ رَبُّ الْعَالَمِينَ ٥٤﴾

«Күдіксіз, Раббыларың сондай Аллаһ, көктер мен жерді алты күнде жаратқан. Содан кейін Аршыға көтерілген. Бірін-бірі қуалап, күндізді бүркеген түнді, және күн мен айды, сондай-ақ жұлдыздарды да әміріне бағындырған. Күмән жоқ, жарату және бұйрық беру Оған тән. Бүкіл әлемдердің Раббысы – Аллаһ Игі-берекелі (Тәбарак)» («әл-Әғраф» сүресі, 54-аят). Сондықтан да Ол (Аллаһ) барлық жаратылыстардың Раббысы, жарату мен әмір ету Оған ғана тән. Ол ғана оған құлшылық-ғибадат етілуге лайық. Сондықтан да Аллаһ Тағала:

﴿يَا أَيُّهَا النَّاسُ اعْبُدُوا رَبَّكُمُ

«Әй адамдар! Раббыларыңа құлшылық қылыңдар», - деген («әл-Бақара» сүресі, 21-аят). Ол – менің құлшылық ететін Раббым әрі менің Одан басқа құлшылық ететін құдайым жоқ.

Бұған дәлел – Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ ٢﴾

«Бүкіл мақтау – әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән» («әл-Фатиха» сүресі, 2-аят).

Яғни: бүкіл мадақ, мақтау, шүкір – Аллаһқа ғана тән, ал ғибадат мақтау мен дәріптеудің бір бөлігі болып табылады.

Аллаһтан басқа барлық нәрсе – әлем деп аталады: яғни жындар, адамдар, жануарлар, таулар – мұның барлығы әлем болып табылады. Мен де (яғни, адам баласы) – Аллаһ Тағала оны жоқтан бар етіп жаратқан және оған Өзіне ғана құлшылық етуді парыз етіп бұйырған осы әлемдердің бірімін. Міне сондықтан да Аллаһ Тағала оларға шариғатты жүктеген жындар мен адамдардан болған барлық әлемдер Аллаһқа және Оның Елшісіне бағынып, мойынсұнуы әрі Аса Жоғары Оны ғана құлшылыққа лайықты жалғыз Құдай деп дәріптеуі – парыз.

Сол секілді періштелерге де тек Аллаһқа ғана құлшылық ету бұйырылған. Осыған байланысты Аллаһ Тағала періштелер туралы былай деді:

﴿لَا يَعْصُونَ اللَّهَ مَا أَمَرَهُمْ وَيَفْعَلُونَ مَا يُؤْمَرُونَ ٦﴾

«Олар (періштелер) Аллаһтың әміріне қарсы келмейді әрі өздеріне бұйырылғанды орындайды» («әт-Тахрим» сүресі, 6-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿لَا يَسْبِقُونَهُ بِالْقَوْلِ وَهُمْ بِأَمْرِهٖ يَعْمَلُونَ ۚ ۲۷ يَعْلَمُ مَا بَيْنَ أَيْدِيهِمْ وَمَا خَلْفَهُمْ وَلَا يَشْفَعُونَ إِلَّا لِمَنِ ارْتَضَىٰ وَهُمْ مِّنْ خَشْيَتِهٖ مُشْفِقُونَ ۚ ۲۸﴾

««Олар (періштелер) Одан (Аллаһтан) оза сөйлемейді (яғни өздеріне Аллаһ бұйырған нәрселерді ғана айтады) әрі Оның әміріне сәйкес ғана іс қылады (яғни Аллаһ бұйырмаған нәрселерді істемейді). Аллаһ олардың келешегін де (яғни болашақта істейтін істерін де), өткенін де (яғни олардың өткен істерін де) біледі. Олар Аллаһ разы болған біреуден басқаға шапағат ете алмайды. Олар Аллаһтан қатты қорыққанынан тітірейді (яғни Аллаһқа мойынсұнбаудан үрейленеді)» («әл-Әнбия» сүресі, 27-28 аяттар).

Автор (Аллаһ оны рахымына бөлесін) өзінің осы жолдауын былай деп жалғастырады:

«Егер де сізге: «Сен Раббыңды не арқылы таныдың?» - деген сұрақ қойылса, сіз: «Оның аят-белгілері мен жаратылыстары арқылы таныдым», - деп жауап беріңіз. Түн мен күндіз, күн мен ай Оның аят-белгілерінен. Ал жеті қабат аспан мен жеті қабат жер және ондағылар мен олардың арасындағылар - Аллаһтың жаратылыстарынан. Бұған дәлел - Аллаһтың мына сөздері:

﴿وَمِنْ ءَايَتِهٖ اللَّيْلُ وَالنَّهَارُ وَالشَّمْسُ وَالْقَمَرُ ۚ لَا تَسْجُدُوا لِلشَّمْسِ وَلَا لِلْقَمَرِ وَاسْجُدُوا لِلَّهِ الَّذِي خَلَقَهُنَّ إِن كُنتُمْ إِيَّاهُ تَعْبُدُونَ ۚ ۳۷﴾

«Оның аят-белгілерінен — түн мен күндіз әрі күн мен ай. Күнге де, айға да сәжде етпеңдер, оларды жаратқан Аллаһқа ғана сәжде қылыңдар, егер Оған құлшылық етпек болсаңдар» («әл-Фуссиләт» сүресі, 37-аят).

Сондай-ақ Оның мына сөздері де:

﴿إِنَّ رَبَّكُمُ اللَّهُ الَّذِي خَلَقَ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضَ فِي سِتَّةِ أَيَّامٍ ثُمَّ اسْتَوَىٰ عَلَى الْعَرْشِ يُغْشِي اللَّيْلَ النَّهَارَ يَطْلُبُهُ حَنِيبًا وَالشَّمْسَ وَالْقَمَرَ وَالنُّجُومَ مُسَخَّرَاتٍ بِأَمْرِهِ ۗ أَلَا لَهُ الْخَلْقُ وَالْأَمْرُ تَبَارَكَ اللَّهُ رَبُّ الْعَالَمِينَ ۚ ۵۴﴾

«Күдіксіз, Раббыларың сондай Аллаһ, көктер мен жерді алты күнде жаратқан. Содан кейін Аршыға көтерілген. Бірін-бірі қуалап, күндізді бүркеген түнді және күн мен айды, сондай-ақ жұлдыздарды да әміріне бағындырған. Күмән жоқ, жарату және бұйрық беру Оған тән. Бүкіл әлемдердің Раббысы – Аллаһ Игі-Берекелі (Тәбарак)» («әл-Әғраф» сүресі, 54-аят).

Раббы – ол Оған құлшылық арналатын Құдай (Мағбұд). Бұған дәлел:

﴿يَا أَيُّهَا النَّاسُ اعْبُدُوا رَبَّكُمُ الَّذِي خَلَقَكُمْ وَالَّذِينَ مِنْ قَبْلِكُمْ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ ۚ ۲۱ الَّذِي جَعَلَ لَكُمُ الْأَرْضَ فِرَاشًا وَالسَّمَاءَ بِنَاءً وَأَنْزَلَ مِنَ السَّمَاءِ مَاءً فَأَخْرَجَ بِهِ مِنَ الثَّمَرَاتِ رِزْقًا لَكُمْ فَلَا تَجْعَلُوا لِلَّهِ أَنْدَادًا وَأَنْتُمْ تَعْلَمُونَ ۚ ۲۲﴾

«Әй адамдар! Сендерді және сендерден бұрынғыларды жаратқан Раббыларыңа ғана құлшылық етіңдер, сонда сақтанған боласыңдар. Ол сендер үшін жерді төсеніш, көкті шатыр етіп жаратты. Көктен жаңбыр жаудырып, сол арқылы сендерге әртүрлі өсімдіктерден ризық шығарды. Ендеше, біле тұра Аллаһқа ешкімді теңдес етпеңдер!» («әл-Бақара» сүресі, 21-22-аяттар).

Ибн Кәсир (Аллаһ Тағала оны рахым етсін): «Осылардың барлығының Жаратушысы, сол ғана Оған құлшылық-ғибадат етуге лайық!» - деп айтқан.¹²

Шейх ибн Баздың (Аллаһ оны рахымына бөлесін) түсіндірмесі (шарх)

Шейх Мухаммад Сулейман әт-Тәмийми (Аллаһ оны рахым етсін): «Егер де сізге: «Сен Раббыңды не арқылы таныдың?» - деген сұрақ қойылса, сіз: «Оның аят-белгілері мен жаратылыстары арқылы таныдым», - деп жауап беріңіз», - деп айтады». Яғни мен Оны Оның көптеген аяттары мен ұлы жаратылыстары арқылы таныдым. Бұл аяттар мен жаратылыстар Оның Ұлы Раббы, барлық нәрсені Білуші Жаратушы әрі Ол ғана құлшылыққа лайықты екеніне, Ол қалағанын жарататынына, қалаған пендесіне нығметтерін беретініне әрі қалағанын олардан айыратынына әрі Ол ғана пайда келтіретіне және Ол ғана зиян тигізетіне дәлел болады. Барлық нәрсе Бүкіл кемшіліктен пәк Оның ғана қолында.

Сондықтан Ол ғана біз Оған бойсұнып, дуға тілектерімізбен жалбарынып, көмек сұрап, басқа да барлық амалдарымыз арқылы құлшылық-ғибадат етуімізге лайықты жалғыз Құдай. Өйткені Аллаһ Тағала бізді осы үшін жаратқан. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ ۚ ۵۶﴾

«Мен жындар мен адамдарды тек Өзіме құлшылық етулері үшін ғана жараттым» («әз-Зәрият» сүресі, 56-аят).

¹² Ол — Әбу әл-Фида әл-Хафиз Ғимадуддин Исмағил ибн Умар ибн Кәсир әл-Қураши, шығу тегі бойыншы Димашқи, шәфиғи мазһабын ұстанған, «әл-Бидая уән-Нихая» және «Тафсир Ибн Кәсир» атты танымал тәпсір және тарих еңбектерінің авторы. Хижри жыл санауы бойына 774-жылы дүниеден өткен. Қосымша мәліметтер үшін әз-Зәһәбидің «Тәзкирату әл-хуффаз» (4/1508) және Ибн Хәжардың «әд-Дурар әл-кәмина» (1/400) атты еңбектерін қараңыз. Ол бұл тәпсірін «әл-Бақара» сүресінің 22-аятында берген. Бұл мәтін екінші басылымның үшінші нұсқасы, 1426-хижри жылы, яғни 2005-миләди жылы жарық көрген.

Ал Аллаһты Оның аяттары (белгілері) арқылы танудың дәлелі – Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿وَمِنْ آيَاتِهِ اللَّيْلُ وَالنَّهَارُ وَالشَّمْسُ وَالْقَمَرُ﴾

«Оның белгілерінен – түн мен күндіз, күн мен ай» («әл-Фуссыләт» сүресі, 37-аят). Міне, осының бәрі Оның әлемдердің Раббысы, бүкіл нәрсені Білуші Жаратушы екендігін білдіреді. Оның ұлы аят-белгілерінен - түнің қараңғылығымен келгенде, күндіздің жарығымен кететіні. Сосын ізінен күндіз келіп, түннің кететіні.

Ал мына күн — бүкіл дүние жүзіндегі адамдардың үстінен көтеріліп, (жарығы мен ыстығын шашып тұрады) әрі олардың барлығы оның пайдасын көреді. Ай да дәл сондай Аллаһтың аят белгілерінен. Жер де, сол жерегі таулар, өзендер, теңіздер, ағаштар, жануарлар да, адамдар көретін мына көктер де — бұлардың барлығы Оның ұлылығына нұсқайтын әрі Ол — бүкіл әлемдердің Раббысы, барлық нәрсені Білуші Жаратушы, Ол ғана құлшылыққа лайықты екеніне нұсқайтын ұлы аят-белгілер болып табылады. Сондықтан да Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمِنْ آيَاتِهِ اللَّيْلُ وَالنَّهَارُ وَالشَّمْسُ وَالْقَمَرُ لَا تَسْجُدُوا لِلشَّمْسِ وَلَا لِلْقَمَرِ وَاسْجُدُوا لِلَّهِ الَّذِي خَلَقَهُنَّ إِن كُنتُمْ إِيَّاهُ تَعْبُدُونَ﴾

«Оның аят-белгілерінен — түн мен күндіз әрі күн мен ай. Күнге де, айға да сәжде етпеңдер, оларды жаратқан Аллаһқа сәжде етіңдер, егер Оған құлшылық етпек болсаңдар»!» («әл-Фуссыләт» сүресі, 37-аят). Яғни: Бұл жаратылған нәрселерге құлшылық етпеңдер. Оларды жаратқан және жоқтан бар еткен Пәк Аллаһ Тағалаға ғана құлшылық етіңдер. Өйткені тек Пәк Аллаһ Тағала ғана пенде Оның алдында кішірейіп құлдық етуге, әмірлеріне бойсынуға және тыйымдарынан тыйылуға, Оған тағзым итағат танытып, қасиеттеп дәріптеуге, Одан қорқуға, Оның мейірімінен үміт етуге лайықты.

Аса Пәк Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّ رَبَّكُمُ اللَّهُ﴾

«Шын мәнінде, сендердің Раббыларың — Аллаһ» («әл-Әғраф» сүресі, 54-аят). Яғни: Әй Аллаһтың жындар мен адамдардан болған құлдары! Сендердің Раббыларың — Аллаһ. Яғни Ол сендердің Жаратушыларың әрі құлшылыққа Жалғыз Ол ғана лайық, Оның ешбір серігі жоқ.

﴿الَّذِي خَلَقَ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضَ فِي سِتَّةِ أَيَّامٍ ثُمَّ اسْتَوَىٰ عَلَى الْعَرْشِ﴾

«(Ол, яғни: Раббыларың – Аллаһ) Көктер мен жерді алты күнде жаратты, кейін Аршыға көтерілді» («әл-Әғраф» сүресі, 54-аят). Яғни: Ол – аса Жоғары әрі Пәк Аллаһ Аршыға көтерілді және одан (Аршыдан) жоғары болды.

Оның білімі барлық нәрсені қамтиді, Ол Аршының үстінде және барлық жаратылыстарынан жоғары. Арш – жаратылыстардың ең жоғарғысы. Ал Аллаһ – Аршыдан жоғары, Ол оның үстіне көтерілді және бұл Оның иләһи-құдайлық ұлылығына лайықты түрде болды. Ол Өзінің сипаттарында жаратылыстардың сипаттарымен ешқандай ұқсастығы жоқ. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿لَيْسَ كَمِثْلِهِ شَيْءٌ وَهُوَ السَّمِيعُ الْبَصِيرُ ۝۱۱﴾

«Оған ұқсас ешнәрсе жоқ. Ол – Естуші, Көруші» («әш-Шура» сүресі, 11-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

﴿وَلَمْ يَكُنْ لَهُ كُفُوًا أَحَدٌ﴾

«Әрі Оған ешкім тең емес» («әл-Ихлас» сүресі, 4-аят).

Автор келтіретін аяттағы Аллаһ Тағаланың

﴿يُغْشِي اللَّيْلَ النَّهَارَ يَطْلُبُهُ حَثِيثًا﴾

«Бірін-бірі қуалап, күндізді бүркеген түнді» деген сөздерінің мағынасы - яғни Ол (Аллаһ) түнмен күндізді, күндізбен түнді бүркеп жабады. «يَطْلُبُهُ حَثِيثًا» – яғни, олардың бірі екіншісін бірін бірі жылдам түрде қуалап жетеді, бірі бітсе, екіншісі кіреді және бұл құбылыс Қиямет сағаты келгенше осылайша жалғаса береді. Аллаһ Тағала бұл аятта әрі қарай былай деген:

﴿وَالشَّمْسُ وَالْقَمَرُ﴾

Яғни: Аллаһ күн мен айды жаратты. Әрі жұлдыздарды да олар Оның әміріне бағынушы, Оны мақтап-дәріптеуші етіп жаратты.

Кейін Аллаһ Тағала былай деген:

﴿أَلَا لَهُ الْخَلْقُ وَالْأَمْرُ﴾

«Күмән жоқ, жарату да, әмір де Оған тән» («әл-Әғраф» сүресі, 54-аят). Жарату да, әмір ету де Оған (Аллаһқа) ғана тиесілі.

﴿إِنَّمَا أَمْرُهُ إِذَا أَرَادَ شَيْئًا أَنْ يَقُولَ لَهُ كُنْ فَيَكُونُ ۝۸۲﴾

«Расында, егер ол Бір нәрсені қаласа, Ол оған: «Бол!» - дейді де, ол дереу болады» («Ясин» сүресі, 82-аят).

﴿وَمَا أَمْرُنَا إِلَّا وَحْدَةً كَلَمْحٍ بَلْبَصَرٍ ۝٥٠﴾

«Әміріміз бір-ақ қас қаққандай» («әл-Қамар» сүресі, 50-аят).

Автор келтіретін «әл-Әғраф» сүресінің 54-аятындағы Аллаһ Тағаланың

﴿تَبَارَكَ اللَّهُ رَبُّ الْعَالَمِينَ ۝٥٤﴾

«Бүкіл әлемдердің Раббысы – Аллаһ Игі-Берекелі» сөздеріндегі (تبارك) — «Тәбәәрак» - «Игі-берекелі» сөзі берекенің кемелдігіне жеткен (игілік-берекені жалғыз Өзі сыйлаушы) дегенді білдіреді. Бұл — тек Аллаһқа ғана жарасымды сөз. Сондықтан ол пендеге қатысты қолданылмайды. Мысалы, «тәбәәрак я фулән» («Пәленше нендей береке сыйлаушы») деп айтуға болмайды. Бұл сипат тек Аллаһқа тән. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿تَبَرَّكَ الَّذِي بِيَدِهِ الْمَلَكُ وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ ۝١﴾

«Қолында бүкіл билік-мүлік болған Аллаһ өте Игі-Берекелі (Тәбәәрак) («әл-Мүлк» сүресі, 1-аят). Жаратылыстарға қатысты: «Аллаһ пәленге береке берген», «Пәлен – мубәәрак (яғни Аллаһ тарапынан берекеге бөленген) адам», - деп айтуға болады. Алайда «Тәбәәрак» (яғни өзгелерге береке беруші, сыйлаушы) сөзі — тек Жалғыз Аллаһқа ғана тән.

Ал осы аяттағы Аллаһ Тағаланың رَبُّ الْعَالَمِينَ — «Бүкіл әлемдердің Раббысы» сөздеріндегі «Рабб» — бұл Оған құлшылық-ғибадат етілетін Құдай. «әл-Ғәләмин» дегені — яғни әлемдер, бұл жындар мен адамдар, аспан мен жер және басқа да бүкіл жаратылыстар. Әрі Пәк әрі Аса Жоғары Аллаһ — олардың барлығының Раббысы және олардың барлығының Жаратушысы, Ол Аса Ұлы әрі Өте Жоғары.

Автор, яғни Мухаммад әт-Тамими, әрі қарай келтіретін аяттарда Аллаһ Тағала былай деген:

﴿يَا أَيُّهَا النَّاسُ اعْبُدُوا رَبَّكُمُ الَّذِي خَلَقَكُمْ وَالَّذِينَ مِنْ قَبْلِكُمْ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ ۝٢١﴾

«Әй адамдар! Сендерді және сендерден бұрынғыларды жаратқан Раббыларыңа құлшылық қылыңдар. Сонда ғана сақтанған боласыңдар» («әл-Бақара» сүресі, 21-аят). Аллаһ Тағала бізден бұрынғыларды да, бізден кейінгілерді де, Адамнан (әлейһи-с-сәлам) бұрынғы жаратылыстарды да, одан кейінгілерді жаратты. Ол (Аллаһ Тағала) — бүкіл жаратылыстарды олар Оның әмірлерін орындау және тыйымдарынан тыйылу арқылы сақтанып қорқулары үшін және Оған ғана құлшылық етулері үшін жаратты. Сол үшін де Аллаһ Тағала:

﴿لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ ۝٢١﴾

«Сонда ғана сақтанған боласыңдар», - деді. Содан кейін Аллаһ Тағала Өзінің кейбір істерін баян етіп былай деді:

﴿الَّذِي جَعَلَ لَكُمُ الْأَرْضَ فِرَاشًا وَالسَّمَاءَ بِنَاءً﴾

«Ол сендер үшін жерді төсеніш, аспанды төбе етіп жаратты...» («әл-Бақара» сүресі, 22-аят). Аллаһ Тағала жерді адамдар үшін төсеніш етті, яғни жер — олар үшін жайлы орын. Олар онда өмір сүреді, тіршілік етіп тұрады, үй салады, ұйықтайды, жүреді. Аллаһ жерге тауларды мықтап орнатты.

Кейін Аллаһ Тағала:

﴿وَالسَّمَاءَ بِنَاءً﴾

«Аспанды (реттілік пен тәртіпке ие шатыр ретіндегі) құрылыс етті» – деді («әл-Бақара» сүресі, 22-аят). Яғни: Ол (аса Жоғары Аллаһ) оны сендер үшін жоғарыда мығым бекітіліп орнатылған, мызғымас, қорғалған шатыр ретіндегі құрылым етіп қойды. Бірақ олар – Оның (яғни Аллаһтың) аяттарынан теріс айналушылар. Сондай-ақ Аллаһ Тағала оны (яғни аспанды) – жұлдыздармен, күнмен және аймен безендірді.

﴿وَأَنْزَلَ مِنَ السَّمَاءِ مَاءً﴾

«Көктен су түсірді» – яғни бұлттардан жаңбыр жаудырды.

﴿فَأَخْرَجَ بِهِ مِنَ الثَّمَرَاتِ رِزْقًا لَّكُمْ﴾

«Сол арқылы сендерге әртүрлі өсімдіктерден ризық шығарды». Яғни Аллаһ сол жаңбыр арқылы жердің әр түкпірінен түрлі ризық көздерін несібе етті. Ол (Аллаһ) сол арқылы өлі жерді қайта тірілтеді.

Кейін Аллаһ Тағала былай деді:

﴿فَلَا تَجْعَلُوا لِلَّهِ أَنْدَادًا وَأَنْتُمْ تَعْلَمُونَ ٢٢﴾

«Сондықтан, біле тұра, Аллаһқа теңдес жасамаңдар». Яғни өздерің үшін сендер соларды Оған ұқсатып, Онымен қатар қойып, Онымен бірге соларға құлшылық ететін еш нәрсені: мүсінді де, жынды да, періштені да, басқа ештеңені де – теңдес алып алмаңдар!

Ғибадат (құлшылық) – тек Аллаһқа ғана тән құқық. Оның ешбір теңдесі жоқ, ешбір ұқсасы жоқ, ешбір мысалы жоқ. Шын мәнінде, Ол – Хақ (шынайы) Иләһ (Құдай). Алайда мүшриктер (Аллаһқа серік қосушылар) Оған серік, ұқсас әрі мысал келтіреді. Олар түрлі пұттарға, жындарға, періштелерге табынып, Аллаһтан өзгелерге құлшылық етіп, олардан көмек сұрап, жалбарынады. Алайда Аллаһ Тағала олардың бұл әрекеттерін теріске шығарады және бұл

жаратылыстардың ешбіріне құлшылық етуге ешқандай құқықтары жоқ екендігін түсіндіреді. Олардың Аллаһ Тағаланың қалауынсыз өз беттерінше ешбір нәрсеге күші де, ықпалы жоқ.

Хафиз Ибн Кәсир (Аллаһ оны рахымына бөлесін) өзінің тәпсірінде былай деген: «Осының барлығының, яғни аспан, жер, жемістер, ағаштар, жаңбыр және сол сияқты бүкіл нәрселердің Жаратушысы болған Пәк әрі Аса Жоғары Ол ғана Оған құлшылық-ғибадат етуге және Оған бағынуға лайық. Өйткені Ол ғана бүкіл нәрсенің Раббысы әрі бүкіл нәрсенің Жаратушысы. Бұл туралы Аллаһ Тағаланың Өзі:

﴿وَالْهُكْمُ إِلَهُ وَحْدٌ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الرَّحْمَنُ الرَّحِيمُ ١٦٣﴾

«Құдайларың — бір-ақ Құдай. Одан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ. Ол – аса Мейірімді, ерекше Рахымды», - деп айтқанындай («әл-Бақара» сүресі, 163-аят).

Ғибадаттың мағынасы мен оның түрлері әрі шапағат туралы

Автор (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген:

«Аллаһ бұйырған құлшылықтардың түрлеріне Ислам, Иман, Ихсан және солардың ішінде: дұға, қауіптеніп қорқу, үміт, тәуекел, сауап күту (роғба), азапталудан қорқу (роһба), үрейлену (хощийя), мойынсұну (хушуғ), күнәлардан бойұсынушылыққа қайту (инәәба), көмек тілеу (истиғана), пана тілеу (истиғаза), қиын жағдайда құтқару тілеп жалбарыну (истиғоса), мал (құрбан) шалу, нәзір және Аллаһ бұйырған басқа да құлшылық түрлері кіреді. Осылардың барлығы тек Аллаһ Тағала үшін орындалуы міндетті. Бұған дәлел – Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿وَأَنَّ الْمَسْجِدَ لِلَّهِ فَلَا تَدْعُوا مَعَ اللَّهِ أَحَدًا ١٨١﴾

«Расында, мешіттер Аллаһтікі. Сондықтан Аллаһпен бірге ешкімге дұға (құлшылық) етпеңдер» («әл-Жинн» сүресі, 18-аят).

Егер адам осылардың қайсысын болса да Аллаһтан басқа біреуге арнайтын болса, ол Аллаһқа серік қосушы (мушрик) және кәпір болады. Бұған дәлел – Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿وَمَنْ يَدْعُ مَعَ اللَّهِ إِلَهًا آخَرَ لَا بُرْهَانَ لَهُ بِهِ فَإِنَّمَا حِسَابُهُ عِنْدَ رَبِّهِ إِنَّهُ لَا يُفْلِحُ الْكَافِرُونَ﴾

﴿١١٧﴾

«Кім ешбір дәлелсіз Аллаһпен бірге басқа құдайға дұға (құлшылық) етсе, рас, оның есебі Раббысының қасында. Расында, кәпірлер құтылмайды!» («әл-Муьминун» сүресі, 117-аят).

Хадистердің бірінде: «Дұға – құлшылықтың өзегі», - деп айтылады (әт-Тирмизи, Абу Дауд).¹³

Бұған дәлел - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿وَقَالَ رَبُّكُمْ ادْعُونِي أَسْتَجِبْ لَكُمْ إِنَّ الَّذِينَ يَسْتَكْبِرُونَ عَنْ عِبَادَتِي سَيَدْخُلُونَ جَهَنَّمَ

دَاخِرِينَ ۖ﴾

«Раббыларың: «Маған дұға етіңдер, (тілектеріңе) жауап беремін. Ал маған құлшылық етуге менменсінгендер Тозаққа қор болған күйде кіреді», - деді» («Ғафир» сүресі, 60-аят)».

Шейх ибн Баздың (Аллаһ оны рахымына бөлесін) түсіндірмесі (шарх)

Құлшылықтың әрқандай түрлері бар, олардың қатарына – Ислам дінінің тіректері жатады. Аллаһ әмір еткен барлық амал – құлшылық болып саналады. Мысалы, намаз, ораза және осыған ұқсас өзге де амалдар. Сол секілді жасырын (яғни жүрекпен жасалатын) амалдар да құлшылыққа жатады – мысалы, Аллаһқа, Оның періштелеріне, Кітаптарына, елшілеріне, Ақырет күніне, тағдырға әрі жақсылық пен жамандық сол тағдырмен келетініне иман келтіру. Сол сияқты (тағзым-ұлықтаумен) қорқу, (тағзым-ұлықтаумен дәріптеп) жақсы көру және үміт ету де құлшылыққа жатады. Жалпы (адам солар арқылы өзінің тағзым етіп, ұлықтап, дәріптейтін объектісіне қатысты) жүрекпен жасалатын нәрселердің барлығы – құлшылықтың ішіне кіреді. Сондай-ақ ихсан да осыған жатады. Ихсан деген: «Аллаһқа оны көріп тұрғандай етіп құлшылық етуің». Бұл да ғибадаттың бір түрі, тіпті ол (яғни Аллаһқа оны көріп тұрғандай етіп құлшылық етуің әрбір мұмин адам соған ұмтылуға тиіс болған, пайғамбарлардың Аллаһқа дәл осылайша құлшылық ететін) ғибадаттың ең жоғары және ең ұлы дәрежесі.

Сондықтан әрбір мукалләф¹⁴ адамға құлшылықты ықыласты түрде тек Аллаһқа арнау міндет. Ол Аллаһпен бірге пайғамбарларға, әулиелерге, пұттарға, ағаштарға,

¹³ Бұл хадисті имам әт-Тирмизи Әнас ибн Мәликтен (Аллаһ оған разы болсын), «Пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жеткен дұғалар» тарауындағы, «Дұғаның артықшылығы» бөлімінде жеткізген, №3371-хадис. Ол былай деді: «Бұл хадис — ғариб (сирек) хадис». Бұл хадистің тізбегінде Ибн Ләһийя бар, ол әлсіз жеткізуші болып саналады. Бірақ бұл хадиске Нуғман ибн Бәширден келген хадис дәлел болады, онда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Дұға — бұл құлшылықтың өзі» — деп айтқан. Шейх бұл хадисті түсіндіруде осыған сүйенген. «Дұға — құлшылықтың өзегі» деген сөздің мағынасына қатысты Ибн әл-Асир былай деген: ««Мұх» - өзек сөзінің — бір нәрсенің шынайы, басты бөлігі». Яғни, дұға — құлшылықтың өзегі. Себебі құлшылық екі негізге сүйенеді: біріншісі — Аллаһтың әміріне бойсұну. Бұл туралы Аллаһ Тағала: «Маған дұға етіңдер — жауап беремін», - деген («Ғафир» сүресі, 60-аят); екіншісі — пенде барлық ісінің нәтижесін тек Аллаһтан күтіп, өз үмітін Одан басқа ешкімге артпай, мұқтаждығын тек Оған ғана білдірсе — бұл құлшылықтың шын мәні болады. Сондықтан дұға — құлшылықтың өзегі. [Ескерту: «مع العباداة» (құлшылықтың өзегі) тіркесіндегі «مع» сөзі — «негіз, өзек» деген мағына береді (Ибн әл-Жәузи, 860)]

¹⁴ Мукалләф – шариғи міндеттемелер жүктелген, балиғат жасына жеткен, ақыл-есі түзу адам.

тастарға немесе жұлдыздарға жалбарынбауы тиіс. Өйткені құлшылық – тек Аллаһқа ғана тән құқық, құлшылыққа Ол ғана лайық. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَأَنَّ الْمَسْجِدَ لِلَّهِ فَلَا تَدْعُوا مَعَ اللَّهِ أَحَدًا ۝۱﴾

«Расында, мешіттер Аллаһтікі. Сондықтан Аллаһпен бірге ешкімге дұға (құлшылық) етпеңдер» («әл-Жинн» сүресі, 18-аят). Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ ۝۵﴾

«Саған ғана құлшылық етеміз әрі Сенен ғана жәрдем сұраймыз!» («әл-Фатиха» сүресі, 5-аят). Басқа аятта Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَلَا تَدْعُ مِنْ دُونِ اللَّهِ مَا لَا يَنْفَعُكَ وَلَا يَضُرُّكَ فَإِنْ فَعَلْتَ فَإِنَّكَ إِذَا مِنَ الظَّالِمِينَ ۝۱۰۶﴾

«Әрі Аллаһтан өзге саған пайда да, зиян да келтіре алмайтын нәрселерге жалбарынба. Ал егер сен осыны істесең, онда, күдіксіз, залымдардан боласың» («Юнус» сүресі, 106-аят). Тағы бір аятта аса Жоғары Аллаһ былай деген:

﴿وَمَنْ يَدْعُ مَعَ اللَّهِ إِلَهًا آخَرَ لَا بُرْهَانَ لَهُ بِهِ فَإِنَّمَا حِسَابُهُ عِنْدَ رَبِّهِ إِنَّهُ لَا يُفْلِحُ الْكَافِرُونَ﴾

﴿۱۱۷﴾

«Кім ешбір дәлелсіз Аллаһпен бірге басқа құдайға дұға (құлшылық) етсе, рас, оның есебі Раббысының қасында. Расында, кәпірлер құтылмайды!» («әл-Муьминун» сүресі, 117-аят)

Аса Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ былай деген:

﴿يُولِجُ اللَّيْلَ فِي النَّهَارِ وَيُولِجُ النَّهَارَ فِي اللَّيْلِ وَسَخَّرَ الشَّمْسَ وَالْقَمَرَ كُلَّ يَجْرِيَ لِأَجَلٍ مُّسَمًّى ذَلِكُمُ اللَّهُ رَبُّكُمْ لَهُ الْمُلْكُ وَالَّذِينَ تَدْعُونَ مِنْ دُونِهِ مَا يَمْلِكُونَ مِنْ قِطْمِيرٍ ۝۱۳ إِنْ تَدْعُوهُمْ لَا يَسْمَعُوا دُعَاءَكُمْ وَلَوْ سَمِعُوا مَا اسْتَجَابُوا لَكُمْ وَيَوْمَ الْقِيَامَةِ يَكْفُرُونَ بَشِرْكُمْ وَلَا يُنَبِّئُكَ مِثْلُ خَبِيرٍ﴾

﴿۱۴﴾

«Ол (Аллаһ) түнді күндізге кигізіп, күндізді түнге кигізеді (яғни жылдың маусымына сәйкес күндізді түннің есебінен ұзартып әрі түнді күндіздің есебінен ұзартып, олардың ұзақтығын өзгертіп тұрады). Сондай-ақ ай мен күнді (жаратылыстарының игілігі үшін пайдалы етіп) бағындырды. Олардың (күн мен Айдың) әрбірі белгілі бір мерзімге (яғни бұл дүние жойылатын Қиямет сағатына) дейін қозғалып тұрады. Міне, Раббыларың Аллаһ осындай. (Барлық болмыстың үстінен) бүкіл билік (иелік) Оған тән (яғни барлық нәрсе Оның ғана иелігінде, барлық нәрсені Ол ғана жалғыз өзі басқарады әрі барлық нәрсе тек Оның білімі және қалауымен ғана орын алады). Одан өзге дұға етіп жалбарынғандарың (яғни сендер Аллаһтан өзге соларға жалбарынатын кез-келген жанды не жансыз жаратылыстарың) тіпті (құрманың) дәнегінің сыртындағы жұп-жұқа қабығына да (яғни болмашы нәрсеге де) ие емес. Егер оларға жалбарынсаңдар, олар дауыстарыңды естімейді. Ал егер олар тіпті (сендер ойлайтындай) еститін болғанда да, сендерге жауап қайтара алмайтын еді. Ал

Қиямет күні олар (Аллаһтан өзге жалбарынғандарың) сендердің (оларды Аллаһқа) серік қосқандарыңнан бас тартады. Әрі бүкіл нәрседен толық Хабардар (Аллаһтай) саған ешкім түсіндірмейді» («Фатыр» сүресі, 13-14 – аяттар).

Аллаһ Тағала олардың дұғаларын – ширк (яғни Аллаһқа серік қосу) деп атады. Сондықтан әрбір мукалләф (яғни ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына толған) адамға құлшылығын ықылысты түрде Аллаһқа ғана арнау, үміт, қорқу, көмек сұрау, пана тілеу, құрбан шалу, нәзір беру, намаз, ораза секілді барлық амалдардың тек Жалғыз Аллаһ үшін ғана орындау міндетті болып табылады. Егер кімде-кім осының әлдебірін Аллаһтан басқа — мысалы, пайғамбарға, әулие-әруаққа, пұтқа, ағашқа немесе тасқа арнаса, яғни соған дұға етсе, құрбандық шалса, нәзір берсе, соған арнап намаз оқыса, ораза ұстаса немесе осыған ұқсас құлшылықтың кез-келген түрлерін жасаса — онда ол Аллаһ Тағалаға серік қосқан мүшрик (көпқұдайшыл) әрі кәпір болады. Өйткені бұндай істеу - қабірлерге, ағаштарға, тастарға, пұттарға құлшылық еткен алғашқы көпқұдайшыл-мүшриктердің амалы болып табылады. Сол себепті Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَلَوْ أَشْرَكُوا لَحَبِطَ عَنْهُمْ مَا كَانُوا يَعْمَلُونَ ٨٨﴾

«Егер олар (Аллаһқа) серік қосса еді, әрине олардың істеген амалдары жойылып кетер еді» («әл-Әнғам» сүресі, 88-аят).

﴿إِنَّهُ مِنْ يُشْرِكْ بِاللَّهِ فَقَدْ حَرَّمَ اللَّهُ عَلَيْهِ الْجَنَّةَ وَمَأْوَاهُ النَّارُ﴾

«Кім Аллаһқа серік қосса, расында, Аллаһ оған Жәннатты харам етеді әрі оның орны Тозақ оты болады» («әл-Мәида» сүресі, 72-аят). Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَلَقَدْ أُوحِيَ إِلَيْكَ وَإِلَى الَّذِينَ مِنْ قَبْلِكَ لَئِنْ أَشْرَكْتَ لَيَحْبَطَنَّ عَمَلُكَ وَلَتَكُونَنَّ مِنَ الْخَاسِرِينَ ٦٥ بَلِ اللَّهُ فَعَّادٌ وَكَُنَّ مِنَ الشَّاكِرِينَ ٦٦﴾

«Расында, саған да, сенен бұрынғыларға да: "Егер Аллаһқа серік қоссаң, әлбетте амалың жойылып кетеді де, анық зиянға ұшыраушылардан боласың", - деп уахи етілді. Керісінше, Аллаһқа ғана құлшылық қыл және шүкірлік етушілерден бол» («әз-Зүмәр» сүресі, 65-66 - аяттар).

Осы ғибадаттардың барлығын ықыласты түрде тек Аллаһ Тағалаға ғана арнау қажет. Кімде-кім оларды Аллаһтан басқа пұтқа, ағашқа, тасқа, қабірге (қабір иесіне) немесе басқа да әлдебір нәрсеге арнаса, сол Аллаһқа серік қосқан мүшрик болады. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَنْ يَدْعُ مَعَ اللَّهِ إِلَهًا آخَرَ لَا بُرْهَانَ لَهُ بِهِ فَإِنَّمَا حِسَابُهُ عِنْدَ رَبِّهِ إِنَّهُ لَا يُفْلِحُ الْكَافِرُونَ﴾

﴿١١٧﴾

«Кім ешбір дәлелсіз Аллаһпен бірге басқа құдайға дұға (құлшылық) етсе, рас, оның есебі Раббысының қасында. Расында, кәпірлер құтылмайды!» («әл-Муьминун»

сүресі, 117-аят). Бұл аят та өзінен алдыңғы келтірілген аяттарға қосымша дәлел болып табылады, әрі оларды қуаттайды.

(Шейх Мухаммад әт-Тәмими (Аллаһ оны рахымына бөлесін) келтірген «Дұға – құлшылықтың өзегі» деген хадистің басқа риуаятында: «Дұға – *ғибадаттың нағыз өзі*», - деп айтылған¹⁵. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَقَالَ رَبُّكُمْ ادْعُونِي أَسْتَجِبْ لَكُمْ إِنَّ الَّذِينَ يَسْتَكْبِرُونَ عَنْ عِبَادَتِي سَيَدْخُلُونَ جَهَنَّمَ دَاخِرِينَ ٦٠﴾

«Раббыларың: «Маған дұға етіңдер, сонда сендерге жауап беремін. Расында, Маған құлшылық-ғибадат етуден менменсінгендер қор болып, Тозаққа кіреді», — деді» («Ғафир» сүресі, 60-аят). Аллаһ Тағала бұл аятта «Расында, Маған құлшылық-ғибадат етуден менменсінгендер», - яғни, дұға етуден менменсінгендер деп, дұғаны құлшылық-ғибадат деп атады.

Дұға – бұл адамның Аллаһ Тағалаға жалбарынып, Одан (бұл дүние мен Ақыретте) құтылуды әрі ризық-несібе сұрауы. Мұның барлығы – құлшылық болып табылады. Егер адам пұтқа, ағашқа, тасқа немесе өлген адамға (яғни әруаққа) дұға етіп жалбарынса, онда ол Ұлы әрі Құдіретті Аллаһқа серік қосушы мүшрик болады. Адам ширктің үлкенінен болсын, кішісінен болсын, сақтануы міндетті. Құлшылық тек жалғыз Аллаһқа арналуы тиіс. Алайда, тірі, (сізді еститіндей) қасыңызғажақын болған әрі сізге көмектесе алатын басқа адамнан көмек сұрауға тыйым салынбаған. Бұл – ширк болып саналмайды, өйткені бұл ғибадат емес. Мысалы, сен қасыңдағы бауырыңа: «Уа Аллаһтың құлы! Маған мына ағашты кесуге көмектесші», - немесе: «Мына шұңқырды қазуға көмек берші», - десең, бұл тыйым салынған амал емес. Өйткені Аллаһ Муса пайғамбардың қиссасын баяндап, былай деген:

﴿فَلْيَسْتَعِذَّ الَّذِي مِنْ شِيعَتِهِ عَلَى الَّذِي مِنْ عَدُوِّهِ﴾

«Сонда (Мусаның) қауымынан болғаны өз дұшпанына қарсы (Мусадан) көмек сұрады» («әл-Қасас» сүресі, 15-аят). Бұл жерде Бану Исраилден болған адам Мусадан копт (яғни Перғауын) қауымынан болған адамға қарсы көмек сұрады, себебі Муса, біріншіден, оны еститіндей оның қасында болды әрі сұрағанында оған көмектесе алатын еді. Алайда егер адам тек Аллаһ қана құдіретті болған бір іске қатысты жаратылысқа жалбарынса (мейлі ол жаратылыс оның жанында болсын, алыста болсын немесе өлі болсын), әрі ол сол жаратылыстың оған жалбарынатын адамға қандай да бір себепсіз пайда келтіре алады немесе зиян тигізе алады деп сенсе – бұл Аллаһқа серік қосу, яғни ширк болып саналады. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَيَقُولُونَ هَؤُلَاءِ شَفَعُونَا عِنْدَ اللَّهِ﴾

¹⁵ Имам Ахмад, 4/267; Абу Дауд – «Намаз кітабы – дұға бабы», 1479; әт-Тирмизи «Дұға тарауы» - дұғаның артықшылықтары келтірілген хадистер, 3372, ол хадисті жақсы және сенімді (хасан және сахих) деп атаған;

«Оларды (яғни Аллаһтан өзге дұға етіп жалбарынаатындарын) Аллаһтың қасындағы шапағатшыларымыз», - дейді» («Юнус» сүресі, 18-аят). Олар (яғни Аллаһтан өзгелерден дұға етіп сұрайтындар) осы нәрселерге құлшылық еткен соң, сол нәрселер олар үшін Аллаһтың алдында шапағат ете алады, аңсағандарына жетуге көмектесе алады немесе оларды Аллаһқа жақындата алады деп ойлады.

Сондай-ақ Аллаһ Тағала олар жайлы басқа аятта былай деген:

﴿ مَا نَعْبُدُهُمْ إِلَّا لِيُقَرِّبُونَا إِلَى اللَّهِ زُلْفَىٰ ﴾

«Сондай Аллаһтан өзгені дос тұтқандар: "Біз бұларға, Аллаһқа жақындастырсын деп қана табынамыз", - (дейді)» («әз-Зүмәр» сүресі, 3-аят). Міне, олардың шапағат етуші мен шапағат етілушіге қатысты мәселедегі білімсіздік-надандығы мен адасушылығының өзегі осы болып болып талады.

Шапағат түгелдей Аллаһтың ғана иелігінде. Аллаһ Тағала құлдарына тек Өзі қалағанындай билік жүргізеді. Әрі Аллаһ тек оның амалдарына разы болған адам үшін ғана шапағат етуге рұқсат етеді. Ал Оның рұқсатынсыз ешкім ешкімге шапағат ете алмайды. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿ مَنْ ذَا الَّذِي يَشْفَعُ عِنْدَهُ إِلَّا بِإِذْنِهِ ﴾

«Оның құзырында Оның рұқсатынсыз кім шапағат ете алмақ?» («әл-Бақара» сүресі, 255-аят). Тағы бір аятта Аллаһ Тағала былай деген:

﴿ وَلَا يَشْفَعُونَ إِلَّا لِمَنْ ارْتَضَىٰ وَهُمْ مِّنْ خَشْيَتِهِ مُشْفِقُونَ ٢٨ ﴾

«Олар Аллаһтың разы болған кісісіне ғана шапағат ете алады. Олар Аллаһтан қорыққаннан тітірейді» («әл-Әнбия» сүресі, 28-аят).

Шапағат ету тек шапағатшыға рұқсат берілгеннен кейін және Аллаһ шапағат етілетін адамға разы болған жағдайда ғана жүзеге асады. Аллаһ Тағала тек бірқұдайшылы (таухид иелері болған) адамдар үшін шапағат етілуге разы болады. Сенімді хадисте Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) бірде Пайғамбардан (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «*Уа Аллаһтың Елшісі, Қиямет күні сіздің шапағатыңызға ең лайықты кім болады?*» — деп сұрағаны жеткізіледі. Сонда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «*“Лә иләһә иллә Аллаһ” сөздерін шын жүректен, ықыласпен айтқан адам*», - деп жауап берді. Бұл хадисті имам әл-Бухари өзінің «Сахих» жинағында риуаят еткен¹⁶.

Демек, шапағатқа тек Аллаһ сөздері мен амалдарына разы болған, (Аллаһқа ешкімді серік қоспайтын, яғни) таухидті әрі иманды ұстанған адамдар ғана лайық болады.

Ғибадаттың кейбір түрлері

Автор (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген:

¹⁶ Сахих әл-Бухари, 99, 6570.

«Қауіптеніп қорқу да (әл-хоуф) құлшылық екеніне Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

﴿فَلَا تَخَافُوهُمْ وَخَافُوا إِن كُنتُمْ مُّؤْمِنِينَ ١٧٥﴾

«Олардан қорықпаңдар, Менен қорқыңдар, егер мумин болсаңдар!» («Әли Имран» сүресі, 75-аят).

Үміттің (әр-рожаның) (құлшылық екеніне) дәлелі - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿فَمَنْ كَانَ يَرْجُوا لِقَاءَ رَبِّهٖ فَلْيَعْمَلْ عَمَلًا صَالِحًا وَلَا يُشْرِكْ بِعِبَادَةِ رَبِّهِ أَحَدًا ١١٠﴾

«Ал кім өз Раббысына жолығуды үміт етсе, ізгі амал жасап, құлшылығында Раббысына ешкімді серік қоспасын» («әл-Кәһф» сүресі, 110-аят).

Тәуекелге дәлел - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿وَعَلَى اللَّهِ فَتَوَكَّلُوا إِن كُنتُمْ مُّؤْمِنِينَ ٢٣﴾

«Егер мұмин болсаңдар, Аллаһқа ғана тәуекел етіңдер!» («әл-Мәида» сүресі, 23-аят).

Аллаһ сондай-ақ былай деді:

﴿وَمَنْ يَتَوَكَّلْ عَلَى اللَّهِ فَهُوَ حَسْبُهُ﴾

«Кім Аллаһқа тәуекел етсе, Ол оған жетіп асады» («әт-Таләк» сүресі, 3-аят).

Қызығу (қалау) (әр-роғба), азапталудан қорқу (әр-роһба) және мойынсұнушылықпен тағзым-иғат ету (әл-хушуғ) (құлшылық екеніне) дәлел - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿إِنَّهُمْ كَانُوا يُسْرِعُونَ فِي الْخَيْرَاتِ وَيَدْعُونَنَا رَغَبًا وَرَهَبًا وَكَانُوا لَنَا خَشِيعِينَ ٩٠﴾

«Расында, олар (елшілер мен пайғамбарлар) игі істерді істеуге асығатын әрі Бізге қызығу және қорқумен дұға етіп жалбарынатын, және Бізге (мойынсұнушылықпен) тағзым-итағат етуші еді» («әл-Әнбия» сүресі, 90-аят).

Біліммен болатын қорқуға (әл-хошия) дәлел - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿فَلَا تَخْشَوْا النَّاسَ وَآخِشُوا﴾

«Адамдардан қорқпаңдар да, Менен қорқыңдар!» («әл-Мәида» сүресі, 44-аят).

Аллаһқа (тәубе етіп) қайтудың (әл-инәбә) дәлелі - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿وَأَنِيبُوا إِلَىٰ رَبِّكُمْ وَأَسْلِمُوا لَهُ﴾

«Раббыларыңа қайтыңдар және Оған бойұсыныңдар» («әз-Зүмәр» сүресі, 54-аят).

Көмек сұрауға (әл-истиғана) Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

﴿إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ ۝﴾

«Саған ғана құлшылық етеміз, Сенен ғана жәрдем сұраймыз» («әл-Фатиха» сүресі, 5-аят).

(Имам Тирмизи жеткізген хадисте) Аллаһтың Пайғамбары (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Егер көмек сұрайтын болсаң, Аллаһтан сұра!» - деп айтқан¹⁷.

Пана сұрауға (әл-истиғаса) дәлел - Аллаһ Тағаланың мына сөзі:

﴿قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ الْفَلَقِ ۝﴾

«Таңның Раббысынан пана сұраймын», - деп айт!» («әл-Фәләқ» сүресі, 1-аят).

Сондай-ақ Аллаһтың мына сөздері:

﴿قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ النَّاسِ ۝﴾

«Адамдардың Раббысынан пана сұраймын», - деп айт!» («ән-Нәс» сүресі, 1-аят).

Қиын жағдайда құтқаруды сұрап жалбарынудың (әл-истиғаса) дәлелі - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿إِذْ تَسْتَغِيثُونَ رَبَّكُمْ فَلَسْتَجَابَ لَكُمْ ۝﴾

«Сол уақытта Раббыларыңа жалбарынған едіңдер, Ол сендерге жауап берді» («әл-Әнфәл» сүресі, 9-аят).

Құрбандық шалудың (әз-зәбх) дәлелі – Аллаһ Тағаланың мына сөзі:

﴿قُلْ إِنَّ صَلَاتِي وَنُسُكِي وَمَحْيَايَ وَمَمَاتِي لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ ۝ ١٦٢ لَا شَرِيكَ لَهُ ۚ وَبِذَلِكَ
أُمِرْتُ وَأَنَا أَوَّلُ الْمُسْلِمِينَ ۝ ١٦٣﴾

«Расында, менің намазым және құрбандығым, өмірім және өлімім әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән! Оның серігі жоқ. Мен осыған бұйырылғанмын және мен - мұсылмандардың алғашқысымын», - деп айт» («әл-Әнғам» сүресі, 161-163-аяттар).

Ал Сүннеттен дәлел (Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын)): «Аллаһтан өзгеге (арнап) құрбандық (мал) шалғанды Аллаһ лағнеттеді!», (- деген сөздері) (Муслим, 1978).

Нәзірге Аллаһ Тағаланың мына сөздері дәлел болады:

¹⁷ Бұл Ибн Аббастың (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен имам Ахмад және әт-Тирмизи жеткізген ұзын хадистің бөлігі. Қараңыз: «әл-Муснад» (308, 308 / 1); әт-Тирмизи (2516), ол бұл хадисті жақсы әрі сенімді (хасан және сахих) деп атаған.

﴿يُوفُونَ بِلَلَّذَرِ وَيَخَافُونَ يَوْمًا كَانَ شَرُّهُ مُسْتَطِيرًا ٧١﴾

«Олар нәзірлерін орындайды әрі жамандығы етек алатын күннен қорқады»
(«әл-Инсан» сүресі, 7-аят).

Шейх ибн Баздың (Аллаһ оны рахымына бөлесін) түсіндірмесі (шарх)

Автор (Аллаһ оны рахымына бөлесін) құлшылық түрлерін баяндай отырып:
«Қауіптеніп қорқу да (әл-хоуф) құлшылық», – дейді.

Қорқыныш үш түрге бөлінеді:

Біріншісі – жасырын қорқыныш. Мұндай қорқыныш тек Аллаһқа ғана арналуы тиіс. Себебі Ол (Аллаһ Тағала) барлық нәрсеге Құдіретті. Сондықтан Одан ғана қорқу қажет. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَلَا تَخَافُوهُمْ وَخَافُوا إِن كُنتُمْ مُّؤْمِنِينَ ١٧٥﴾

«Олардан қорықпаңдар да, Менен қорқыңдар, егер мумин болсаңдар!» («Әли Имран» сүресі, 175-аят). Тағы бір аятта былай деп айтылған:

﴿وَلَمْ يَخْشَ إِلَّا اللَّهَ﴾

«Аллаһтан ғана қорыққан» («әт-Тәуба» сүресі, 18-аят).

Басқа аятта Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَلَا تَخْشَوُا النَّاسَ وَاخْشَوْنِ﴾

«Адамдардан қорықпаңдар, Менен қорқыңдар» («әл-Мәида» сүресі, 44-аят).

Аллаһқа қатысты шынайы түрде қорқыныш сезіну – уәжіп. Себебі Ол жүректерді Өзгертуші, Ол бүкіл нәрсеге Құдіретті. Тек Аллаһ қана пайда немесе зиян тигізе алады. Тек Ол ғана несібе береді әрі Ол ғана біреуді бір нәрседен айырады. Сондықтан адамға өз қорқуында Аллаһты жалғыздау уәжіп болып табылады. Қорқыныштың бұл түрімен Аллаһтан өзге ешкімнен қорқуға болмайды.

Көзге көрінбейтін себепсіз болатын бұл қорқыныш түрі тек Аллаһқа ғана арналуы тиіс. Адам Аллаһтан Оған тән, көзге көрінбейтін құдіреті үшін қорқады. Дәл осы себепті қабірлерге құлшылық ететіндер кейбір адамдарда ерекше құдірет бар деп сенеді. Олардың ойынша, бұл адамдар Аллаһпен бірге бұл ғаламда билік жүргізе алады. Бұрынғы кейбір мүшриктер де осындай сенімде болған, бірақ олар мұны пұттарға, жындарға және тағы басқаларға қатысты қолданған. Бұл – үлкен ширк болып табылады. Қабірлерге табынушылар кейбір адамдарда ерекше күш-құдірет бар деп сенеді, олар ризық бере алады немесе оны тартып ала алады, адамдардың жүректерін тура жолдан тайдырып жібере алады немесе көрінетін себепсіз адамдарды өлтіре алады деп ойлайды.

Екіншісі – айқын, көрінетін себепке негізделген қорқыныш. Мысалы, Ухуд жорығында Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мүшріктердің бірігіп, мұсылмандармен соғысуға жиналып жатқаны хабарланғанда, Аллаһ бұл жағдайға қатысты мына аятты түсірді:

﴿إِنَّمَا ذَلِكُمُ الشَّيْطَانُ يُخَوِّفُ أَوْلِيَاءَهُ فَلَا تَخَافُوهُمْ وَخَافُوا اللَّهَ إِن كُنْتُمْ مُؤْمِنِينَ ١٧٥﴾

«Негізінен шайтан өз достарымен қорқытады. Сондықтан егер мұмин болсаңдар, олардан қорықпаңдар да, Менен қорқыңдар» («Әли Имран» сүресі, 175-аят).

Шайтан адамдарды өзінің жақтастарымен қорқытады, олардың бейнесін адамдардың жүрегінде үлкейтіп, оларды қорқытатындай етіп көрсетеді. Алайда Аллаһ Тағала: **«Олардан қорықпаңдар...»**, - деді. Керісінше, Маған ғана тәуекел етіңдер, дайындық жасаңдар әрі оларды елемендер. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَأَعِدُّوا لَهُمْ مَا اسْتَطَعْتُمْ مِنْ قُوَّةٍ﴾

«Сендер де шамаларың келкенше әр түрлі күш әрі ат байлаумен әзірлік көріңдер» («әл-Әнфәл» сүресі, 60-аят). Осындай айқын себепке негізделген осындай қорқыныш тыйым салынған емес. Ал жүректегі, жасырын қорқыныш – міне, осы тыйым салынған.

Ал айқын қорқуға келсек, мысалы, адам ұрыдан немесе жаудан қорықса, онда ол өзін қорғау үшін міндетті түрде қажетті қару дайындауы керек. Сол себепті Аллаһ Тағала былай деген:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا خُذُوا حِذْرَكُمْ﴾

«Әй иман келтіргендер! Құралдарыңды алыңдар» («ән-Ниса» сүресі, 71-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала Мысыр жерінен Перғауыннан қорқып шыққан Мусаның қиссасын баяндап былай деген:

﴿فَخَرَجَ مِنْهَا خَائِفًا يَتَرَقَّبُ قَالَ رَبِّ نَجِّنِي مِنَ الْقَوْمِ الظَّالِمِينَ ٢١﴾

«Сонда Муса қорқа байқастап, қаладан шықты да: "Раббым! Мені залым елден құтқар!", - деді» («әл-Қасас» сүресі, 21-аят).

Бұл — көзге көрінетін себептері бар қорқыныш, оған тыйым салынбаған. Алайда адам жаудан қорыққаны соншалық, жиһадқа шығудан, ақиқақтқа көмектесуден бас тартатын болса, онда бұған тыйым салынады. Алайда бұл қорқыныш адамды жауға қарсы күш жинауға, сақтық жасауға итермелеуі тиіс.

Үшіншіден — бұл адамның болмысына салынған табиғи қорқыныш. Мұндай қорқынышқа тыйым салынбаған. Мысалы, адам жыланнан, шаяннан немесе жыртқыш аңдардан қорқып, солардан аулақ жүруі немесе оларды өлтіруі мүмкін. Немесе, әдетте

жыртқыштар мекендейтін жерлерге бармай, өзіне зиян тимеу үшін олардан сақтануы мүмкін.

Мұндай қорқыныш адамда міндетті түрде болады. Аллаһ Тағала адамдарды — зиян келтіруі мүмкін нәрселерден қорқатындай етіп жаратты, олар сол арқылы мұндай нәрселерден сақтанады. Мысалы, адам тоңып қалудан қорқып, қалың киім киеді. Немесе аш қалудан қорқып, тамақтанады, шөлдеуден қорқып, су ішеді. Мұның бәрі — адамның табиғи әрекеттері, әрі бұл істер тыйым салынған емес.

Сол секілді, Аллаһқа құлшылық ету түрлерінің бірі — үміт (әр-рожә). Адам Аллаһқа үміт артады әрі Ол туралы жақсы ойда болады. Аллаһ Тағала Құранда былай деген:

﴿فَمَنْ كَانَ يَرْجُوا لِقَاءَ رَبِّهٖ فَلْيَعْمَلْ عَمَلًا صَالِحًا وَلَا يُشْرِكْ بِعِبَادَةِ رَبِّهِۦٓ أَحَدًا۝١١﴾

«Сондай-ақ кім Раббысына жолығуды үміт етсе, сонда түзу іс істеп, Раббысына істеген құлшылығында Оған ешкімді ортақ етпесін» («әл-Кәһф» сүресі, 110-аят).

Сондай-ақ Аллаһқа ұмтылу, қызығу (роғба) да — Аллаһ Тағалаға құлшылық етудің бір түрі болып табылады. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَلَسْتَجِيبُنَا لَهُ وَوَهَبْنَا لَهُ يَحْيٰى وَأَصْلَحْنَا لَهُ زَوْجَهَاۚ إِنَّهُمْ كَانُوا يُسْرِعُونَ فِي الْخَيْرٰتِ
وَيَدْعُونَنَا رَغَبًا وَرَهَبًاۖ وَكَانُوا لَنَا خٰشِعِينَ۝٩٠﴾

«Сонда дұғасын қабыл етіп, оған Яхияны бердік. Әрі жұбайын жасарттық. Расында, олар (елшілер мен пайғамбарлар) игі істерді істеуге асығатын әрі Бізге қызығу және қорқумен дұға етіп жалбарынатын, және Бізге (мойынсұнушылықпен) тағзым-итағат етуші еді» («әл-Әнбия» сүресі, 90-аят).

Ұмтылыс (әр-роғба), азапталудан қорқу да (әр-роһба), қорқыныш та (әл-хошия) — құлшылықтың түрлері. Аллаһтың құлы Раббысы жайлы жақсы ойда болуы тиіс және шариғат бекіткен амалдарды орындауы керек. Егер адам Аллаһ жайлы жақсы ойда болып, (соған сай) себептерге жүгінсе, бұл оның пайдасына айналады, бұл оны игілік пен Аллаһтың рахымына жетелейді, Жәннатқа кіруіне және күнәларының кешірілуіне себеп болады.

Сондай-ақ тәуекел де (әт-тәуәккул) — құлшылықтың бір түрі болып табылады. Тәуекел — істерді Аллаһқа тапсыру, барлық істе Оған сүйену, бірақ сонымен қатар себептерді де қолдану. Мысалы, адам жамандықтан және бүліктерден аман қалу, ризыққа қол жеткізу, Жәннатқа кіру, Тозақтан құтылу мәселелерінде Аллаһқа тәуекел етеді, сонымен қатар сол мақсаттарға жету үшін шариғат белгілеген себептерді қолданады. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَعَلَى اللَّهِ فَتَوَكَّلُوا۟ إِن كُنْتُمْ مُّؤْمِنِينَ۝٢٣﴾

«Егер мұмин болсаңдар Аллаһқа тәуекел етіңдер» («әл-Мәида» сүресі, 23-аят). Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

Сондай-ақ:

﴿قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ النَّاسِ ۝﴾

«“Адамдардың Раббысына сиынамын!”, - деп айт» («ән-Нәс» сүресі, 1-аят).

Аллаһ Тағаладан шайтанның, бүкіл зиян тигізушілердің, барлық дұшпандардың кесірі мен жамандығынан пана тілеу қажет, бұл бізге бұйырылған. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَإِمَّا يَنْزَغَنَّكَ مِنَ الشَّيْطَانِ نَزْعٌ فَلَسْتَعِذْ بِاللَّهِ إِنَّهُ سَمِيعٌ عَلِيمٌ ۝۲۰﴾

«Егер шайтаннан саған бір түрткі болса, сонда Аллаһтан пана тілеп сиын. Өйткені Ол - толық Естуші, өте Білуші» («әл-Әғраф» сүресі, 200-аят).

Қиын жағдайларда жәрдем сұрау да (истигаса) — құлшылық түріне жатады. Адам қиын-қыстау сәттерде Аллаһ Тағаладан жәрдем тілейді. Мысалы, дұшпанмен бетпе-бет келгенде, немесе құрғақшылық кезінде Аллаһтан жаңбыр сұрағанда, немесе зиянды нәрсені алыстатуын сұрағанда. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِذْ نَسْتَعِثُّونَ رَبَّكَ فَلَسْتَجَابَ لَكُمْ أَنِّي مُمِدُّكُمْ بِآلِفٍ مِّنَ الْمَلَائِكَةِ مُرْدِفِينَ ۝۹﴾

«Сол уақытта Раббыларыңа жалбарынуда едіңдер. Сонда Ол: «Шынында сендерге бір-біріне ерген мың періштемен көмек етемін», - деп тілектеріңді қабыл етті» («әл-Әнфәл» сүресі, 9-аят).

Сондай-ақ құрбан шалу да (әз-зәбх) құлшылық түрлеріне жатады. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿قُلْ إِنَّ صَلَاتِي وَنُسُكِي وَمَحْيَايَ وَمَمَاتِي لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ ۝۱۶۲﴾

««Намазым, құлшылығым, тіршілігім және өлімім бүкіл әлемнің Раббысы Аллаһқа тән», - деп айт» («әл-Әнғам» сүресі, 162-аят).

Сол секілді нәзір де құлшылық болып табылады. Аллаһ Тағала:

﴿يُوفُونَ بِلِفَاءِ رَبِّهِمْ أَكْثَرًا ۝﴾

«Олар нәзірлерін орындайды», - деген («әл-Инсан» сүресі, 8-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

﴿وَمَا أَنْفَقْتُمْ مِّنْ نَّفَقَةٍ أَوْ نَذَرْتُمْ مِّنْ نَّذْرٍ فَإِنَّ اللَّهَ يَعْلَمُهَا وَمَا لِلظَّالِمِينَ مِنْ أَنْصَارٍ ۝۲۷۰﴾

«Аллаһтың жолында не берсеңдер де, немесе не нәзір атасаңдар да, күдіксіз, Аллаһ оны біледі. Және залымдар үшін ешбір жәрдемші болмайды» («әл-Бақара» сүресі, 270-аят).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: *«Кімде-кім Аллаһқа бойсұнуға нәзір берсе, нәзірін орындасын. Ал кім Оған бойсұнбауды нәзір етсе, нәзірін орындамасын»*.¹⁸

Нәзір – бұл Аллаһқа құлшылық ету және мойынсұну. Егер адам нәзір берсе, ол оны орындауы міндетті. Алайда жалпы алғанда нәзір беру — мәкруһ амал, себебі онда адам үшін қиындық пен ауыртпалық бар. Сол себепті Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) нәзір беруден тыйған. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: *«Шындығында, нәзір жақсылық әкелмейді»*¹⁹. Алайда егер адам Аллаһқа мойынсұнуға байланысты нәзір берсе, онда ол оны орындауы міндетті, өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: *«Кімде-кім Аллаһқа бойсұнуға нәзір берсе, нәзірін орындасын»*. Демек, егер бір адам қандай да бір құлшылықты – мысалы, намаз, ораза, садақа немесе басқа да амалдарды орындауға нәзір берсе, ол оны міндетті түрде орындауы қажет.

Екінші негіз: Пенденің өз дінін білуі

Автор (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген:

«Екінші негіз: Ислам дінін дәлелдермен тану, яғни бірқұдайшылықты (таухидты) ұстану арқылы Аллаһқа бойсұну, Оған мойынсұну арқылы бағынушылық таныту және ширкке (Аллаһқа серік қосуға, көпқұдайшылыққа) әрі мушриктерге (Аллаһқа серік қосушыларға, көпқұдайшыларға) қатыссыз болу. Оның (Ислам дінінің) үш дәрежесі бар: Ислам, Иман, және Ихсан. Әр дәреже өзінің тіректеріне ие.

Бірінші дәреже: Ислам.

Исламның тірегі бесеу:

1) «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ және Мухаммад - Оның Елшісі», - деп куәлік беру;

2) Намазды орындау (әс-соләт);

3) Зекет беру (әз-зәкәт);

4) Рамазан айында ораза ұстау (әс-соум);

5) Аллаһтың Қасиетті Үйіне (Қағбаға) қажылық жасау (әл-хәжж).

(«Лә иләһә илләЛлаһ») куәлігіне дәлел - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

¹⁸ Хадис Айша анамыздан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген, қараңыз: «Сахих әл-Бухари», 6696, 6700.

¹⁹ Бұл хадис Ибн Умардан (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) жеткен. Хадис имам әл-әл-Бухари мен Имам Муслимнің хадистер жинағында келтірілген. Бухари бұл хадисті «Иман және нәзірлер» кітабында, «Нәзірді орындау» тарауында келтірген (№6693, №6692). Сондай-ақ ол бұл хадисті «Тағдыр» кітабында, «Құлдың нәзір айтуы тағдырдан құтқармайтыны» тарауында келтірген (№6608). Имам Муслим бұл хадисті «Нәзір» кітабында, «Нәзірден тыю және оның ештеңені қайтармайтыны туралы» тарауында келтірген (№1639).

﴿شَهِدَ اللَّهُ أَنَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ وَالْمَلَائِكَةُ وَأُولُوا الْعِلْمِ قَائِمًا بِلِقَائِهِ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الْعَزِيزُ

الْحَكِيمُ ١٨﴾

«Аллаһ (әділетпен үкім етіп,) Өзінен басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ екеніне куәлік берді, сондай-ақ періштелер және білім иелері де. Тым Үстем, аса Дана Одан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ!» («Әли Имран» сүресі, 18-аят)».

Мұның (яғни «Лә иләһа илләЛлаһ») куәлігінің мағынасы - «Аллаһтан басқа ешкім құлшылық ету құқығына ие емес. «Лә иләһа» («Құлшылыққа лайықты құдай (ешкім) жоқ») сөздері Аллаһтан өзге құлшылық етілетін бүкіл құдайларды жоққа шығарады (нәфий). «Иллә Ллаһ» («Аллаһтан басқа») сөздері құлшылық етуге тек Аллаһ ғана лайықты екенін растау (исбат) болып табылады. Аллаһтың билігінде (патшалық етуінде) ешқандай серігі болмағанындай, Оған құлшылық етуде де ешқандай серігі жоқ.

Осы (куәліктің) мағынасын Аллаһтың мына сөздері толық ашып береді:

﴿وَإِذْ قَالَ إِبْرَاهِيمُ لِأَبِيهِ وَقَوْمِهِ إِنَّنِي بَرَاءٌ مِّمَّا تَعْبُدُونَ ٢٦ إِلَّا الَّذِي فَطَرَنِي فَإِنَّهُ سَيَهْدِينِ

٢٧﴾

«Сол кезде Ибраһим өз әкесіне және еліне: «Расында, мен сендердің құлшылық етіп жүргендеріңнен аулақпын, тек мені жаратқаннан (Аллаһтан) басқа. Расында, Ол мені тура жолға салады», - деді» («әз-Зухруф» сүресі, 26-27-аяттар).

Сондай-ақ Аллаһтың мына сөздері де:

﴿قُلْ يَا أَهْلَ الْكِتَابِ تَعَالَوْا إِلَى كَلِمَةٍ سَوَاءٍ بَيْنَنَا وَبَيْنَكُمْ أَلَّا نَعْبُدَ إِلَّا اللَّهَ وَلَا نُشْرِكَ بِهِ شَيْئًا وَلَا يَتَّخِذَ بَعْضُنَا بَعْضًا أَرْبَابًا مِّنْ دُونِ اللَّهِ فَإِن تَوَلَّوْا فَقُولُوا اشْهَدُوا بِأَنَّا مُسْلِمُونَ ٦٤﴾

«(Мухаммад, оларға:) «Әй Кітап иелері! Біз бен сендердің араларыңда ортақ бір сөзге келейік. Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық қылайық, Оған еш нәрсені серік қоспайық. Сондай-ақ Аллаһтан өзге бір-бірімізді раббы тұтпайық», - де. Ал егер олар бет бұрса, онда: «Қуә болыңдар, расында біз мұсылманбыз!» – деңдер» («Әли Имран» сүресі, 64-аят).

«Мухаммад – Аллаһтың елшісі» куәлігінің дәлелі - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿لَقَدْ جَاءَكُمْ رَسُولٌ مِّنْ أَنفُسِكُمْ عَزِيزٌ عَلَيْهِ مَا عَنِتُّمْ حَرِيصٌ عَلَيْكُمْ بِالْمُؤْمِنِينَ رَءُوفٌ

رَحِيمٌ ١٢٨﴾

«Сендерге өздеріңнің араларыңнан ардақты елші келді. Оған сендердің бастарына түскен қиыншылықтар ауыр тиеді, сендерге өте ынтық, мұминдерге өте жұмсақ, рахымды» («әт-Тәуба» сүресі, 128-аят).

«Мухаммад – Аллаһтың елшісі» куәлігінің мағынасы: оның бұйрықтарына бойсұну; хабарлаған нәрселерінің хақ екенін растау; тыйған және қайтарған нәрселерінен тыйылу; сондай-ақ Аллаһқа тек ол шарифат етіп бекіткендей етіп құлшылық ету.

Намаз бен зекетке дәлел әрі таухидтің түсіндірмесі - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿وَمَا أَمْرُو إِلَّا لِيَعْبُدُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ حُنَفَاءَ وَيُقِيمُوا الصَّلَاةَ وَيُؤْتُوا الزَّكَاةَ وَذَلِكَ دِينُ الْقَيِّمَةِ ٥﴾

«Оларға тек Аллаһқа ғана ханиф (бірқұдайшыл) болған күйде ықыласпен құлшылық ету, намазды орындау және зекет беру бұйырылған еді. Міне, осы тура дін» («әл-Бәйина» сүресі, 5-аят).

«Оразаның дәлелі – Аллаһ Тағаланың келесі сөздері:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا كُتِبَ عَلَيْكُمُ الصِّيَامُ كَمَا كُتِبَ عَلَى الَّذِينَ مِن قَبْلِكُمْ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ ١٨٣﴾

«Әй иман келтіргендер! Сендерден бұрынғыларға (ораза) парыз етілгендей, сендерге де ораза парыз етілді. Тақуалық етерсіңдер!» («әл-Бақара» сүресі, 183-аят).

Қажылыққа дәлел – Аллаһ Тағаланың келесі сөздері:

﴿وَلِلَّهِ عَلَى النَّاسِ حِجُّ الْبَيْتِ مَنِ اسْتَطَاعَ إِلَيْهِ سَبِيلًا وَمَن كَفَرَ فَإِنَّ اللَّهَ غَنِيٌّ عَنِ الْعَالَمِينَ ٩٧﴾

«(Қажылықтың) жолына шамасы келген адамдарға Аллаһ үшін Қағбаны зиярат ету парыз. Ал кім күпірлік етсе, Аллаһ бүкіл әлемдерден бай!» («Әли Имран» сүресі, 97-аят)».

Шейх ибн Баздың (Аллаһ оны рахымына бөлесін) түсіндірмесі (шарх)

Бұл – екінші негіз: яғни Ислам дінін тану. Бұл негіз Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) түсіндіріп кеткен үш дәрежеден тұрады. Діннің бірінші дәрежесі – Ислам. Ислам дегеніміз – Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етіп, өзіңді толықтай Оған бағыштау және ширк пен ширк жасайтын адамдардан аулақ болу.

Егер құл осыны бұлжытпай орындаса, ол Исламды ұстанушы, яғни Аллаһқа бойсұнып, тек Оған ғана құлшылық етіп, ширктен және ширк жасаушылардан аулақ (алыс) болған мұсылман болып есептеледі. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿لَا إِكْرَاهَ فِي الدِّينِ قَدْ تَبَيَّنَ الرُّشْدُ مِنَ الْغَيِّ فَمَن يَكْفُرْ بِالطَّاغُوتِ وَيُؤْمِنْ بِاللَّهِ فَقَدِ اسْتَمْسَكَ بِالْعُرْوَةِ الْوُثْقَىٰ لَا انفِصَامَ لَهَا وَاللَّهُ سَمِيعٌ عَلِيمٌ ٢٥٦﴾

«Дінде зорлау жоқ. Расында, туралық азғындықтан ажыратылды. Енді кім тағутқа күпірлік танытып, Аллаһқа иман келтірсе, сонда ол рас үзілмейтін (берік) тұтқаны ұстады. Аллаһ бүкіл нәрсені Естуші, Білуші» («әл-Бақара» сүресі, 256-аят).

Тағутқа күпірлік таныту деген — бұл ширктен (Аллаһқа серік қосудан) және оның ұстанушылардан аулақ болу, оны жек көру және оның жалған екеніне толық сену. Сонымен қатар, діннің «иман» және «ихсан» деген дәрежелері де бар. Бұлардың барлығы

— Аллаһ Тағала Өзінің құлдарына шарифат етіп жіберген және барлық пайғамбарларды осы дінмен жіберген Ислам дінінің құрамына кіреді. Ал оның (бірінші) дәрежесі болған Ислам адамның сыртқы амалдарын қамтиды.

Ислам дінінің бес тірегі бар: Аллаһтан басқа шынайы құлшылыққа лайық құдай жоқ екендігіне және Мухаммад – Аллаһтың Елшісі екендігіне куәлік ету; намаз оқу; зекет беру; рамазан айында ораза ұстау және шамасы келетін адам үшін қажылық жасау. Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Ислам бес нәрсенің үстіне құрылған: Аллаһтан басқа шынайы құлшылыққа лайық ешбір құдай жоқ екеніне және Мухаммад – Аллаһтың Елшісі екеніне куәлік ету; намаз оқу; зекет беру; рамазанда ораза ұстау және қажылық жасау»**²⁰.

Исламның бірінші тірегі – Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық ешбір шынайы құдай жоқ (лә иләһа иллә Ллаһ) куәлігі. Бұл куәлік арқылы адам Ислам дініне кіреді. Яғни ол жүреппен бекіткен күйде тілімен: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық ешбір құдай жоқ» деп куәлік етеді. Бұл сөз екі бөліктен тұрады: нәфи (жоққа шығару) және исбат (бекіту). «Лә иләһа» – бұл теріске шығару, яғни: «құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ»; ал «Иллә Ллаһ» – бұл бекіту, яғни: «тек Аллаһ қана (оған құлшылық етілуге лайық)».

Яғни адам Аллаһтан өзге нәрселерге арналып жасалатын құлшылықтың кез-келгенін әрі барлығын жоққа шығарады және тек Аллаһқа ғана құлшылық жасау керек екенін растайды. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ ۝﴾

«Саған ғана құлшылық етеміз әрі Сенен ғана жәрдем тілейміз!» («әл-Фатиха» сүресі, 5-аят)

Тағы бір аятта Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَا أُمِرُوا إِلَّا لِيَعْبُدُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ حُنَفَاءَ وَيُقِيمُوا الصَّلَاةَ وَيُؤْتُوا الزَّكَاةَ وَذَلِكَ دِينُ الْقَيِّمَةِ ۝﴾

«Оларға тек Аллаһқа ғана ханиф (бірқұдайшыл) болған күйде ықыласпен құлшылық ету, намазды орындау және зекет беру бұйырылған еді. Міне, осы тура дін» («әл-Бәйина» сүресі, 5-аят). Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿ذَلِكَ بِأَنَّ اللَّهَ هُوَ الْحَقُّ وَأَنَّ مَا يَدْعُونَ مِنْ دُونِهِ هُوَ الْبَاطِلُ وَأَنَّ اللَّهَ هُوَ الْعَلِيُّ الْكَبِيرُ ۝٦٢﴾

«Міне, күдіксіз Аллаһ, Ол ғана Хақ. Расында, олардың Аллаһтан өзге дұға етіп шақыратындары - өтірік. Рас, Аллаһ Аса Жоғары, өте Үлкен» («әл-Хәжж» сүресі, 62-аят).

²⁰ Бұл хадисті имам әл-Бухари және имам Муслим Ибн Умардың (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен жеткізген. Әл-Бухари бұл хадисті «Иман кітабында» (№8), Ал Муслим бұл хадисті «Иман кітабында», «Исламның тіректері мен оның негіздері туралы баяндау» тарауында келтірген (№16).

Алайда бұл куәлік оған сәйкес амал етпей, оны жай ғана тілмен айтатын адамға ешқандай пайда әкелмейді. Мысалы, адам: «Лә иләһә иллә Аллаһ», - деп айтқанымен, құлшылықты Аллаһ Тағаланың жалғыз Өзіне ғана арнамаса, онда бұл куәлік оған еш пайда бермейді, әрі ол екіжүзділер (мунафиқтар) секілді болады. Сол сияқты адам «Лә иләһә иллә Ллаһ» куәлігін айтып, қабірлерге немесе пұттарға құлшылық етсе, онда оның куәлігі жарамсыз болады.

Шәһаданың (куәліктің) екінші бөлігіне келер болсақ – бұл Мухаммадтың Аллаһтың Елшісі екендігіне куәлік беру. Бұл бөлікке Аллаһ Тағаланың мына сөзі дәлел болады:

﴿لَقَدْ جَاءَكُمْ رَسُولٌ مِّنْ أَنْفُسِكُمْ عَزِيزٌ عَلَيْهِ مَا عَنِتُّمْ حَرِيصٌ عَلَيْكُمْ بِالْمُؤْمِنِينَ رَءُوفٌ

رَحِيمٌۖۙ۝۱۲۸﴾

«Расында, сендерге іштеріңнен ардақты бір Елші келді. Оған қиналуларың ауыр тиеді. Ол сендерге өте ынтық, мұминдерге өте жұмсақ, ерекше мейірімді» («Әт-Тәуба сүресі, 128-аят). Яғни Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) — ол сендер танитын адам, өйткені ол сендердің өз араларыңнан шыққан. Ол сендердің іштеріңдегі ең ардақты ру — бану Һәшимнен шыққан.

عَزِيزٌ عَلَيْهِ مَا عَنِتُّمْ

«...Оған қиналуларың ауыр тиеді ...» — яғни сендер қиналсаңдар, бұл оған да ауыр болады.

حَرِيصٌ عَلَيْكُمْ

«...Сендерге өте ынтық ...» — яғни сендерді тура жолға салуға, Тозақ отынан құтқаруға бар күшін салады.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿مُحَمَّدٌ رَّسُولُ اللَّهِ﴾

«Мухаммад – Аллаһтың Елшісі» («әл-Фатх» сүресі, 29-аят). Осы куәлікті, яғни «Мухаммад – Аллаһтың елшісі» деген сөздерді айтқаннан кейін, адам міндетті түрде Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бұйрықтарына бойсұнуы керек, ол жеткізген барлық нәрселерге шын жүректен сеніп, ол тыйым салған және сақтандырған нәрселерден аулақ болып, Аллаһқа тек Оның шариғатымен бекітілген түрде ғана құлшылық етуі қажет. Демек, мұсылман адам (осы куәлікті растауы үшін) міндетті түрде келесі төрт нәрсені жасауы қажет, олар:

Біріншісі — оның әмірлеріне мойынсұну. Мысалы, намаз оқу, зекет беру және осы секілді басқа да бұйрықтарды орындау.

Екіншісі — оның Ақырет, Жәннат, Тозақ және тағы басқа ғайып нәрселер жайлы хабарларына иман келтіру.

Үшіншісі — оның тыйым салған және сақтандырған нәрселерінен аулақ болу. Мысалы, адам зина, өсімқорлық (риба) және Аллаһ пен Оның Елшісі (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) харам еткен басқа да істерден аулақ болуы қажет керек.

Төртіншісі — адам Аллаһқа тек Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) шариғат еткен түрде ғана құлшылық етуі тиіс. Дінде Аллаһ заңдастырмаған жаңалықтарды (бидғаттарды) енгізуге болмайды. Өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «*Кімде-кім (дінде) біздің әміріміз болмаған амал істесе, ол қайтарылады (қабыл етілмейді)*»²¹. Басқа бір риуаятта былай делінген: «*Кімде-кім осы біздің ісімізге (дінімізге) қатысы онда жоқ нәрсені қосса, ол қайтарылады (қабыл етілмейді)*»²².

Намазға, зекетке және таухидтің тәпсіріне дәлел Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿وَمَا أُمِرُوا إِلَّا لِيَعْبُدُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ حُنَفَاءَ وَيُقِيمُوا الصَّلَاةَ وَيُؤْتُوا الزَّكَاةَ وَذَلِكَ دِينُ الْقَيِّمَةِ ۝﴾

«Оларға тек Аллаһқа ғана ханиф (бірқұдайшыл) болған күйде ықыласпен құлшылық ету, намазды орындау және зекет беру бұйырылған еді. Міне, осы тура дін» («әл-Бәйина» сүресі, 5-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَإِنْ تَابُوا وَأَقَامُوا الصَّلَاةَ وَآتَوُا الزَّكَاةَ فَإِخْوَانُكُمْ فِي الدِّينِ ۝﴾

«Сонда егер олар, тәубе етіп, намазды толық орындап, зекет берсе, онда сендердің діндегі бауырларың (болады)» («әт-Тәуба» сүресі, 11-аят).

Аллаһ Тағала басқа аятта былай деген:

﴿فَإِنْ تَابُوا وَأَقَامُوا الصَّلَاةَ وَآتَوُا الزَّكَاةَ فَخَلُّوا سَبِيلَهُمْ إِنَّ اللَّهَ غَفُورٌ رَحِيمٌ ۝﴾

«Сонда егер олар, тәубе қылса, намазды толық орындап, зекет берсе, онда оларды жолдарында бос қойыңдар. Расында, Аллаһ Өте Кешірімді, ерекше Мейірімді» («әт-Тәуба» сүресі, 5-аят).

Ораза ұстаудың парыз екеніне дәлел — Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا كُتِبَ عَلَيْكُمُ الصِّيَامُ كَمَا كُتِبَ عَلَى الَّذِينَ مِن قَبْلِكُمْ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ ۝ ١٨٣ أَيَّامًا مَّعْدُودَاتٍ فَمَن كَانَ مِنكُم مَّرِيضًا أَوْ عَلَى سَفَرٍ فَعِدَّةٌ مِّنْ أَيَّامٍ أُخَرَ وَعَلَى الَّذِينَ يُطِيقُونَهُ فِدْيَةٌ طَعَامُ مِسْكِينٍ فَمَن تَطَوَّعَ خَيْرًا فَهُوَ خَيْرٌ لَهُ وَأَن تَصُومُوا خَيْرٌ لَّكُمْ إِن كُنتُمْ تَعْلَمُونَ ۝ ١٨٤ شَهْرُ رَمَضَانَ الَّذِي أُنزِلَ فِيهِ الْقُرْءَانُ هُدًى لِّلنَّاسِ وَبَيِّنَاتٍ مِّنَ الْهُدَى وَالْفُرْقَانِ فَمَن شَهِدَ مِنْكُمُ الشَّهْرَ فَلْيَصُمْهُ ۖ وَمَن كَانَ مَرِيضًا أَوْ عَلَى سَفَرٍ فَعِدَّةٌ مِّنْ أَيَّامٍ أُخَرَ ۝﴾

«Әй иман келтіргендер! Сендерден бұрынғыларға ораза парыз парыз етілгендей сендерге де ол парыз етілді, әрине тақуа боларсыңдар. Санаулы күндер ғана. Әрі егер әлдебіреуің ауру немесе жолаушы болса, онда басқа күндерде (өтеу

²¹ Бұл хадисті имам Муслим «Қазылық істер» кітабында, «Жарамсыз үкімдерді жою және жаңадан енгізілген нәрселерді қайтару» тарауында келтірген (№1718). Әл-Бухари, №7249–7350.

²² Имам Муслим және имам әл-Бухари хадисті Айша анамыздан және оны әкесінен жеткізген (Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын). Имам әл-Бухари (№2697). Имам Муслим (№1718).

қажет). Ораза ұстауға шамасы келетіндер (кәрі не аурулар ораза ұстамаса, онда) бір міскіннің тамағын төлесін. Ал кім жақсылыққа ұмтылса, ол өзі үшін жақсы. Әрі білсеңдер, ораза ұстауларың сендер үшін жақсы. Рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол және тура жолдың түсіндірмесі ретінде (жақсылық пен жаманды, хақ пен жалғанды) ажырататын дәлел түрінде Құран түсірілді. Сендерден кім рамазан айын көрсе, ораза ұстасын. Ал біреу науқас не сапарда болса, онда басқа күндерде санын толтырсын» («әл-Бақара» сүресі, 183-185 - аяттар). Яғни әр жылы рамазан айында ораза ұстау сендер үшін парыз.

Қажылыққа қатысты дәлел — Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿وَلِلّٰهِ عَلَى النَّاسِ حِجُّ الْبَيْتِ مَنِ اسْتَطَاعَ اِلَيْهِ سَبِيْلًا﴾

«(Меккеге бару) жолына шамасы келетіндерге Аллаһ үшін Қағбаға қажылық жасау міндетті» («Әли Имран» сүресі, 97-аят). Қажылық өмірде бір рет қана парыз, өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «Қажылықты өмір барысында бір рет өтеу — парыз, одан көбі — нәпіл»²³.

Міне осылар — Ислам дінінің бес тірегі.

Иман және Ихсан

Автор (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген:

«Екінші дәреже: Иман²⁴. Оның жетпістен астам тармағы бар. Олардың ең жоғарғысы - «Лә иләһә илләЛлаһ» куәлігі. Ал ең төменгісі - жолдан адамдарға зиян тигізуі мүмкін болған нәрселерді алып тастау²⁵. Сондай-ақ ұялу да – иманның бір тармағы.

Иманның алты тірегі бар:

- 1) Аллаһқа иман келтіру;**
- 2) Оның періштелеріне иман келтіру;**

²³ Бұл Ибн Аббастың хадисінің бір тармағы. Онда әл-Әкрағ ибн Хабиса есімді адамның Пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сұраған сұрағы баяндалған. Бұл хадисті имам Ахмад өзінің «Муснад» жинағында риуаят еткен (1/252, 255, 290, 352, 370, 371). Оны сондай-ақ Абу Дауд «Сунан» жинағында, «Қажылық рәсімдері кітабы», «Қажылықтың парыз екендігі» бөлімінде келтірген (№1721). Ән-Нәсаи бұл хадисті «Қажылық рәсімдері кітабында», «Қажылықтың парыз екендігі туралы тарауда» келтірген (№2696), ал Ибн Мәжаһ – «Қажылық рәсімдері кітабында» келтірген (№2886). Хаким бұл хадисті өзінің «Мустадрак» жинағында, «Қажылық кітабында» келтірген (№1728), ол хадисті сахих деп атаған әрі имам Заһаби бұған келісім білдірген. Қараңыз: «Талхис әл-Мустадрак» (1/643).

²⁴ Иман сөзінің тілдік мағынасы— растау, ал шариғи мағынасы: тілмен айту, жүреппен сену және дене мүшелерімен амал ету. Ол Аллаһ Тағалаға бойұсынумен артады, күнә жасаумен кемиді. Қараңыз: «Шейх Ибн Баздың әртүрлі кең және ауқымды фәтуалары мен мақалалар жинағы». Жинақты құрастырып, реттеген: Мухаммад бин Сағд аш-Шуайғир. 4-басылым, 1433 h.ж. [5/35].

²⁵ Бұл хадисті имам Муслим Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен. «Сахих Муслим», 35.

- 3) Оның Кітаптарына иман келтіру;
- 4) Оның елшілеріне иман келтіру;
- 5) Ақыретке иман келтіру;
- 6) Тағдырға: оның жақсылығы мен жамандығына иман келтіру.

Осы алты тірекке дәлел - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿لَيْسَ الْبِرَّ أَنْ تُولُوا وَجُوهَكُمْ قِبَلَ الْمَشْرِقِ وَالْمَغْرِبِ وَلَكِنَّ الْبِرَّ مَنْ ءَامَنَ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ
الْآخِرِ وَالْمَلَائِكَةِ وَالْكِتَابِ وَالنَّبِيِّينَ﴾

«Ізгілік тек жүздеріңді шығыс пен батысқа қаратуларыңда ғана емес, бірақ (нағыз) ізгілік – кім Аллаһқа, Ақырет күніне, періштелерге, Кітапқа және пайғамбарларға иман келтірсе» («әл-Бақара» сүресі, 177-аят).

Тағдырға (иман келтірудің) дәлелі - Аллаһтың (келесі) сөздері:

﴿إِنَّا كُلَّ شَيْءٍ خَلَقْنَاهُ بِقَدَرٍ ۝ ٤٩﴾

«Расында, біз әрбір нәрсені өлшеумен (тағдырмен) жараттық» («әл-Қамар» сүресі, 49-аят).

Үшінші дәреже: Ихсан. Оның тірегі біреу: Аллаһқа, оны көріп тұрғандай құлшылық ету. Сен Оны көре алмасаң (да), Аллаһ сені көріп тұр деген оймен құлшылық ету. Оған дәлел - Аллаһтың келесі сөздері:

﴿إِنَّ اللَّهَ مَعَ الَّذِينَ اتَّقَوْا وَالَّذِينَ هُمْ مُحْسِنُونَ ۝ ١٢٨﴾

«Расында, Аллаһ тақуалармен және ихсан (жақсылық) жасаушылармен бірге» («ән-Нәхл» сүресі, 128-аят).

Сондай-ақ мына аят та:

﴿وَتَوَكَّلْ عَلَى الْعَزِيزِ الرَّحِيمِ ۝ ٢١٧ الَّذِي يَرَىٰكَ حِينَ تَقُومُ ۝ ٢١٨ وَتَقْلُبُكَ فِي السَّجْدِ ۝ ٢١٩ إِنَّهُ هُوَ السَّمِيعُ الْعَلِيمُ ۝ ٢٢٠﴾

«Өте Үстем, ерекше Рахымды (Аллаһқа) тәуекел ет! Ол сені (намазда) тік тұрып тұрғаныңда көреді және сәжде етушілердің арасында жасаған қимылдарыңды да (көреді). Ақиқатында, Ол – (барлық нәрсені) Естуші, Білуші» («әш-Шуғара» сүресі, 217-220 аяттар).

Мына аят та:

﴿وَمَا تَكُونُ فِي شَأٍ مَّا تَتْلُوا مِنْهُ مِنْ قُرْءَانٍ وَلَا تَعْمَلُونَ مِنْ عَمَلٍ إِلَّا كُنَّا عَلَيْكُمْ شُهُودًا
إِذْ تُفِيضُونَ فِيهِ﴾

«Қандай жағдайда болсаң да, Құраннан нені оқысаң да және қандай амал істесеңдер де, оған кіріскендеріңде сендердің үстілеріңнен Куәгерміз» («Юнус» сүресі, 61-аят).

Шейх ибн Баздың (Аллаһ оны рахымына бөлесін) түсіндірмесі (шарх)

Иман — бұл жүрекпен байланысты нәрсе. Яғни адамның Аллаһқа иман келтіруі, Оның әлемдердің Раббысы екендігіне, тек Оның ғана құлшылыққа лайықты екендігіне иман келтіруі; сондай-ақ періштелерге, Кітаптарға, елшілерге, өлімнен кейінгі тірілуге, Жәннат пен Тозаққа, тағдырға, оның жақсылығы мен жамандығына иман келтіруі.

Мұның барлығы жүрекпен байланысты. Бұл – адамда міндетті түрде болуға тиісті негіздердің бірі. Адамның иманы болмаса – оның исламы да болмайды және де исламы болмаса – иман да болмайды. Міндетті түрде иман да, ислам да болуы керек. Яғни міндетті түрде сыртқы амалдармен көрініс табатын Исламы әрі жүрегімен жүзеге асатын Исламы да болуы керек, әрі иман да дәл осы сияқты оның сыртқы амалдарында да, жүрегінде де болуы керек. Яғни адамның денесі де, жүрегі де Аллаһқа исламмен толықтай мойынсұнуы және иман келтіруі қажет. Міне сондықтан Аллаһ Тағала Өзінің ұлы Кітабында осы екі нәрсені бірге атады. Сондай-ақ Аллаһтың Елшісі де (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бұл екеуін бірге атаған.

Ислам — бұл Аллаһ Тағалаға айқын түрде бойсұну әрі күнәларды тастау, ал иман — жүрекпен байланысты амалдарды, яғни жүректегі сенімді қамтиды. Алайда кейде «ислам» сөзімен «иман» меңзелуі, кейде «иман» сөзімен «ислам» меңзелуі мүмкін.

Кейде «иман» деген сөзбен бүкіл дін меңзеледі. Сол секілді «ислам» дегенмен де бүкіл дін меңзелуі мүмкін. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деген:

﴿إِنَّ الدِّينَ عِنْدَ اللَّهِ الْإِسْلَامُ﴾

«Аллаһ алдындағы шынайы дін — Ислам» («Әли Имран» сүресі, 19-аят). Бұл жерде «ислам» дегенде жүректегі жасырын амалдар да әрі сыртқы көзге көрінетін амалдар да меңзелуде.

Егер «иман» сөзі де жеке келсе, ол бүкіл дінді қамтиды. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Иман — жетпістен астам тармақтан тұрады. Оның ең жоғарғысы — «лә иләһә иллә Ллаһ» сөзі, ал ең төменгісі — жолдағы кедергіні алып тастау».**

Бұл жерде «иман» сөзімен бүкіл дін меңзеліп тұр. Ол — Исламның барлық тіректерін, барлық сыртқы амалдарды, сондай-ақ жүрекке қатысты барлық ішкі амалдарды және «ихсанды» да өзіне қамтиды.

Ал ихсан – бұл құлшылықты сырттай да, іштей де кемел түрде орындау. Бұл — сенің Аллаһқа Оны көріп тұрғандай құлшылық етуің, ал сен Оны көрмесең де, Оның сені көріп тұрғанын естен шығармауың. Кім Аллаһқа дәл осылай құлшылық етсе, сол ихсан дәрежесіне жеткен болып есептеледі және бүкіл жақсылықты бойына жинаған болады. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّ اللَّهَ مَعَ الَّذِينَ اتَّقَوْا وَالَّذِينَ هُمْ مُحْسِنُونَ﴾ ۱۲۸

«Расында, Аллаһ тақуалармен, сондай-ақ жақсылық істеушілермен (мухсиндермен) бірге», – деген («ән-Нәхл» сүресі, 128-аят). Сондай-ақ Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ былай деген:

﴿إِنَّ رَحْمَتَ اللَّهِ قَرِيبٌ مِّنَ الْمُحْسِنِينَ ٥٦﴾

«Расында, Аллаһтың мархаметі — жақсылық істеушілерге (мухсиндерге) жақын» («әл-Әғраф» сүресі, 56-аят). Әрі бұған ұқсас аяттар өте көп.

Автор (Аллаһ оны рахымына бөлесін) діннің осы үш, яғни ислам, иман және ихсан дәрежелеріне ортақ дәлел әрі баяндама келтіріп, былай деген:

«Сүннеттен дәлел - Умар (оған Аллаһ разы болсын) былай деп баяндаған: «Бірде біз Пайғамбармен (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бірге отырған кезде, киімдері аппақ, шаштары қап-қара бір кісі кіріп келді. Оның сырт келбетінен сапар іздері байқалмады, бірақ арамыздан ешкім оны танымады. Ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) алдына жақындап келіп, тізесін оның тізесіне тигізіп, екі алақанын сандарына қойып, оған бетпе-бет отырды. Сосын: «Уа Мухаммад, маған Ислам туралы айтып бер», - деді. (Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын)) былай деді: «Бұл - сенің Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне және Мухаммад - Оның елшісі екеніне куәлік беруің, намазды орындауың, зекет беруің, рамазан айында ораза ұстауың және шамаң келсе (Қазбаға) қажылық жасауың». Ол: «Рас айттың!», - деді. Біз оның өзі сұрап, өзі растап жатқанына таң қалдық. Кейін ол: «Маған Иман туралы айтып бер», - деп сұрады. Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Ол - сенің Аллаһқа, Оның періштелеріне, Кітаптарына, елшілеріне, Ақырет күніне және тағдырға: оның жақсылығы мен жамандығына - иман келтіруің», - деп жауап берді. Ол: «Рас айттың!» - деді. Содан соң ол: «Маған Ихсан туралы айтып бер!», - деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «(Бұл -) Сенің Аллаһқа оны көріп тұрғаныңдай құлшылық етуің. Ал сен Оны көре алмасаң да, Ол сені көріп тұр деген оймен құлшылық етуің», - деді. Ол кісі: «Маған Қиямет туралы айтып бер», - деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Сұралушы сұраушыдан артық білмейді», - деп жауап берді. Сонда (әлгі кісі): «Онда маған оның белгілерін атап бер», - деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Күн өзінің қожайынын туатынын, жалаңаяқ, жалаңаш кедей қойшылардың биік ғимараттар көтеруде бір-бірімен жарысатынын көресің», - деді.

Содан соң әлгі кісі шығып кетті, ал біз сол жерде біраз уақыт қалдық. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) менен: «Уа Умар, сұраушының кім екенін білесің бе?», - деп сұрады. Мен: «Аллаһ және Оның Елшісі жақсырақ біледі», - деп жауап бердім. Сонда ол: «Бұл – Жәбірейіл, діндеріңді үйрету үшін келді», - деді»²⁶.

Үшінші негіз: Пайғамбарымызды (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) тану

Автор (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген:

«Ол – Мухаммад ибн Абдуллаһ ибн Абдул-Мутталиб ибн Һашим. Һашим – құрайш тайпасынан, ал құрайш – араб тайпаларының бірі. (Құрайштық) арабтар – Исмаилдің ұрпағы, ал Исмаилдің әкесі – Аллаһтың сүйіктісі Ибраһим (оған және

²⁶ (Муслим «Сахих», №8 хадис).

Пайғамбарымызға Аллаһтың ең ұлы және ең жақсы салауаттары мен сәлемі болсын). Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) алпыс үш жыл өмір сүрді: пайғамбарлықтан бұрын қырық жыл, ал пайғамбар және елші болып жиырма үш жыл. «Әл-Ғәләк» сүресінің алғашқы аяттарының түсуімен ол пайғамбар (нәби), ал «әл-Муддассир» сүресінің алғашқы аяттарының түсуімен ол елші (расуль) болды. Туылған жері – Мекке.

Аллаһ оны бүкіл адамзатқа оларды ширктен (Аллаһқа серік қосудан) сақтандыру үшін және біркұдайшылыққа шақыру үшін жіберді. Бұған дәлел Аллаһ Тағаланың келесі сөздері:

﴿يَا أَيُّهَا الْمَدَنِيُّ ۚ قُمْ فَاذْهَبْ ۚ ۱ وَرَبَّكَ فَكَبِّرْ ۚ ۲ وَثِيَابَكَ فَطَهِّرْ ۚ ۳ وَالرُّجْزَ فَلْهْجُرْهُ ۚ وَلَا تَمْنُنْ ۚ ۴ تَسْتَغْنِي ۚ ۵ وَلِرَبِّكَ فَلْهَمِّرْ ۚ ۶﴾

«Әй оранушы! Тұр да, ескерт! Раббыңды ұлықта! Киіміңді тазала! Әр түрлі лас істерден аулақ бол! (Қылған ісіңді) міндет қылма. Раббың үшін сабыр ет» («әл-Муддассир» сүресі, 1-7-аяттар).

«Тұр да, ескерт!» сөздерінің мағынасы - ширктен сақтандырып (қайтарып), таухидке шақыр. «Раббыңды ұлықта!» - яғни Оны жалғыздау (таухид) арқылы ұлықта. «Киіміңді тазала!» - яғни амалдарыңды ширктен тазарт. «Лас істерден аулақ бол!» - яғни пұттарды тәрк ет, пұттарға құлшылық етуден және оларға құлшылық ететіндерден аулақ бол!

Ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) осыған кірісті де, он жыл бойы таухидке шақырды. Ал он жылдан соң ол көкке көтерілді. Сол көкте оған бес уақыт намаз парыз етілді, әрі ол Меккеде үш жыл бойы намазды орындады. Содан соң ол Мәдина қаласына хижра жасауға бұйырылды».

Шейх ибн Баздың (Аллаһ оны рахымына бөлесін) түсіндірмесі (шарх)

Үшінші негіз – Пайғамбарымыз Мухаммадты (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) тану. Әрбір адам Аллаһ Тағаланың оған жіберген пайғамбарын — Мухаммадты (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) міндетті түрде танып-білуі қажет. Аллаһ Тағала оны бүкіл адамзатқа жіберіп, ол арқылы адамдарға Өз жолдауын жеткізді. Ол адамдарға Аллаһ әмір еткен үкімдерді түсіндірді әрі Аллаһ оларды сол үшін жаратқан құлшылық түрлерін үйретіп, баяндап берді.

Бұл пайғамбар — Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын). Ол пайғамбарлардың соңғысы. Ол — Аллаһтың бүкіл адамзат пен жындарға жіберген соңғы елшісі. Аллаһ Тағала оны бүкіл адамзатқа жіберді. Аллаһ Тағала бұл туралы былай деген:

﴿قُلْ يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنِّي رَسُولُ اللَّهِ إِلَيْكُمْ جَمِيعًا﴾

«(Уа Мухаммад, оларға:) «Әй адамдар! Мен тұтас барлығыңа Аллаһтың Елшісімін», - деп айт» («әл-Әғраф» сүресі, 158-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

﴿وَمَا أَرْسَلْنَاكَ إِلَّا كَافَّةً لِّلنَّاسِ بَشِيرًا وَنَذِيرًا وَلَٰكِنَّ أَكْثَرَ النَّاسِ لَا يَعْلَمُونَ ۚ ۲۸﴾

«Біз сені бүкіл адам баласына қуандырушы әрі ескертуші етіп қана жібердік» («әс-Сәба» сүресі, 28-аят).

Оның есімі — Мухаммад²⁷ (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын). Оның есімдеріне сондай-ақ Ахмад²⁸, әл-Хашир²⁹, әл-Мәһи³⁰ және әл-Муқаффа³¹ да жатады. Әрі ол Хотаму-л-Әнбия — пайғамбарлардың соңғысы, Нәбийю-т-Тауба - тәубе пайғамбары³², Нәбийю-р-рохма - рахымдылық пайғамбары³³, Нәбийю-л-мәлхама - соғыс пайғамбары. Бұлардың бәрі — Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) есімдері. Алайда олардың ішінде ең танымалы, ең ардақтысы әрі ең ұлығы — Мухаммад есімі. Бұл — оның дүниеге келгенде қойылған есімі. Бұл есім Құранда да аталған. Аллаһ Тағала былай дейді:

﴿مُحَمَّدٌ رَسُولُ اللَّهِ﴾

«Мухаммад — Аллаһтың Елшісі» («әл-Фатх» сүресі, 29-аят).³⁴

²⁷ Бұл есімнің мағынасы – көптеген мақтаулы қасиеттердің иесі.

²⁸ Бұл есімнің мағынасы – Аллаһтың жаратылыстарының арасындағы ең мақтаулысы. Оны көптеген мақтаулы қасиеттері үшін аспан мен жердің, осы дүние мен мәңгілік өмірдің тұрғындары мадақтайды.

²⁹ Ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Қиямет күні адамдар оның аяғының жанында жиналатын адам және де ол адамдарды жинау үшін жіберілген.

³⁰ Ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Аллаһ Тағала ол арқылы күпірлікті жойған адам, және күпірлік ешкім арқылы ол арқылы жойылғандай етіп жойылмаған еді. Хадисті әл-Бухари мен Муслим келтірген. Онда Пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бесінші есімі – «әл-Ғақиб» деп айтылады. Оны әл-Бухари «Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) есімдері» бөлімінде келтірген, 3532. Муслим «Фадойль» кітабында, «Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) есімдері» бөлімінде келтірген, 2354.

³¹ Ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) өзінен бұрынғы пайғамбарлар мен елшілердің жолына еруші. Сондықтан да Аллаһ Тағала Пайғамбарымызды (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) олардың мұрагері еткен. Бұл есіммен аталу Хузайфа (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте келген. Бұл хадисті Ибн Аби Шәйба өзінің «әл-Мусаннаф» еңбегінің «Фадойль» кітабында келтірген – [11/457], сондай-ақ, Ахмад ибн Ханбал «әл-Муснад» кітабында – [5/405], ал Бәззар өз «Муснадында» – 2887 келтірген, «Нәби әл-Мәләһим» (соғыстар пайғамбары) деп аталған. Сондай-ақ, «тәубе пайғамбары» деп те аталған – 2912 (7/312). Ибн Хишбан бұл хадисті өзінің «Сахихында» сахих (сенімді) деп атаған, 1660.

³² Хадисті имам Муслим, Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен жеткізген, 1660.

³³ Бұл есім (яғни «Нәби әт-Тәуба» – Тәубе Пайғамбары) алдыңғы Хузайфадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте және Усман ибн Хунаифтың (Аллаһ оған разы болсын) хадисінде келген. Бұл хадисті имам әт-Тирмизи «Аллаһтың Елшісінен (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жеткен дұғалар» тарауында келтірген, 3578-нөмірмен келтірген (119-бап, атаусыз). Ол бұл хадис жайлы былай деген: «Бұл хадис хасан (жақсы) әрі ғариб» Сондай-ақ, бұл хадисті Ибн Мәжаһ өзінің «Намаз кітабында», «Қажеттілік (мұқтаждық) намазы» тарауында келтірген, 1385. Имам Ибн Хузайманың «Сахих» жинағы [2/225] 1219, әл-Хаким «әл-Мустадрәк» – 1180, 1969. Әз-Зәһаби хадисті сахих (сенімді) деп атаған (1/313)

³⁴ Мухаммад есімі Құран Кәрімнің төрт жерінде келген: Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

﴿وَمَا مُحَمَّدٌ إِلَّا رَسُولٌ﴾

«Мухаммад тек қана Елші» («Әли Имран» сүресі, 144-аят). Екінші жер:

﴿مَا كَانَ مُحَمَّدٌ أَبَا أَحَدٍ مِّن رِّجَالِكُمْ﴾

«Мухаммад сендердің араларындағы ешбір ердің әкесі емес» («әл-Әхзаб» сүресі, 40-аят). Кейін:

Сондай-ақ оның есімдерінің бірі — Ахмад. Иса Пайғамбар (оған Аллаһтың сәлемі болсын) ол жайлы былай деген:

﴿وَمُبَشِّرًا بِرَسُولٍ يَأْتِي مِنْ بَعْدِي اسْمُهُ أَحْمَدُ﴾

«...және менен кейін келетін Ахмад атты елшімен сүйіншілеушімін» («әс-Софф» сүресі, 6-аят).

Оның есімі — Мухаммад. Әкесі — АбдуЛлах, ал атасы — Абдулмутталиб болған. Алайда шын мәнінде «Абдулмутталиб» — оның атасының лақап есім еді, оның шын аты — Шәйба болатын. Пайғамбардың арғы атасы — Һәшим еді, ол құрайыштық мырзалардың бірі болған. Сол секілді Абдулмутталиб те құрайыштықтардың ардақты мырзаларынан болатын.

Һәшим — құрайыш тайпасынан еді. Ал құрайыш — арабтардың ішіндегі ең мәртебелі, ең құрметті тайпа болатын. Аллаһтың елшісі Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) — осы тайпаның ішіндегі ең абзал әулет — Һәшим әулетінен еді. Бану Һәшим — құрайыштықтардың ең абзалы. Һәшимнің есімі — Фихр ибн Мәлик болған. Кейбір риуаяттарда Құрайыш деген — Фихр ибн Мәликтің атасы ән-Надр ибн Кинана екені де айтылады. Құрайыштықтар арабтанған арабтар болып табылады, яғни олар бастапқыда араб емес болғанымен, алайда кейін араб тілінде сөйлей бастап, таза әрі анық арабша сөйлейтін болды. Осы себепті олар «әл-ғароб әл-мустағриба» немесе «әл-ғароб әл-ғариба» — яғни арабтанған арабтар деп аталған. Құрайыштықтар — Ибраһим пайғамбардың ұлы Исмаилдің ұрпағы еді. Олардың екеуіне де Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын.

Бұл ұлы пайғамбар — Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) — Аллаһтан оған **أَقْرَأُ** – «Оқы!» деген сөздері түскеннен кейін пайғамбар болды. Яғни оған алғаш уахи етілген нәрсе — Аллаһ Тағаланың:

﴿أَقْرَأْ بِاسْمِ رَبِّكَ الَّذِي خَلَقَ﴾

«Жаратқан Раббыңның атымен оқы!», - деген сөздері еді («әл-Ғаләк» сүресі, 1-аят). Осы аят түскеннен кейін ол пайғамбар болды. Жәбірейіл оған Хира үңгірінде келіп, осы сүрені оқыған еді.

Біраз уақыттан соң Жәбірейіл періште Пайғамбарызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) «әл-Муддассир» сүресімен келді. Осылайша, Аллаһ Тағаланың:

﴿يَا أَيُّهَا الْمُدَّثِّرُ ۖ قُمْ فَأَنْذِرْ﴾

﴿وَعَاظَنُوا بِمَا نُزِّلَ عَلَى مُحَمَّدٍ وَهُوَ الْحَقُّ مِنْ رَبِّهِمْ﴾

«...және Мухаммадқа түсірілгенге иман келтірген, бұл Раббыларынан болған ақиқат» («Мухаммад» сүресі, 2-аят).

﴿مُحَمَّدٌ رَسُولُ اللَّهِ﴾

«Мухаммад – Аллаһтың Елшісі» («әл-Фатх» сүресі, 29-аят).

«Әй оранып алған! Тұр да ескерт!» деген сөздері түскеннен кейін ол елші болды (әл-Муддассир сүресі, 1–2-аяттар).³⁵

«Муддассир» — «оралған», «жамылған» дегенді білдіреді. Себебі Жәбірейіл оған уахи әкелгенде, Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бұл ауыр тиіп, ол: «*Менің үстімді жабыңдар! Үстімді жабыңдар!*» — деді. Жәбірейіл (оған Аллаһтың сәлемі болсын) оны бірнеше мәрте қатты қысқандығы үшін, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қорықты. Кейін Жәбірейіл: «Оқы!», - деп, Пайғамбарымызды (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) елшілік жолының ұлылығы мен ауырлығына дайындады. Кейін Аллаһ Тағала:

﴿يَا أَيُّهَا الْمُدَّثِّرُ ۝ قُمْ فَأَنذِرْ ۝۲﴾

«Әй оранып алған! Тұр да ескерт!», - деген аяттарды түсірді. Яғни, тұрып адамдарды ескертіп, үгітте. Осы сәттен бастап ол елші болды.

﴿وَرَبَّكَ فَكَبِّرْ ۝۳﴾

«Раббыңды ұлықта!» — яғни Оны таухид (бір Аллаһқа ғана құлшылық ету) арқылы ұлықта.

﴿وَتِبَّانَكَ فَطَهِّرْ ۝۴﴾

«Киіміңді тазарт!» — яғни амалдарыңды ширктен тазарт. Мұнда тура мағынадағы киім тазалығы айтылып тұрған жоқ, өйткені ол кезде намаз әлі парыз етілмеген еді. Бұл жерде амал-әрекеттер жайлы айтылып тұр. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَلِبَاسُ الْقَوَىٰ ذَٰلِكَ خَيْرٌ ۝﴾

«Негізінде тақуалық киімі жақсы» («әл-Әғраф» сүресі, 26-аят). Бұл аятта да амал «киім» сөзімен аталған.

﴿وَالرُّجْزَ فَلْهْجُرْ ۝۵﴾

«Әр түрлі лас істерден аулақ бол!» — яғни пұттарды тәрк ет, оларға және оларға құлшылық ететіндердің барлығынан аулақ бол. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бұған он жыл бойы шақырды. Ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) адамдарды таухидке шақырып, ширктен сақтандырған. Адамдарға Аллаһтан өзге ешкімге құлшылық етпеді бұйырып, пұттар мен мүсіндерге құлшылық етуді тоқтатуды әмір етті. Ол адамдарға Аллаһты құлшылықта, дұғаларында, нәзірлерінде, құрбандықтарында және басқа да амалдарында жалғыздауды бұйырған.

Он жылдық пайғамбарлықтан кейін Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Жәбірейілмен (оған Аллаһтың сәлемі болсын) бірге көкке көтерілді. Ол жетінші аспаннан да жоғары көтеріліп, тіпті тағдырды жазатын қаламдардың сықырын естуге дейін жетті. Сол жерде Аллаһ Тағала онымен сөйлесіп,

³⁵ Бұл екі Сахих жинақтарында Жәбир ибн АбдуЛаһтың (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен келген. Имам әл-Бухари оны «Уахи басталу» кітабында келтірген, 4; Муслим хадисті «Иман» кітабы, «Аллаһ Елшісіне (Аллаһ оған разы болсын) уахи түсудің басталуы» бабы, 161.

оған бес уақыт намазды парыз етті. Алғашында Аллаһ Тағала елу уақыт намазды парыз еткен еді, бірақ Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) үмметі үшін жеңілдік сұрады және Аллаһ Тағала бес уақыт намазды бекітті.

Аллаһ Тағала былай деді: *«Олар саны бойынша — бесеу, бірақ ол үшін елу сауап жазылады»*. Яғни кімде-кім бес парыз намазын ұқыптылықпен, өз уақытысында орындап жүрсе, Аллаһ оған елу намаздың сауабын жазылады. Себебі әрбір жақсылық үшін — он есе сауап беріледі.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) осымен түсірілді және тәулік барысында бес уақыт намаз оқыды, яғни: бесін (зухр), екінті (аср), ақшам (мағриб), құптан (иша), таң (фәжр) намаздары. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) хижра жасаудан бұрын Меккеде үш жыл осылайша намаз оқыған.

Содан кейін Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі) болсын, құрайыштықтардың оған және оның сахабаларына жасаған зұлымдығы мен қысымы күшейген кезде Мәдинаға хижра жасады. Аллаһ оған Меккеден Мәдинаға, яғни ансарларға көшуге рұқсат берді, өйткені құрайыштықтар оған өте қатты зәбір мен зұлымдық жасады. Ансарлар (яғни Мәдинаның тұрғындары) бірде Меккеге қажылыққа келген кезде, (Пайғамбарымызбен кездесіп, оған иман келтіріп) егер Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) оларға қоныс аударса, оған жәрдем береміз деп ант берген болатын. Аллаһ ансарлардың барлығына разы болсын!

Ансарлар Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) ант берген соң, Аллаһ Тағала оған хижра жасауға рұқсат етті, және ол Мәдинаға хижра жасады. Бұған дейін кейбір сахабалар Нәжәши патшалығы астында біраз уақыт өмір сүру үшін Эфиопияға хижра жасаған еді. Кейін Эфиопиядағы сахабалар да Мәдинаға хижра жасады. Осылайша, Аллаһқа бүкіл мақтау-мадақ, барлық сахабалар Мәдинада бас қосты.

Хижра

Автор (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген:

«Хижра дегеніміз – бұл ширк (көпқұдайшылық) елінен Ислам еліне қоныс аудару.

Ширк елінен Ислам еліне көшу осы үмметке парыз, әрі ол Қиямет Күніне дейін жалғасады. Бұған дәлел – Аллаһтың мына сөздері:

﴿إِنَّ الَّذِينَ تَوَفَّيْنَاهُمُ الظَّالِمِينَ أَنْفُسُهُمْ قَالُوا فِيمَ كُنْتُمْ قَالُوا كُنَّا مُسْتَضْعَفِينَ فِي الْأَرْضِ قَالُوا أَلَمْ تَكُنْ أَرْضَ اللَّهِ وَسِعَةً فَتُهَاجِرُوا فِيهَا فَأُولَٰئِكَ مَأْوَاهُمْ جَهَنَّمُ وَسَاءَتْ مَصِيرًا ۝٩٧ إِلَّا الْمُسْتَضْعَفِينَ مِنَ الرِّجَالِ وَالنِّسَاءِ وَالْوِلْدَانِ لَا يَسْتَطِيعُونَ حِيلَةً وَلَا يَهْتَدُونَ سَبِيلًا ۝٩٨ فَأُولَٰئِكَ عَسَى اللَّهُ أَنْ يَعْفُو عَنْهُمْ وَكَانَ اللَّهُ عَفُوًّا غَفُورًا ۝٩٩﴾

«Періштелер өз жандарына зұлымдық еткендердің (мүмкіндігі бола тұра хижра жасамағандардың) жандарын алғанда: «Қандай жағдайда едіңдер?», - дейді. Олар: «Біздер бұл жерде шамасыз едік», - дейді. (Періштелер оларға:) «Аллаһтың жері сендер онда көшулерің үшін кең емес пе?» - дейді. Міне, бұлардың орны Тозақ болады. Бұл барар орын нендей жаман! Бұл тек шара қолдана алмайтын және тура

жол таба алмайтын шамасыз еркектерге, әйелдерге және балаларға қатысты емес. Осындайларды Аллаһ кешіруі мүмкін, өйткені Аллаһ – Өте Кешірімді, Ерекше Жарылқаушы» («ән-Ниса» сүресі, 97-99 - аяттар).

Сондай-ақ Оның мына сөздері де:

﴿يُعِبَادِي الَّذِينَ ءَامَنُوا إِنَّ أَرْضِي وَسِعَةً فَإِيَّيَ فَلْعَبُدُونِ ٥٦﴾

«Әй Менің иман келтірген құлдарым! Расында, Менің жерім кең, сондықтан Маған ғана құлшылық етіңдер!» («әл-Анкабут» сүресі, 56-аят).

Имам әл-Бағауи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «Бұл аят хижра жасамаған меккеліктерге қатысты түскен. Аллаһ оларды иман келтіргендер деген есіммен атады».

Хижраға Сүннеттен дәлел – Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): *«Тәубе қабыл етілгенге дейін хижра үзілмейді, және Күн батыстан шыққанға дейін тәубенің қабыл етілуі тоқтамайды»*, - деген хадисі³⁶.

Ал ол (яғни Пайғамбарымыз) Мәдина қаласына келіп орналасқан соң, оған Исламның басқа да құлшылық-ғибадаттары бұйырылды. Мысалы, ораза, зекет, қажылық, азан, жиһад, жақсылыққа бұйырып, жамандықтан қайтару және басқалары.

Осыларды орындап, ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) он жыл өмір сүрді, кейін қайтыс болды. Ал оның діні қалды! Міне, осы – оның діні! Ол ешбір игілікті қалдырмастан үмметтіңе толық жеткізді. Ешбір жамандықты қалдырмастан үмметін одан тыйды. Ол жеткізген игілік – бұл таухид және Аллаһ жақсы көріп, разы болатын барлық нәрсе. Ол қайтарған жамандық – бұл ширк және Аллаһ жек көретін барлық нәрсе. Аллаһ оны бүкіл адамзатқа елші етіп жіберді, оған бағынуды жындар мен адамдардың барлығына парыз етті. Бұған дәлел – Аллаһ Тағаланың келесі сөздері:

﴿قُلْ يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنِّي رَسُولُ اللَّهِ إِلَيْكُمْ جَمِيعًا﴾

«(Әй Мухаммад:) «Уа адамдар! Ақиқатында, мен тұтас барлықтарыңа Аллаһтың елшісімін!», - деп айт» («әл-Әғраф» сүресі, 158-аят).

Аллаһ ол арқылы Өзінің дінін толық (кәміл) етті. Бұған дәлел – Аллаһ Тағаланың мына аяттары:

﴿الْيَوْمَ أَكْمَلْتُ لَكُمْ دِينَكُمْ وَأَتْمَمْتُ عَلَيْكُمْ نِعْمَتِي وَرَضِيتُ لَكُمُ الْإِسْلَامَ دِينًا﴾

«Бүгін діндеріңді толық еттім, сендерге деген Өз нығметімді тәмамдадым және сендер үшін Ислам дініне разы болдым» («әл-Мәида» сүресі, 3-аят)».

Пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) дүниеден өткеніне дәлел – Аллаһтың мына сөздері:

﴿إِنَّكَ مَيِّتٌ وَإِنَّهُمْ مَيِّتُونَ ٣٠ ثُمَّ إِنَّكُمْ يَوْمَ الْقِيَمَةِ عِنْدَ رَبِّكُمْ تَخْتَصِمُونَ ٣١﴾

³⁶ Хадисті Ахмад (99/4) және Абу Дауд (2479) жеткізген, хадис сахих.

«(Уа Мухаммад!) Расында, сен өлесің, олар да өледі. Сосын Қиямет Күні сендер Раббыларыңның алдында тартысасыңдар» («әз-Зүмәр» сүресі, 30-31 аяттар).

Адамдар өлген соң қайта тіріледі. Бұған дәлел – Аллаһтың келесі сөздері:

﴿مِنْهَا خَلَقْنَاكُمْ وَفِيهَا نُعِيدُكُمْ وَمِنْهَا نُخْرِجُكُمْ تَارَةً أُخْرَىٰ ٥﴾

«Одан сендерді жараттық. Оған сендерді қайтарамыз, әрі екінші рет одан шығарамыз» («Та-Ха» сүресі, 55-аят).

Сондай-ақ оның келесі сөздері:

﴿وَاللَّهُ أَنْبَتَكُمْ مِنَ الْأَرْضِ نَبَاتًا ١٧ ثُمَّ يُعِيدُكُمْ فِيهَا وَيُخْرِجُكُمْ إِخْرَاجًا ١٨﴾

«Аллаһ сендерді жерден өсіріп өндірді. Сосын сендер оған қайтарыласыңдар да, кейін қайта шығарыласыңдар» («Нух» сүресі, 17-18 аяттар).

Адамдар тірілгеннен кейін, істеген амалдары үшін есепке алынады. Бұған Аллаһ Тағаланың мына Сөздері дәлел:

﴿وَلِلَّهِ مَا فِي السَّمُوتِ وَمَا فِي الْأَرْضِ لِيَجْزِيَ الَّذِينَ أَسَاءُوا بِمَا عَمِلُوا وَيَجْزِيَ الَّذِينَ أَحْسَنُوا بِالْحُسْنَىٰ ٣١﴾

«Көктердегі және жердегі барлық нәрсе Аллаһтың иелігінде. (Бұл) – жамандық істегендерді істегендерімен жазалау үшін, ал жақсылық жасағандарға одан да жақсырағымен қайтару үшін» («ән-Нәжм» сүресі, 31-аят).

Кім қайта тірілуді жоққа шығарса, кәпір болады. Бұған дәлел Аллаһтың мына сөздері:

﴿زَعَمَ الَّذِينَ كَفَرُوا أَنْ لَنْ يُبْعَثُوا قُلْ بَلَىٰ وَرَبِّي لَتُبْعَثُنَّ ثُمَّ لَتُنَبَّؤُنَّ بِمَا عَمِلْتُمْ وَذَٰلِكَ عَلَى اللَّهِ يَسِيرٌ ٧﴾

«Кәпірлер: «Қайта тірілмейміз», - деп ойлайды. (Оларға) айт: «Раббыммен ант етемін! Сендер өлгеннен кейін әлбетте тірілесіңдер, кейін сендерге істегендерің түсіндіріледі. Бұл Аллаһқа оңай!» («әт-Тағабун» сүресі, 7-аят)».

Шейх ибн Баздың (Аллаһ оны рахымына бөлесін) түсіндірмесі (шарх)

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) хижра жасағанынан кейін Мәдинада орныққан кезде, Аллаһ оған Исламның қалған үкімдерін орындауды бұйырды. Яғни – зекет беру, рамазан айында ораза ұстау, Қағбаға қажылық жасау, жиһадқа шығу, жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыю секілді амалдар. Мәдина Исламның жеріне және мұсылмандардың алғашқы астанасына айналды. Мұсылмандар онда жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю мүмкіндігіне ие болды.

Аса Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ Өзінің рақымымен бұл құлшылықтарды парыз етуді Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Мәдинаға қоныс аударғанға дейін кейінге қалдырды. Ал зекетке келер болсақ, оның негізі Меккеде

бекітілген болатын. Бұл жөнінде Аллаһ Тағала Меккеде түскен «әл-Әнғам» сүресінде былай деген:

﴿وَأَتُوا حَقَّهُ يَوْمَ حَصَادِهِ﴾

«Оны (өнімді) жиып алған күнде қақысын беріңдер» («әл-Әнғам» сүресі, 141-аят).

Алайда зекетке қатысты толық шариғи үкімдер Мәдинада түсірілді. Ал рамазан айындағы ораза хижраның 2-жылы парыз етілді.

Қажылық жасау хижра жыл санауы бойынша 9 немесе 10-жылы парыз етілді. Аллаһ Тағала қажылық туралы былай деген:

﴿وَلِلَّهِ عَلَى النَّاسِ حِجُّ الْبَيْتِ مَنِ اسْتَطَاعَ إِلَيْهِ سَبِيلًا﴾

«Оның (яғни қажылық) жолына шамасы келген кісілер, Аллаһ үшін Қағбаны зиярат ету (қажылық жасау) керек». Бұл аят Мәдинада түскен «Әли Имран» сүресінде келген³⁷.

Сол сияқты, жиһад жасау да Мәдинада әмір етілді. Алғашында мұсылмандар тек өздеріне шабуыл жасағандармен ғана соғысты, ал өздеріне тиіспегендерге тиіспеді. Кейін оларға кәпірлермен олар бірінші болып бастамаса да, соғысты бірінші бастауға рұқсат етілді. Олар Аллаһтың дініне шақырылатын, егер олар исламды қабылдаудан бас тартса, олармен ақиқатқа бойсұнғанға дейін соғыс жүргізілетін. Тек Кітап иелері бұл ережеден тыс еді — олардан жизия қабылданатын.

Аллаһ Тағала Кітап иелеріне қатысты үкімді отқа табынушыларға да қатысты қолдануды бұйырды, яғни оларға: не Исламды қабылдау, не жизия төлеу міндетін жүктеді. Ал қалған кәпірлерге келсек, егер оларға қарсы тұрарлық күш болса, олар не Исламды қабылдауы қажет, не оларға қарсы соғыс жүргізіледі.

Аллаһ Тағала Өз дінін және рақымын толық жеткізгеннен кейін, хижраның оныншы жылы Мухаммад Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жанын алды. Бұл Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) дінді айқын түсіндіріп жеткізгеннен кейін, Аллаһ Өз дінін және рақымын толық етіп түсіріп болған соң орын алды. Осы жайында Аллаһ Тағала былай деген:

﴿الْيَوْمَ أَكْمَلْتُ لَكُمْ دِينَكُمْ وَأَتَمَمْتُ عَلَيْكُمْ نِعْمَتِي وَرَضِيتُ لَكُمُ الْإِسْلَامَ دِينًا﴾

«Бүгін діндеріңді толықтастырдым және нығметімді тамамдадым. Сондай-ақ сендерге Ислам дінін қоштап ұнаттым» («әл-Мәида» сүресі, 3-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّكَ مَيِّتٌ وَإِنَّهُمْ مَيِّتُونَ ۚ ثُمَّ إِنَّكُمْ يَوْمَ الْقِيَمَةِ عِنْدَ رَبِّكُمْ تَخْتَصِمُونَ ۝ ٣١﴾

«(Мухаммад,) шынында сен де өлесің, олар да өледі. Сосын сендер Қиямет күнінде Раббыларыңның құзырында тартысасыңдар» («әз-Зүмәр» сүресі, 30–31-аяттар).

³⁷ «Әли Имран» сүресі, 97-аят.

Адамдар өлгеннен кейін қайта тіріледі. Бұл жөнінде Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَاللَّهُ أَنْبَتَكُمْ مِنَ الْأَرْضِ نَبَاتًا ۚ ثُمَّ يُعِيدُكُمْ فِيهَا وَيُخْرِجُكُمْ إِخْرَاجًا ۚ﴾

«Аллаһ сендерді жерден өсіріп өндірді. Сосын сендерді сол жерге қайтарады, содан кейін қайта шығарады» («Нух» сүресі, 17–18-аяттар).

Сондай-ақ Аллаһ тағы былай деген:

﴿زَعَمَ الَّذِينَ كَفَرُوا أَنْ لَنْ يُبْعَثُوا قُلْ بَلَىٰ وَرَبِّي لَتُبْعَثُنَّ ثُمَّ لَتُنَبَّؤُنَّ بِمَا عَمِلْتُمْ وَذَٰلِكَ عَلَى اللَّهِ

يَسِيرٌ ۝٧﴾

«Кәпірлер әсте қайта тірілмейміз деп ойлайды. (Мухаммад) оларға: "Жоқ, Раббыммен ант етемін, сендер әлбетте өлгеннен кейін қайта тірілесіңдер. Сосын сендерге не істегендерің түсіндіріледі. Бұл Аллаһқа оңай", - де» («әт-Тағабун» сүресі, 7-аят).

Сондай-ақ Пәк Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَلِلَّهِ مَا فِي السَّمُوتِ وَمَا فِي الْأَرْضِ لِيَجْزِيَ الَّذِينَ أَسَاءُوا بِمَا عَمِلُوا وَيَجْزِيَ الَّذِينَ

أَحْسَنُوا بِالْحُسْنَىٰ ۝٣١﴾

«Көктердегі әрі жердегі нәрселер Аллаһтың иелегінде. Ол жамандық істегендерді, істегендері үшін жазалауы, ал жақсылық істегендерді оданда жақсысымен марапаттауы үшін» («ән-Нәжм сүресі, 31-аят).

Қиямет күні адамдар есепке тартылады және оларға істеген амалдарына сәйкес сауап немесе жаза беріледі. Олардың барлығына амалдары жазылған кітаптары тапсырылады: біреулерге оң қолына, ал біреулерге сол қолына. Кітабы оң қолына берілген адам —бақытты болады. Ал кітабы сол қолына берілген адам — бақытсыз болады.

Кімнің ізгі істері Қиямет Таразысында ауыр басса, сол адам бақытқа ие болады. Ал кәпірдің ізгі амалдарының таразысы жеңіл болады. Ал күнәһар мұсылмандарға келсек, олар қауіптің алдында. Мүмкін олар шынайы тәубе еткені үшін Жәннатқа кірер, мүмкін Аллаһ олардың күнәларын кешірер, мүмкін олардың сауаптары күнәларынан басым шығар. Ал егер олардың ізгі істерінің таразысы жеңіл болып қалса, олар Тозақ иелерінің бірі болады. Олар онда Аллаһ қалағанынша азапталады. Бірақ кейін Аллаһ Тағала оларды Тозақтан шығарады, өйткені олар Исламда өлген еді.

Әрбір адам жаман істерден сақтануы міндетті. Әрбір адам Аллаһқа тәубе етіп, тура жолда жүруі керек. Себебі ешкім қашан өлетінін білмейді. Мұсылман адам өз нәпсісімен күресіп, оны ақиқатқа бағындырғанға дейін табандылықпен күресуі қажет. Мұсылман өз күнәларына шын жүректен өкініп, шынайы тәубе етуі тиіс, сонда ғана ол игілікпен әрі тура жолмен өледі. Мұндай адам Қиямет күні бақыт пен құтқарылуға қол жеткізеді.

Аллаһ Тағала Елшілерді не нәрсемен жібергенін баяндау

Автор (Аллаһ оған разы болсын) былай деген:

«Аллаһ барлық елшілерді (Жәннатпен) қуандырушы, (Тозақтан) ескертуші етіп жіберді. Бұған Аллаһтың келесі сөздері дәлел:

﴿رُسُلًا مُّبَشِّرِينَ وَمُنْذِرِينَ لِئَلَّا يَكُونَ لِلنَّاسِ عَلَى اللَّهِ حُجَّةٌ بَعْدَ الرُّسُلِ﴾

«Елшілерден кейін адамдардың Аллаһқа ешқандай сылтауы болмас үшін, елшілерді қуантушы және ескертуші етіп жібердік» («ән-Ниса» сүресі, 165-аят).

Олардың алғашқысы – Нух (оған Аллаһтың сәлемі болсын), ал ең соңғысы әрі пайғамбарлардың мөрі – Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) еді. Олардың ең алғашқысы Нух болғанына дәлел - Аллаһтың мына сөздері:

﴿إِنَّا أَوْحَيْنَا إِلَيْكَ كَمَا أَوْحَيْنَا إِلَى نُوحٍ وَالنَّبِيِّينَ مِنْ بَعْدِهِ﴾

«Біз Нухқа және одан кейінгі пайғамбарларға уахи еткеніміздей, саған да уахи еттік» («ән-Ниса» сүресі, 163-аят).

Аллаһ Нухтан бастап, Мухаммадқа дейін (оларға Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) елшілерді әрбір үмметке Өзіне ғана құлшылық етіп, тағутқа құлшылық етуден қайтару үшін жіберген еді. Бұған дәлел Аллаһтың келесі сөздері:

﴿وَلَقَدْ بَعَثْنَا فِي كُلِّ أُمَّةٍ رَسُولًا أَنِ اعْبُدُوا اللَّهَ وَاجْتَنِبُوا الطُّغُوتَ﴾

«Расында, әр үмметке: «Аллаһқа ғана құлшылық қылыңдар, тағуттардан аулақ болыңдар», - дейтін елші жібердік» («ән-Нәхл» сүресі, 36-аят).

Аллаһ барлық құлдарына тағутқа күпірлік етіп, Өзіне ғана иман келтіруді парыз етті. Шейх Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахым етсін) былай деген: «Тағут сөзінің мағынасы пенде не соған құлшылық етіп, не ізінен ілесіп, немесе бағыну арқылы (шариғаттың) шегін бұзатын кез-келген нәрсені қамтиды».

Тағуттар көп, бірақ олардың бастылары бесеу: Ібіліс (Аллаһ оны лағынет етсін), өзіне құлшылық етілуіне разы болушы, адамдарды өзіне құлшылық етуге шақырушы, ғайыпты (көместі) білетіні туралы жариялаушы, Аллаһ түсірген (шариғаттан) басқамен үкім етуші.

Бұған дәлел – Аллаһтың мына сөздері:

﴿لَا إِكْرَاهَ فِي الدِّينِ قَدْ تَبَيَّنَ الرُّشْدُ مِنَ الْغَيِّ فَمَنْ يَكْفُرْ بِالطُّغُوتِ وَيُؤْمِنْ بِاللَّهِ فَقَدْ اسْتَمْسَكَ بِالْعُرْوَةِ الْوُثْقَى لَا انْفِصَامَ لَهَا وَاللَّهُ سَمِيعٌ عَلِيمٌ ٢٥٦﴾

«Дінде зорлық жоқ. Расында, тура жол адасудан ажыратылды. Сонда кім тағутқа күпірлік етіп, Аллаһқа иман келтірсе, ол үзілмейтін берік тұтқадан ұстап алды. Аллаһ – барлық нәрсені Естуші, Білуші» («әл-Бақара» сүресі, 256-аят).

Міне осы «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігінің мағынасы.

Хадисте айтылғанындай: «Бұл істің (діннің) негізі – Ислам, тірегі – намаз, ал шыңы – Аллаһтың жолындағы жиһад» (әт-Табәрони «әл-Кәбир»).

Ал Аллаһ бұл туралы жақсырақ біледі!»

Шейх ибн Баздың (Аллаһ оны рахымына бөлесін) түсіндірмесі (шарх)

Аллаһтың Елшісі Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын), бүкіл адамзат пен жындарға елші етіп жіберілді. Аллаһ Тағала бұл туралы былай деген:

﴿قُلْ يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنِّي رَسُولُ اللَّهِ إِلَيْكُمْ جَمِيعًا﴾

«(Уа Мухаммад:) «Әй адам баласы! Мен тұтас барлығыңа Аллаһтың Елшісімін», - деп айт» («әл-Әғраф» сүресі, 158-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

﴿وَمَا أَرْسَلْنَاكَ إِلَّا كَافَّةً لِّلنَّاسِ بَشِيرًا وَنَذِيرًا وَلَكِنَّ أَكْثَرَ النَّاسِ لَا يَعْلَمُونَ ٢٨﴾

«Сені біртұтас адам баласына қуандырушы, қорқытушы етіп қана жібердік. Бірақ адамдардың көбі түсінбейді» («әс-Сәба» сүресі, 28-аят).

Ол — пайғамбарлардың соңғысы. Одан кейін пайғамбар келмейді.

Бүкіл пайғамбарлар — алғашқыдан соңғысына дейін — өз қауымдарына Аллаһтың қуанышты хабарын жеткізу және Оның азабынан ескерту үшін жіберілген. Алғашқы пайғамбар Нух болды. Аллаһ оны қауымы ширкке (Аллаһқа серік қосуға) батқан кезде жіберді.

Нухтан бұрын Адам атамыз пайғамбар болған. Аллаһ Тағала оны өзінің ұрпағына пайғамбар етіп жіберді. Ол өз ұрпағына тек Аллаһқа құлшылық етуді, өзімен келген шариғатқа сай өмір сүруді бұйырды. Адамның ұрпағы ислам дінін ұстанып, тура жолда жүрді. Бірақ кейіннен Нух пайғамбардың қауымы Аллаһқа серік қосып, ширкке түсті.

Нухтың қауымы ширкке түскен кезде, Аллаһ оларға елші етіп Нухты жіберді. Ол — жер бетінде ширк пайда болғаннан кейін адамдарға жіберілген ең алғашқы елші болды.

Аллаһ әрбір үмметке елші жіберді. Ғад қауымына — Һудты, кейін Сәмуд еліне — Солихты жіберді. Кейін Аллаһ Ибраһимді, Лутты және Шүғайбты жіберді. Олардың арасында ұзақ уақыт алшақтық болмады.

Осыдан кейін елшілер бірінен соң бірі келіп отырды. Олардың арасында Муса, Һарун, Иса, Айюб, Дәуд, Сулейман болды. Ал олардың ең соңғысы — Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын). Ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) — елшілердің соңғысы және олардың ең абзалы.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿رُسُلًا مُّبَشِّرِينَ وَمُنذِرِينَ لِّئَلَّا يَكُونَ لِلنَّاسِ عَلَى اللَّهِ حُجَّةٌ بَعْدَ الرُّسُلِ وَكَانَ اللَّهُ عَزِيزًا﴾

﴿حَكِيمًا ١٦٥﴾

«Елшілерден кейін адамдардың Аллаһқа ешқандай сылтауы болмас үшін, елшілерді қуантушы және ескертуші етіп жібердік. Аллаһ аса Үстем, Аса Дана» («Ән-Ниса» сүресі, 165-аят).

Бұл аятта «**қуандырушы**» деп айтылған, яғни: елшілер Аллаһқа бойсұнғандарға арналған Жәннат жайлы қуанышты хабар жеткізді. «**Ескертуші**», яғни: олар адамдарды Аллаһқа серік қосудан (ширктен), Тозақтан және егер олар Аллаһтың бұйрықтарына қарсы келсе, оларға әзірленген азапты жазадан ескертті.

Сондай-ақ Мухаммад та (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Аллаһ тарапынан қуанышты хабар жеткізуші әрі ескертуші ретінде жіберілген. Бұл жайлы Аллаһ Тағала былай деген:

﴿يَا أَيُّهَا النَّبِيُّ إِنَّا أَرْسَلْنَاكَ شَهِدًا وَمُبَشِّرًا وَنَذِيرًا ۝٤٥ وَدَاعِيًا إِلَى اللَّهِ بِإِذْنِهِ وَسِرَاجًا مُنِيرًا ۝٤٦﴾

«Әй Пайғамбар! Расында, сені бір куә, қуантушы әрі ескертуші, Аллаһқа Оның нұсқауымен шақырушы әрі бір нұрлы шырақ етіп жібердік» («әл-Әхзаб» сүресі, 45–46-аяттар).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

﴿مَا كَانَ مُحَمَّدٌ أَبَا أَحَدٍ مِّن رِّجَالِكُمْ وَلَكِن رَّسُولَ اللَّهِ وَخَاتَمَ النَّبِيِّينَ ۚ وَكَانَ اللَّهُ بِكُلِّ شَيْءٍ عَلِيمًا ۝٤٠﴾

«Мухаммад сендерден ешбір еркектің әкесі емес. Бірақ Аллаһтың Елшісі және пайғамбарлардың соңы. Аллаһ әр нәрсені толық Білуші» («әл-Әхзаб» сүресі, 40-аят).

Барлық үмметтер өздеріне жіберілген елшілеріне ілесуге міндетті еді. Әрбір үмметке өз елшілеріне еріп, оның алып келген тура жолына бойсұну парыз болатын. Аллаһ Өзінің елшілеріне мойынсұнғандарға бұл дүниеде де, Ақыретте де бақытты уәде етті. Алайда адамдардың көпшілігі өз елшілеріне мойынсұнбады және олардың алып келген елшіліктеріне қарсы шықты. Бұл жайлы Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَا أَكْثَرُ النَّاسِ وَلَوْ حَرَصْتَ بِمُؤْمِنِينَ ۝١٠٣﴾

«Адамдардың көбі, сен бұған қанша ынталы болсаң да, иман келтірмейді» («Юсуф» сүресі, 103-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген:

﴿وَإِن تُطِيعَ أَكْثَرُ مَنْ فِي الْأَرْضِ يُضِلُّوكَ عَنْ سَبِيلِ اللَّهِ إِن يَتَّبِعُونَ إِلَّا الظَّنَّ وَإِنَّ هُمْ إِلَّا يَخْرُصُونَ ۝١١٦﴾

«Егер сен жер жүзіндегі адамдардың көбіне бағынсаң, олар сені Аллаһтың жолынан адастырады. Олар өз ойларына ғана ілеседі де, мүлде жорамалдайды» («әл-Әнғам» сүресі, 116-аят).

Аллаһ Тағала басқа аятта былай деген:

﴿وَقَلِيلٌ مِّنْ عِبَادِيَ الشَّاكِرُونَ﴾

«Құлдарымнан шүкір етушілері аз» («әс-Сәба» сүресі, 13-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَلَقَدْ صَدَقَ عَلَيْهِمْ إِبْلِيسُ ظَنَّهُ فَاتَّبَعُوهُ إِلَّا فَرِيقًا مِّنَ الْمُؤْمِنِينَ﴾

«Расында, Ібілістің оларға қатысты ойы шынға шығып, бір-ақ топ мұминдерден басқалары соған ілесті» («әс-Сәба» сүресі, 20-аят).

Әрбір елші өз үмметін Аллаһ Тағалаға ғана құлшылық етуге, Оған мойынсұнуға, Аллаһқа серік қосудан (ширктен) және Аллаһқа мойынсұнбаудан бас тартуға шақырған. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَلَقَدْ بَعَثْنَا فِي كُلِّ أُمَّةٍ رَسُولًا أَنِ اعْبُدُوا اللَّهَ وَاجْتَنِبُوا الطُّغُوتَ﴾

«Расында әр үмметке: “Аллаһқа ғана құлшылық қылыңдар әрі тағуттан аулақ болыңдар”, - дейтін елші жібердік» («ән-Нәхл» сүресі, 36-аят)

«Аллаһқа ғана құлшылық қылыңдар» деген — Оған мойынсұныңдар, Оны құлшылықта жалғыздаңдар, Оның дінін бекем ұстаныңдар әрі тағуттардан аулақ болыңдар.

Тағут — бұл Аллаһтан өзгеге құлшылық жасалғанына разы болатын кез келген нәрсе. Сондай-ақ тағут — Аллаһтың түсірген шариғатымен үкім етпеуші немесе соған шақырушы. «Тағут» сөзі «туғиян» деген түбірден шыққан, әрі ол «шектен шығу» деген мағынаны білдіреді. Тағут — бұл пенде сол арқылы шариғат белгілеген шектерді бұзып шығатын кез келген нәрсе. Аллаһтың шектерін бұзу Аллаһқа серік қосу арқылы, күпірлік жасау немесе осыған шақыру арқылы жүзеге асуы мүмкін.

Тағуттардың ішіндегі ең жаманы және ең бастысы — Ібіліс (Аллаһ оны лағнеттесін). Сондай-ақ тағут — адамдарды өзіне құлшылық жасауға шақыратын кез келген адам. Аллаһпен бірге өзіне құлшылық етілуіне разы болатын әрбір адам да тағут болып есептеледі, мысалы, Перғауын мен Нәмруд. Сондай-ақ ғайыпты білемін деп айтатын әрбір адам, мысалы, балгер, көріпкел немесе сиқыршы да тағут болып саналады. Аллаһ түсірген шариғатпен үкім шығармайтынын біліп, соған қасақана баратын әрбір адам да тағут болып табылады. Шариғат шектерінен асып, Аллаһқа бойсұнудан шыққан әрбір адам тағут деп аталады.

Аллаһ Тағала былай деді:

﴿لَا إِكْرَاهَ فِي الدِّينِ قَدْ تَبَيَّنَ الرُّشْدُ مِنَ الْغَيِّ﴾

«Дінде зорлық жоқ. Шын мәнінде тура жол адасудан ажыратылды» («әл-Бақара» сүресі, 256-аят).

Тура жол (рушд) — бұл Ислам және Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) алып келген нәрсе. Ал адасу (ғойй) — бұл Аллаһқа күпірлік жасау және тура жолдан таю.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَمَنْ يَكْفُرْ بِاللِّطْغُوتِ وَيُؤْمِنْ بِاللَّهِ فَقَدْ اسْتَمْسَكَ بِالْعُرْوَةِ الْوُثْقَىٰ لَا انْفِصَامَ لَهَا وَاللَّهُ سَمِيعٌ

﴿عَلِيمٌ ۝۲۵۶﴾

«Енді кім Тағутқа күпірлік етіп (оған мойсұнбай), Аллаһқа иман келтірсе, сол ешқашан үзілмейтін берік тұтқаны ұстады. Аллаһ — барлық нәрсені Естуші, Білуші» («әл-Бақара» сүресі, 256-аят).

«...Тағутқа күпірлік етіп...» — яғни оны жалған деп тану әрі ширктен (Аллаһқа серік қосудан) бас тарту.

«...және Аллаһқа иман келтірсе...» — яғни Аллаһты жалғыз, шынайы Құдай деп тану, Оның шариғатына және Мухаммадқа (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) иман келтіріп, оған мойынсұну. Міне, осындай адам — шынайы мұмин.

Содан соң Аллаһ Тағала: «...ол берік тұтқаны ұстады ...», - деді. Ал бұл — «Лә иләһә иллә Аллаһ» куәлігі, яғни таухид сөздері. Ол — үзілмейтін, берік тұтқа. Кім осы тұтқадан шынайы түрде ұстап, тура жолда берік тұрса, сол Жәннатқа бет алады.

Әрі бұл куәліктің орындалуы міндетті болған қақылары бар — олар: Аллаһты жалғыздау, Оған толық бағыну және Оның шариғатына ілесу.

Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) — пайғамбарлар мен елшілердің соңғысы болды. Ол — Аллаһтың жер бетінің барлық тұрғындарына, яғни жандар мен адамдарға жіберілген елшісі. Барлық ақыл-есі бар, шариғи міндеттемелер жүктелетін адамға оған мойынсұнып, оның шариғатына ілесу міндетті. Ешкім оның шариғатының шеңберінен шығуға құқылы емес. Өйткені одан бұрынғы барлық пайғамбарлардың шариғаттарының күші Мухаммадтың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) шариғаты келгеннен кейін жойылды. Бұл жөнінде Аллаһ Тағала былай деген:

﴿قُلْ يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنِّي رَسُولُ اللَّهِ إِلَيْكُمْ جَمِيعًا﴾

«(Уа Мухаммад): «Әй адам баласы! Мен тұтас барлығына Аллаһтың Елшісімін», - деп айт» («әл-Әғраф» сүресі, 158-аят).

Оған дейін Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَالَّذِينَ ءَامَنُوا بِهِ وَعَزَّرُوهُ وَنَصَرُوهُ وَاتَّبَعُوا النُّورَ الَّذِي أُنْزِلَ مَعَهُ ۙ أُولَٰئِكَ هُمُ الْمُفْلِحُونَ

﴿۝۱۵۷﴾

«Енді соған (Мухаммадқа) иман келтіргендер, оны құрмет тұтып әрі оған көмек көрсеткендер, сондай-ақ оған түсірілген нұрға (Құранға) ілескендер, міне солар құтылушылар» («әл-Әғраф» сүресі, 157-аят).

Аллаһ Тағала тағы да былай деген:

«Әрқандай топтардан кім оған қарсы келсе, онда оның уәделі орны От болады» («Һуд» сүресі, 17-аят).

Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сахих хадисте былай деген: *«Жаным оның қолында болған Аллаһпен ант етемін! Егер бұл үмметтен әлдебір яһуди немесе христиан мен туралы естіп, менің алып келгеніме иман келтірместен өлсе, сол міндетті түрде Тозақ тұрғындарынан болады!»*³⁸.

Әрі бұған қатысты аяттар мен хадистер өте көп. Сондықтан білім иелері (Аллаһ оларды рахымына бөлесін) Мухаммадтың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) шариятынан тыс шығуға ешкімнің құқығы жоқ екендігіне және кім бұған қарсы шықса, ол — үлкен күпірлік жасап, діннен шыққан кәпір болатындығы жайлы бірауыздан келіскен. Аллаһ Тағаладан олар үшін амандық пен есендік тілейміз!

Хадисте былай деп айтылған: *«Бұл істің (діннің) басы (негізі) — Ислам, оның тірегі — намаз, ал шыңы — Аллаһ жолындағы жиһад»*.

Әрбір есі түзу, шарият талаптары жүктелетін адам таухидті (бірқұдайшылықты) ұстануы, яғни жалғыз Аллаһқа құлшылық етіп, Одан басқаларға құлшылық етуден бас тартуы, сондай-ақ тағутқа күпірлік танытып, оған құлшылық етуді жоққа шығаруы, Аллаһтың шариятына бойұсынуы және Оның әмірлері мен тыйымдарын ұлықтауы міндетті.

«Бұл істің басы...» — яғни, діннің негізі — Ислам. Бұл «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ және Мухаммад — Аллаһтың Елшісі» деген куәлік. Осы куәлікке шын жүрекпен сенген адам — Исламға кірген болады.

«...оның тірегі — намаз...» — бұл — Исламның екінші тірегі. Намаз — екі куәліктен кейінгі исламның ең ұлы тірегі. Кейін зекет, ораза, қажылық, әрі қарай Аллаһтың өзге де әмірлері келеді.

«...ал шыңы — Аллаһ жолындағы жиһад...» — өйткені жиһад арқылы дін қорғалады, адамдар Исламға шақырылады әрі ақиқатты ұстануға міндеттеледі. Бұл — Исламның шыңы, өйткені ол дінді сақтайды және адамдарды ақиқатқа шақырады.

Ал Аллаһ бұл жайлы жақсырақ біледі!

³⁸ Хадисті имам Муслим Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен келтірген, 153.

Мазмұны

1. Кіріспе.....	2
2. Әрбір адамға міндетті төрт нәрсе.....	4
3. Әрбір мұсылман біліп, амал етуге міндетті болған үш мәселе.....	9
4. Әл-Ханифия дегеннің мағынасы.....	17
5. Қабірдегі қойылатын сұрақтарға шағын баяндама.....	20
6. Ғибадаттың мағынасы мен кейбір түрлері әрі шапағат туралы.....	29
7. Ғибадаттың кейбір түрлері туралы.....	34
8. Екінші негіз: Исламның түсіндірмесі.....	41
9. Екінші негіз: Иман мен ихсанның түсіндірмесі.....	48
10. Үшінші негіз: Пайғамбарды (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) тану.....	51
11. Хижра.....	56
12. Аллаһ Тағала Елшілерді не нәрсемен жібергенін баяндау.....	60